

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

В.И.Илькун, Г.А.Ульева

**МАТЕРИАЛТАНУ
ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП БҰЙЫМДАРЫ
БӨЛШЕКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ
МАТЕРИАЛДАР**

2 бөлім

Алматы, 2017

УДК 620(075.8)
ББК 30.3я73
И 45

*Рекомендовано к изданию в качестве учебного пособия
Ученым советом «Карагандинского государственного
индустриального университета»*

Рецензенттер:

- Канаев А.Т.** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің «Стандарттау және сертификациялау» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор (Астана қ.)
- Ким В.А.** – Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургиялық институты) СМК «Шойын металлургиясы және отын» зертханасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор (Қарағанды қ.)

Илькун В.И., Ульева Г.А.

- И** **Материалтану және өнеркәсіп бұйымдары бөлшектеріне арналған конструкциялық материалдар:** 2 бөлімді анықтамалық-әдістемелік құрал. 2-бөлім – Машина бөлшектеріне арналған дайындаманың физика механикалық сипаттамалары және жасау технологиясы / В.И.Илькун, Г.А.Ульева – Алматы: «Бастау», 2017. – 440 бет.

ISBN 978-601-281-222-0

Анықтамада машина бөлшектеріне арналған конструкциялық материалдардың негізгі қасиеттері және сипаттамалары, конструкциялық материалдардың құрылымы, жартылай дайын өнімдер және шойынды дайындамалар, құйма болаттарға сипаттамалар берілген, қысыммен өңдеумен алынған машина бөлшектеріне арналған дайындамалар және жартылай дайын өнімдердің сипаттамалары, түсті металдар және олардың негізіндегі қорпалардың сипаттамалары, түсті металды қортпалы құймалар, композициялық және металды емес материалдардың сипаттамалары қарастырылған. Өртүрлі пайдалану және температуралық тәртіпте жұмыс жасайтын машина бөлшектерін құрастыруға арналған негізгі шарттар ұсынылған.

Кітап жобалау-конструкциялық ұйымдар және кәсіпорындардың инженер-конструкторлары, инженер-механиктер және инженер-технолог мамандарға арналған. **Бұл басылым жоғарғы оқу орындары және колледждердің механикалық, машинажасау мамандықтарында оқитын студенттер, магистранттарға негізгі материал ретінде пайдалануға ұсынылады.**

УДК 620(075.8)
ББК 30.3я73

ISBN 978-601-281-221-3 (общ.)
ISBN 978-601-281-222-0 (I часть)

© Илькун В.И., Ульева Г.А., 2017
© «Бастау», 2017

Мазмұны

Кіріспе	8
1 Бөлім. Машина бөлшектеріне арналған конструкциялық материал ретіндегі болат	11
1.1. Металды және металды емес қоспаларды бағалау және болаттың сапалы сипаттамасына олардың әсер етуі	11
1.1.1. Болат қасиетіне және құрылымына көміртектің әсері ..	11
1.1.2. Болат қасиетіне тұрақты қоспалардың әсері	11
1.1.3. Машина бөлшектеріне арналған болаттарға қатысты талаптар	14
1.2. Конструкциялық болаттардың жіктелімі	17
1.2.1. Кіріспе түсініктер	17
1.2.2. Көміртекті конструкциялық болаттар	18
1.2.3. Легірілген конструкциялық болаттар	22
1.2.4. Төмен легірілген құрылысты болаттар	23
1.2.5. Арматуралық болаттар	26
1.2.6. Салқындай штамптауға арналған болаттар	27
1.2.7. Цементтелетін болаттар	28
1.2.8. Жақсартылатын болаттар	32
1.2.9. Кесумен жоғары өңделетін болаттар	39
1.2.10. Жоғары берікті мартенситті ескіретін болаттар	42
1.2.11. Жоғары берікті созылымдылығы жоғары болаттар	43
1.2.12. Серіппелі-рессорлы болаттар	44
1.2.13. Шарикті подшипниті болаттар	47
1.2.14. Тозуға төзімді болаттар	49
1.2.15. Тоттануға және ыстыққа төзімді болаттар және қорtpалар	50
1.2.16. Криогенді болаттар	63
1.2.17. Ыстыққа берікті болаттар	64
1.3. Инструменталды болаттар және қатты қорtpалар	74
1.3.1. Кесу инструменттеріне арналған болаттар	75
1.3.2. Жылдам кесу болаттары	77
1.3.3. Өлшеу инструменттеріне арналған болаттар	83
1.3.4. Штампы болаттар	84
1.3.5. Инструменталды қатты қорtpалар	95
1.3.6. Қаттылығы жоғары материалдар	105
1.4. Ерекше физикалық қасиетті болаттар және қорtpалар	106
1.4.1. Қысқаша жіктеу	106

1.4.2. Магнитті болаттар және қортпалар	107
1.4.3. Металды шынылар (сынғышты қортпалар).....	111
1.4.4. Қыздыру элементтеріне арналған электрлі кедергілігі жоғары болаттар және қортпалар.....	114
1.4.5. Сызықты кеңейу және иілімді қасиетті берілген температуралық коэффициентті қортпалар	121
1.4.6. «Қалыпты жады» әсерлі қортпалар	130
1.5. Конструкциялы ұнтақты материалдар және бұйымдария	131
1.5.1. Жалпы сипаттамасы	131
1.5.2. Кеуекті материалдар.....	132
1.5.3. Конструкциялық материалдар	134
1.5.4. Электртехникалық материалдар.....	136

2 Бөлім. Қысыммен өңдеумен алынатын машина бөлшектеріне арналған қара металды дайындамалар

және жартылай дайын өнімдер	138
2.1. Болатты дайындамалар жіктемесі	138
2.2. Бастапқы материалдар және оларды соғу, штамптауға дайындау	142
2.3. Шыңдалғы жіктемесі	161
2.4. Соғу және штамптау әдістері.....	164
2.5. Салқындай көлемді штаптау процестерінің сипаттамасы және жіктемесі	172
2.5.1. Жалпы жүйелеу.....	172
2.5.2. Салқындай штамптау тәсілдері.....	185
2.6. Табақты штамптау	190
2.6.1. Жалпы түсініктер	190
2.6.2. Табақты штамптау технологиясы	190
2.6.3. Созуа.....	193
2.6.4. Табақты штамптау кезіндегі престоусіз операциялар ..	196
2.7. Ыстықтай көлемді штамптау.....	197
2.7.1. Жалпы сипаттама.....	197
2.7.2. Ыстықтай көлемді деформациялау тәсілдері.....	197
2.7.3. Көлемді штамптау.....	199
2.7.4. Сұйық металды штамптау.....	201
2.8. Еркін соғу	201
2.8.1. Жалпы сипаттама.....	201
2.8.2. Еркін соғудың негізгі опреациялары.....	203
2.9. Металды илектеу (таптау).....	206
2.9.1. Жалпы анықтамалар.....	206

2.9.2. Илектеу (таптау) технологиясы	208
2.9.3. Илектеу (таптау) стандарты	210
2.9.4. Біліктерді калиберлеу	215
2.9.5. Таптаманы қолдану және бұйымдар түржиыны	216
2.9.6. Илектеу (таптау) өндірісіндегі технологиялық опреациялар.....	218
2.9.7. Тігіссіз құбырларды илектеу (таптау) және арнайы профилдер	221
2.10. Созу	222
2.11. Престеу.....	224
2.12. Пластикалық деформациялау алдында металды қыздыру	227
3 Бөлім. Шойынды құймалар	232
3.1. Шойын маркасы және оның негізгі механикалық қасиеттері	232
3.2. Сұр шойынды маркалар жіктемесі.....	234
3.3. Сұр шойынды құймалар сипаттамасы және қолданыс аумағы	238
3.4. Сұр шойынды құйманың қасиетіне химиялық құрамның әсері	249
3.5. Жоғары берікті шойынды құйманың сипаттамасы және қолданыс аумағы	250
3.6. Жоғары берікті шойынды құйманың қасиетіне химиялық құрамның әсері	266
3.7. Соғылған шойынды құймалар сипаттамасы және қолданыс аумағы	269
3.8. Соғылған шойынды құймалар қасиетіне химиялық құрамның әсері	277
3.9. Шойынның тозу төзімділікті сипаттамасы	279
3.10. Ванадийлі және Шарпи қағидасын қанағаттандыратын легіріленген кейбір басқа шойындар.....	286
3.11. Ыстыққа төзімді шойындар	291
3.12. Тоттануға төзімді шойындар.....	309
3.13. Магнитті емес шойындар.....	315
3.14. Қарсы фракциялық шойындар	316
3.15. Конструкциялық алюминді шойындар сипаттамасы және оның химиялық құрамының құйма қасиеттеріне әсері	317
3.16. Шойынды құймаларды алудың технологиялық ерекшеліктері.....	319

4 Бөлім. Түсті металдар және олардың негізіндегі қортпалар ..	322
4.1. Кіріспе түсініктер.....	322
4.2. Алюминий және оның негізіндегі қортпалар	322
4.2.1. Алюминидің физика-химиялық қасиеттері	322
4.2.2. Алюминий қортпаларының жіктемесі және таңбалануы.....	323
4.2.3. Термиялық өңдеумен беріктендірілмейтін деформацияланатын алюминий қортпалар	326
4.2.4. Термиялық өңдеумен беріктендірілетін, деформацияланатын алюминийлі қортпалар.....	327
4.2.5. Алюминді қортпаларды термиялық өңдеу	330
4.3. Магний және оның негізіндегі қортпалар	332
4.3.1. Магнийдің физика-химиялық қасиеттері.....	332
4.3.2. Магний негізіндегі қортпалардың сипаттамалары	333
4.3.3. Деформацияланатын магний қортпалары	334
4.4. Титан және оның негізіндегі қортпалар	335
4.4.1. Титанның физика-химиялық қасиеттері	335
4.4.2. Титан негізіндегі қортпалардың сипаттамалары	335
4.4.3. Деформацияланатын титанды қортпалар.....	337
4.5. Мыс және оның негізіндегі қортпалар.....	338
4.5.1. Мыстың физика-химиялық қасиеттері	338
4.5.2. Мыс негізіндегі қортпаларды таңбалау.....	340
4.5.3. Латуні	341
4.5.4. Латуні қасиетіне қоспалардың әсері	343
4.5.5. Латунды термиялық өңдеу.....	344
4.5.6. Латунийді дәнекерлеу және пісіру	346
4.5.7. Қолалар	347
4.5.8. Қоланы термиялық өңдеу.....	354
4.5.9. Мысты-никельді қортпалар.....	354
4.6. Никель және оның негізіндегі қортпалар.....	356
4.6.1. Никельдің физика-химиялық қасиеттері.....	356
4.6.2. Никель негізді қортпалар	356
4.7. Сырғанау подшипниктеріне арналған подшипникті қортпалар	357
4.7.1. Жалпы мәдіметтер	357
4.7.2. Қалайлы және қорғасынды баббиттер.....	359
4.7.3. Мырышты қарсы фрикциялы қортпалар.....	360
4.7.4. Алюминді қарсы фрикциялы (подшипникті) қортпалар	361

5 Бөлім. Композициялық және металды емес конструкциялық материалдар	362
5.1. Металды матрицалы композициялық материалдар.....	362
5.1.1. Жалпы мәліметтер.....	362
5.1.2. Талшықты композициялық материалдар.....	364
5.1.3. Дисперсті-беріктендірілген композициялық материалдар.....	365
5.2. Металды емес материалдар.....	366
5.2.1. Металды емес материалдар жайлы жалпы мәліметтер.....	366
5.2.2. Полимерлер жіктемесі.....	367
5.2.3. Полимерлер қасиеті.....	371
5.3. Пластикалық массалар.....	374
5.3.1. Жалпы мәліметтер.....	374
5.3.2. Пластмасса жіктемесі.....	376
5.3.3. Термопластичные пластмассы.....	377
5.3.4. Терморективті пластмассалар.....	388
5.3.5. Газды толықтырылатын пластиктер.....	392
5.3.6. Конструкциялық материал ретінде пластмасса ерекшеліктері.....	395
5.4. Металды емес матрицалы композициялық материалдар.....	397
5.4.1. Жалпы жіктемесі.....	397
5.4.2. Карботалшықты жіптер (көмірлі пластиктер).....	399
5.4.3. Бороталшықты жіптер.....	403
5.4.4. Органикалық талшықты жіпті.....	404
5.5. Синтетикалық эластомерлер.....	405
5.5.1. Жалпы мәліметтер.....	405
5.5.2. Жалпы қолданысты резиналар.....	406
5.5.3. Арнайы қолданысты резиналар.....	407
5.6. Желімді материалдар және герметиктер.....	410
5.6.1. Жалпы мәліметтер.....	410
5.6.2. Желімдер жіктемесі.....	413
5.7. Герметиктер.....	418
5.8. Органикалық емес шынылар.....	420
5.8.1. Жалпы мәліметтер.....	420
5.8.2. Шынының жалпы сипаттамасы.....	422
5.8.3. Техникалық шыныны пайдалану.....	423
5.8.4. Шынының әртүрлі түрлері.....	424
5.9. Керамикалық материалдар.....	426
5.9.1. Жалпы мәліметтер.....	426

5.9.2. Таза тотықтар негізіндегі керамикалар	427
5.9.3. Оттексіз керамика	428
5.10. Ағашты материалдар	432
5.11. Лакты бояулар және қосымша материалдар	433
5.11.1. Лакты бояу материалдары	433
5.11.2. Қосымша материалдар	434
Қолданылған әдебиеттер тізімі	436

Кіріспе

Барлық металдар және қорtpпалар екі топқа бөлінеді. Темір және оның негізіндегі қорtpпалар (болат шойын) қара түсті металдар, ал қалған металдар (Be, Mg, Al, Ti, Cr, V, Mn, Co, Ni, Cu, Zn, Zr, Nb, Mo, Ag, Sn, W, Au, Hg, Pb және т.б.) және олардың қорtpпалары – түсті деп аталады.

Қара түсті металдар кеңінен қолданылады. Темір негізінен болаттың (материалдардың) 90% кем емес мөлшері жасалады. Түсті металдармен салыстырғанда темір және оның қорtpпаларының бағасы қымбат емес.

Қатты және жартылай сұйық күйдегі металдардың жылу- және электрөткізгіштігі жоғары, электркедергілігінің температуралық коэффициенті төмен. Металдардың көптеген бөлігінің өткізгіштігі жоғары. Сонымен бірге барлық металдар жақсы деформацияланады.

Нақты бөлшектер үшін конструкционды материалды, материал маркасына дұрыс таңдауға тәуелді салмақ, беріктілік, жобаланатын бөлшектер сенімділігі, осы бөлшектер қайда орналасуына қатысты жинамалы бірлік таңдап алынады. Конструкционды материалдарды дұрыс таңдау үшін оның қасиетін, механикалық сипаттамасын, жұмысшы температура диапазонын жетік білу керек, сонда таңдап алынған конструкциялық материалды бөлшек дұрыс жұмыс жасайды. Осы тәртіпке сәйкесті жұмыс жасау жағдайына тәуелді температуралық тәртіп және конструкциялық материал анықталады.

Кітапта машина бөлшектеріне арналған конструкциялық материалдардың негізгі сипаттамалары, конструкциялық материалдардың құрылымы, болат құймасы, шойынды дайындамалар және жартылай дайын өнімдердің сипаттамалары, қысыммен өңдеумен жасалған машина бөлшектеріне арналған дайындамалар және жартылай дайын өнімдер сипаттамалары, түсті металдар және олардың қорtpпаларының сипаттамалары, түсті металды құймалар, композициялық және металды емес материалдардың сипаттамалары ұсынылған.

Техникалық прогресс көптеген жаңа машинажасау материалдарының пайда болуына әсер етті. Қазіргі уақытта сериялы өндірілетін (автомобильдер, тракторлар, танктер және т.б.), сонымен бірге ерекше бірегей жасалатын бұйымды (зымыран, серіктестікті жүйелер, жабдықтар), ұзақ уақыт салмақсыздық, төмен температура және т.б. жағдайда жұмыс жасайтын көптеген мөлшердегі конструкциялық мате-

риалдар және әртүрлі қолданысты және пішінді бөлшектердің түрінің көптігіне қатысты, мысалы, осы бөлшек атқаратын қызметке қатысты бөлшек атауы және таңдап алынған материал жайлы максимум мәлімет беретін шартты белгілердің құрлымдық ақпараттылығының арттуына байланысты жүйелеу қажетілігі туындайды. Осы бағыттағы бірінші эзірлемелер осы басылымның авторларының бірімен көптеген жыл бұрын жасалды [1, 2].

Сондықтан осы оқулықта машина бөлшектеріне арналған конструкциялық материалдарды таңдаудағы техника-экономикалық және әдістемелік негіздемелер, илекті профилдер, шыңдалғы, қара және түсті металды құймалы дайындамалар, композициялық және металды емес материалдардың құрылымы және шартты белгілеріне арналған мысалар қарастырылған.

Осы оқу құралының мақсаты – конструкциялық материалдарды және сәйкесті технологияларды таңдауға арналған әдістемелерді, әртүрлі қолданысты бұйымдар жобалау және пайдаланудағы нақты жағдайды ескерумен бір уақытта аралас ғылымдар қатарының жалпы ережеелерімен бірге материалтану білімін бірге пайдаланумен оңтайлы есептерді шешуге қатысты шығармашылық тәсілдерді қолдануды игеруге көмек көрсету.

Авторлар осы кітап бірінші кезекте техникалық жоғарғы оқу орындары және колледждердің магистранттары және студенттеріне қолданысы және күрделі, көлемі бойынша әртүрлі есепті-графикалық жұмыстарды орындау, сонымен қатар жалпытехникалық және арнайы профилді оқу пәндерін игеру кезінде нақты көмек көрсететіне сенеді.

1 БӨЛІМ. МАШИНА БӨЛШЕКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БОЛАТ

1.1. Металды және металды емес қоспаларды анықтау және болаттың сапалық сипаттамасына олардың әсері

1.1.1. Болаттың қасиеті және құрлымына көміртектің әсері

Өндірісті көміртекті болат – химиялық құрамы бойынша күрделі қоспа. Негізі темірден басқа (оның құрамы 97,0÷99,5% шегінде ауытқиды) оның құрамында өндірістік технологиялық (Mn, Si) ерекшеліктерге қатысты көптеген элементтер бар не оларды толығымен одан (S, P, O, N, H), сонымен бірге кездейсоқ жағдайға қатысты (Cr, Ni, Cu және т.б.) бөліп алу мүмкін емес. Бірақта негізгі элемент, ал нақты – көміртек қарапайым көміртекті болатқа арнайы қосылады.

Теміркөміртекті қортыпалар < 2,14% құрамды көміртек кезінде **болат** деп аталады.

Көміртектің құрамының көбейюіне қатысты болат құрылымы өзгереді. C < 0,8% кезінде болат құрамында феррит + перлит; C = 0,8% кезінде – перлит; C > 0,8% кезінде – перлит + туынды цементит болады. Болат құрамындағы көміртек құрамының көбейюі беріктіктің жоғарлауына және созылғыштықтың төмендеуіне (1.1 сурет) әкеп соғады. Көміртек құрамының көбейюі сұйықты сынғыштық шегін жоғарлатады және тұтқырлықты аймақта соққы тұтқырлығын азайтады (бұл денеіміз, температура кезінде сұйықтық сынғыштық шегінен жоғары) (1.2 сурет) [1].

1.1.2. Болат қасиетіне тұрақты қоспалардың әсері



Mn, Si, P, S, сонымен қатар газдар (H, N, O) тұрақты қоспалар. Әдетте осы элементтердің құрамы келесі жоғарғы шекпен шектеледі (%): 0,8Mn; 0,5Si; 0,05P; 0,05S.

Марганец болатқа оттексіздендіру, бұл дегеніміз зиянды қоспаларды, темірдің шала тотығын жою үшін қосылады:




Марганец сонымен бірге зиянды күкіртті темір қосылысын жояды, феррит және цементитте ериді, ыстықтай илектелген өнімдердегі беріктікті жоғарлатады.

Кремнийдің бастапқы қосымы марагнецке ұқсас әсер етеді. Кремний болатты оттекіздендіреді реакция бойынша:



1.1 сурет. Болаттың механикалық қасиетіне көміртектің әсері




1.2 сурет. Темірдің сұйық сынғыштығына көміртектің әсері

Кремний ферритте толығымен, тек ғана кремнийдің тотығы түрінде шлаққа қалқып шығуға үлгермеген бөлігінен басқа бөлікте ериді және металда силикатты қоспа түрінде қалады.

α-Fe **форсфордың** еруі 1,2% құрайды. Фосфор ферритте ерігенде сынғыштық күйге өтудегі температураны күрт жоғарлатады не басқаша – болатта сұйық сынғыштығы орындалады. Бірақта жеке жағдайда фосфордың болуы шартты, сонымен мысалы, ол кескіш инструментпен болатты өндеуді жеңілдетеді, ал мыс болған кезде тотануға қарсы кедергілікті жоғарлатады.

Фосфор сияқты **күкірт** металға кеннен, сонымен қатар пешті газдардан – жанған отын өнімі O₂ беріледі. Жоғары сапалы болатта күкірт 0,02÷0,03% артық болмау керек. Сұйық металды синтетикалық

шлактармен өңдеумен күкірт құрамын 0,003% дейін азайтуға болады. Күкірт темірде ерімейді және оның кез келген мөлшері көміртекпен – темір сульфид (FeS) қосындысын құрайды, ол 988°C кезінде түзілетін эвтектика құрамында болады, жеңіл бақитын және сынғышты эвтектика, түйіршіктер шекарасы бойынша орналасқан, 800°C және жоғары кезде болат сынғышты болады, бұл қызылды қыздыратын температура ауданы. Бұл құбылыс **қызылбекемдік** деп аталады. Осы құбылысқа байланысты жоғарғы құрамды күкіртті болат ыстықтай қысыммен өңделмейді. Болат құрамында марганецтің болуы күкірттің зиянды әсерін азайтады, сонымен бірге оны сұйық болатқа қосқан кезде реакция марганец сульфидінің түзілуімен орындалады:



Марганец сульфиді 1620°C кезінде, сонымен ол ыстықтай өңдеу температурасына қарағанда өте жоғары температура кезінде балқиды. Ыстықтай өңдеу температурасы кезінде ($800\div 1200^\circ\text{C}$) марганц сульфиді созылғышты және сыртқы күш әсері кезінде сопақшалы линза түрінде созылады.

Сульфидтер созылғышты және сынғышты тотықтармен салыстырғанда ыстықтай өңдеу кезінде деформацияланады, механикалық күштің әсерінен үгіледі және тізбек (FeO , SiO_2 , Al_2O_3 және т.б.) түрінде орналасады. Жауапты бөлшектер үшін осыған ұқсас қоспалар болмау керек, өйткені олар кернеудің шоғырланған орны ретінде қолдануына қатысты динамикалық және қажу беріктігін төмендетеді. Фосфор күкірт сияқтыкесумен өңдеуді жеңілдетеді. Жалпы жағдайда күкірт болат құрамындағы зиянды қоспа деп саналады.

Газдар. Болат құрамында оны өндіру тәсіліне тәуелді шамалы мөлшердегі сутегі, азот, оттегі болады. Олар α -қатты ертіндіде, әртүрлі қосындыны – **металды емес қоспаны** (нитридтерді, тотықтарды) түзейді. Үлкен мөлшердегі сутегі сутекті қуысты түзейді. Тотықтар және нитридтер металл қасиетін төмендетеді.

Металды емес қоспалар, тотықтар, сульфидтер деформациялану процесінде үзілген жол (тотықтар), не сопақшалы линза (нитридтер) илектеу бағытының бойына бағытталған. Бұл қоспалар ферриттің кристаллизациялану ортасы ретінде қолданылады, нәтижесінде жолақты ферритті-перлитті құрылым түзіледі, илектеудің бойымен және көленең кесілген үлгінің әртүрлі қасиеттеріне қатысты, бұл қасиеттер қатты анизотропиялықты түзейді [2].

1.1.3. Машина бөлшектеріне арналған болаттарға қатысты қойылатын талаптар

Барлық болаттар үш топқа бөлінеді:

- конструкциялық;
- аспапты;
- ерекше физикалық қасиетті болат және қортпалар.

Қандай да бір машина бөлшектерін жасауға арналған болатты таңдау, қажетті конструкциялық беріктік деңгейімен, механикалық, термиялық және химия-термиялық өңдеу, өндіріс көлемі, тапшылықпен, материалдың бағасы және беріктендіру өңдеуінің құнымен анықталады.

Пайдалану талаптары. Болат машинаның жұмыс жасау жағдайын қанағаттандыруы керек, бұл дегеніміз, берілген конструкциялық беріктікті қамтамасыз ету, басында есептеу деректерімен анықталады. Статистикалық беріктігі есептелген бөлшектер салыстырмалы өте аз. Бұл бөлшектерге үлкен бастапқы керумен, жоғары қысымды қазандықтар және кеме бөлшектері, компрессорлар және трубина дискісі баяу жүктелетін аз санды кейбір бөлшектер жатады. Машинаның көптеген бөлшектері уақыт ішінде ауыспалы, кернеу түзілетін жағдайда жұмыс жасайды. Қаттылық шамасы бойынша тұғыр, корпусы машина бөлшектері, білдектер, беріліс қорабының біліктері, білдектер шпинделдері және т.б. есептеледі.

Машина элементтері және конструкциясы төтенше жағдайда, төмен және жоғары температура кезінде, үлкен динамикалық, статистикалық және циклді артық жүктелу кезінде, машина бөлшектерінің бұзылуына әкеп соғатын қауіпті ортаның әсер ету жағдайында жұмыс жасайды. Созылмалы материалдардан жасалған бөлшектердің артық жүктемелеу кезінде созылмалы деформациялану (өстер және біліктердің иілуі, болтардың керілуі, бекіту бөлшектерінде орнату бетінің қосылуы және т.б.) не тұғырлықты бүліну болуы мүмкін, ол барлық бұзылу себептерінің 15÷20% құрайды. Жоғары температура кезінде ұзақ уақыт пайдалануда жылжымалылық есебінен жиі қажет емес деформациялану байқалады. Күрекше және трубин дискілерінің, булы құбыржолдарының материалдарының және басқа бөлшектердің жылжымалылығы олардың жұмыс жасау мерзімін шектейді.

Сынғышты жарықшалардың түзілуі төмен пайдалану температуралары кезінде, жарықша түріндегі бастапқы ақаулықтар, жоғары қалдықты кернеу, сонымен бірге тотану және циклді пайдалану

жүктемелері әсерінен статистикалық және динамикалық артық жүктемелердің түзілуінен болады. Кеме, көпір, крандар және құрылыс және жол машиналарының сынғышты бүлінуі әдетте кернеудің шоғырланған аймағында және кейбір атқарымнан кейін басталады. Бұл пайдалану ақаулықтары және бір уақытта мүмкіндікті факторлардың үйлесімділігінің жоғарлау факторының сынғышты бүлінуге қарсы кедергіліктің төмендеуіне әсер етуімен орындалады.

Конструкция жұмысының сенімділігі көптеген жағдайда жарықшаның таралуына материалдың кедергілігімен, бұл дегеніміз, оның бүліну тұтқырлығына қатысты анықталады. Жоғары статистикалық берікті сақтау кезінде сынғышты бүліну кедергілігін жоғарлату, түйіршікті ұсақтаумен, термиялы-механикалық өңдеумен, болатты зиянды қоспалардан тазартумен орындалады.

Сокқы тұтқырлығының, бүліну тұтқырлығының жоғарғы мәнін, сұйықтық сынғыштықтың төменгі шегін (төмен температура кезінде жоғары жылдамдықты жүктемемен жұмыс жасайтын және кернеу концентраттары кезінде) қажет ететін бұйымдар үшін ұсақ түйіршікті, никель және молибденмен легіріленген қалыпты болатты қолдану керек.

Тісті доңгелектердің, біліктер, теміржолды вагондар өстері, иінді біліктер, штоктар, көлікті және жүккөтергішті машиналар рамасы, дәнекерленген қосылыс және көптеген басқа бөлшектер және конструкциялар қажу кедергілігімен анықталады.

Шоғырланған кернеу біліктің бір қимасынан екіншіге өту кезінде галтелдер, тістегергіш тісінің табанында, бұранда түбіндегі жырақша, шпонды паза маңайында, бөлшектердегі тесік жанында, тілік түбінде және т.б. түзіледі. Шоғырланған кернеулерді азайту үшін бөлшектерге баяу кесіндеумен ішкі бұрыштарды домалату, жүксіздендіру жырақшаларын (тесіктер) қолдану керек, шоғырланған кернеу көздерін номиналды аз кернеулер аймағында не әртүрлі көздерге қатысты жергілікті кернеулерді максимум ығыстыру керек.

Бөлшек бетіндегі сығу кернеуі қажу жарықшасының түзілуіне қиындық тудырады, төзімділік және өміршеңдік шегінің жоғарлауына әкеп соғады. Төзімділік шегінің жоғарлауына және кернеу шоғырландырушыларының әсерін азайту үшін бөлшектің осы бөлігінде сығу кернеуін түзейтін бетті беріктендіруде индукциялық қыздыру кезінде шынықтыруды, химия-термиялық өңдеу, созылмалы бетті деформациялануды және басқа да технологиялық процестер кеңінен қолданылады.

Машина бөлшектерінің көптеген істен шығуының (80÷90% дейін) көбі, өлшемдердің дәлділінің жоғалуы, п.э.к. төмендеуімен және ауыспалы жүктеме амплитудасының жоғарлауы әртүрлі түрдегі тозу нәтижесінен қажу бүлінуін түзейді. Тозудың азайуы үйкеліс тораптарының дұрыс конструкциясымен (тіреудегі үйкеліс түрін таңдау, майлау жүйесі, ауаны және майлау жүйелерін тазалауға арналған қондырғыны жасау), тозуға бекемді материалдарды пайдаланумен, бетті шыңықтырумен, химия-термиялық өңдеумен, тозуға бекемді қортпаны ертіп дәнекерлеумен, бетке интридтер не карбидтер және т.б. жұқа қабатын жағумен орындалады. Мұндай бөлшектерге: тербеліс подшипниктері, доңгелектер тісі, теміржол доңгелегі және қажу тозуына (қажу түйісуі) икемді көптеген бөлшектер жатады.

Түйісу төзімділігінің жоғарлауы беттерді беріктендіру, материал беріктігінің шегінің жоғарлауымен, түйісу аймағындағы жүктеменің төмендеуімен, бетті тазалықты жақсартумен, сонымен бірге май тұтқырлығын жоғарлатумен орындалды.

Технологиялық талаптар. Болат бөлшекті жасау кезінде аз еңбексыйымдылықты талаптарды қанағаттандыруы керек. Оның ішінде, болат қысыммен және кесумен жақсы өңделуі керек, сондықтан келесі беріктендіру процестерін ескерумен, дайындаманы алын-ала термиялық өңдеу тәртібін дұрыс таңдауға қатысты ерекше мәнге ие болады.

Экономикалық талаптар. Материал, барлық шығындарды ескерумен, тек ғана болат бағасымен бірге ғана емес, сонымен бірге бөлшекті жасаумен және ең соңында, машинада жұмыс жасайтын бөлшектердің пайдалану бекемділігімен мүмкіндігінше арзан болуы керек. Бірінші кезекте ең қымбат емес көміртекті не төмен легіріленген болатты таңдау керек. Құрамында тапшы Ni, Mo, W және басқа элементтер бар қымбат легіріленген конструкциялы болаттар, тек ғана мына жағдайда, егер бұйымға қойылатын талаптар арзан болатты қанағаттандырмаған жағдайда ғана қолданылады. Легіріленген болаттар, егер қажетті сенімділік және ұзақмерзімділікті қамтамасыз етуді талап ету (сұйық сынғыштық шегі төмен жоғары, шынықтырылу, қажу кедергілігі, тозу бекемділігі және т.б.), ерекше қасиеттерді алу (готтану бекемділігі, ыстыққа беріктілік, магнитті қасиеттер және т.б.), технологиялық қасиеттерді жақсарту (кесумен өңдеу, штамптау және т.б.), сонымен бірге дайын өнімнің бірлігінде металл шығынын төмендету не машина қуатын жоғарлату қажет жағдайда қолданылады. Легіріленген болатты қолдану техникалық және экономикалық тұрғыдан тиімді және егер

ол бөлшектердің ұзақмерзімділігін жоғарлату есебінен экономикалық тиімділікті және қорлы бөлшектер шығынын төмендету есебінен металды илекті үнемдеуге мүмкіндік берген жағдайда ғана мүмкін болады.

Материалдарға қойылған осы талаптар жиі қарама-қайшы болады. Сонымен мысалы, берік материалдар технологиялығы кем, кесу, салқынды көлемді штамптау, дәнекерлеу және т.б. кезінде өңдеу қиын. Әдетте материалды таңдау кезіндегі шешім болатқа қатысты қойылатын аталған талаптар арасындағы келісушілік жағдайында қабылданады. Жалпы машинажасауда технологияларды жеңілдету және бөлшекті жасау процесінде еңбексыйымдылығын төмендетуге, кейбіреуі қасиетті жоғалтуға не бөлшек салмағын жоғарлатуға бағытталған. Машинажасау саласындағы беріктік (не меншікті беріктік мәселесі) негізгі рөл атқаратын арнайы салаларында материалды таңдау және келесі термиялық өңдеу технологиясы максималды пайдалану қасиетіне жету жағдайына қатысты қарастырыуы керек. Сонымен бірге машинаның өзінің ұзақмерзімділігіне қатысты қатынас бойынша бөлшектердің артық ұзақмерзімді қолдануына ұмтылуға болмайды [1].

1.2. Конструкциялық болаттар жіктемесі

1.2.1. Кіріспе түсініктер

Конструкциялық болаттар машина бөлшектерін (машинажасау болаттары), конструкция және ғимаратты (құрылысты болаттар) бөлшектерді жасау үшін қолданылады. Конструкциялық болат сұйық сынғыштық шегі төмен және сынғышты бұзылуға кедергілікті, жоғары созылмалғы үйлескен, машина бөлшектерін және конструкцияны есептеу кезіндегі негізгі сипаттамасы болып саналатын қатты, сенімді, ұзақмерзімді қолданысты, сонымен бірге аққыштық шегі жоғары, болу керек. Бірқатар жағдайда болаттың тотану не ыстықты беріктігі жоғары болу талап етіледі. Бұйымның ұзақмерзімді жұмыс жасауы қажу кедергілігі, төзу және тоттануға тәуелді болады. Осының барлығы болаттың конструкциялық беріктігін анықтайды. Конструкциялық болаттың сәйкесті технологиялық қасиеттері: қысыммен (илектеу, соғу, штамптау және т.б.) және кесумен жақсы өңделеді, ажарлау жарықшақтары түзілмейді, шындалуы жоғары және көміртексізденуге, шынықтыру кезінде жарықшаның түзілуі

және деформациялануға қабілеттілігі аз. Құрылысты конструкциялық болаттар дәнекерлеудің барлық түрі бойынша жақсы дәнекерленеді.

Бұл болаттардың артықшылығы олардың құрамын өзгерту және өңдеумен қажетті қасиеттер кешенін алу мүмкіндігі саналады.

Конструкциялық болаттар өз кезегінде: көміртекті; легірленген; құрылысты; арматуралы; салқындай штамптауға арналған болаттар; легірленген цементтелетін; жақсартатын; кесумен өңделуі жоғары болаттар; мартенситті-ескіретін жоғары берікті; жоғары созылмалы жоғары берікті; рессорлы-серіппелі; шарикті подшипникті; төзуға бекемді; тотану-бекемді және ыстыққа бекемді; криогенді; ыстыққа берікті болып бөлінеді.

1.2.2. Көміртекті конструкциялық болатта

Қорту тәсілі бойынша көміртекті болаттар жіктемесі. Көміртекті болаттар оттекті-конверторлы тәсілмен, ең сапалы көміртекті болаттар – доғалы электрлі пештерде қортылады. Соңғы уақытта Қазақстанда толассыз құю тәсілімен болаттарды өндіру басталды. Қорту кезінде болаттың оттекісіденуі дәрежесіне тәуелді:

- тынышты, пеште (шөміште) алюминий, кремний марганецпен толық оттекісідендірумен алынады;

- жартылай тынышты, аратылқты түрдегі болаттар; бұл болаттар тек ғана алюминий және марганецпен оттекісідендіріледі;

- қайнаған, тек ғана марганецпен оттекісідендірілген, олардың құрамындағы FeO мөлшері жоғары, олар көміртегімен реакцияға түседі, CO түзейді. Металдан осы көпіршіктер бөлінген кезде, болат қайтап жатқан сияқты көрініс болады. Осындай болаттарды таңбалау кезінде «сп», «пс», «кп» әріптерімен белгіленеді.

Сапасы бойынша көміртекті болаттар жіктемесі:

- қалыпты сапалы болат (380-88 МЖСТ) негізінен оттекті конвертерде қортылады. Бұл болаттар «Ст.» әріптерімен 0 ден 6 дейінгі нөмірмен (Ст.1, Ст.2) белгіленеді. Осындай болаттардан ыстықтай тапталған сортты илек (арқалық, швеллерлер, бұрыштар, шыбықтар, сонымен бірге салыстырмалы үлкен емес кернеумен жұмыс жасайтын табақтар, құбыр және шыңдалғы) жасалады. Оларды құрылысты, дәнекерленген, бекіту және болтты конструкцияларда (арқалық, ферма, көтеру крандарының конструкциясы, аппараттар ыдыстар корпусы, қаңқа және т.б.), сонымен бірге газ жауапты машина бөлшектерде (1.1 кесте) қолданады.

Болат 3 топқа бөлінеді: А, Б, В.

А тобындағы болат құрамы рәсімделмейді. Осы топтағы болаттар жеткізу күйінде (тұтынушылар оларды дәнекерлеу және қысыммен өңдемейді) қолданылады, сондықтан механикалық қасиеттері бойынша (аққыштық шегі, беріктік шегі, ұзаруы салыстырмалы) жеткізіледі. Болат нөмірінің жоғарлауына байланысты беріктік жоғарлайды, созылымдылық азайады.

1.1 кесте

Қалыпты сапалы көміртекті болатты қолдану саласы

Болат маркасы	Қолданысы
1	2
Ст0, БСт0	Дәнекерленген және дәнекерленбеген конструкцияның есептелмейтін, жауапты емес элементтері және жауапты емес бөлшектер: төсеніштер, арматуралар, қоршаулар, баспалдақ марштар, төсемдер, шайбалар, қаптамалар, жапсырмалар, және т.б.
Ст1, БСт1	Жоғары және төмен қаттылықты қажет ететін байланыс қосылыстары, анкерлі бұрандалар, қатты байланыс, жауапты емес арматура және т.б.
Ст2сп, Ст2пс, Ст2кп	Терезелі және шамды (фонарь) қапсырмаалар, жауапты емес қолданысты дәнекерленген конструкциялар элементтері, тойтармалар, анкерлі бұрандалар. Цементтелгеннен және нитроцементтелген кейінгі – шамалы жүктемемен үйкелісте жұмыс жасайтын жауапты еме бөлшектерге арналған
Ст3сп, Ст3пс, БСт2пс, БСт3сп, ВСт3сп, ВСт3пс, ВСт3кп, ВСт3Гпс	Ыстықтай тапталған күйде – сортты, пішінді және табақты илек түріндегі құрылысқа арналған және басқа есептелген конструкциялар, дәнекерленген: арқалықтар, фермалар, ернеушілер, түптер, жарықшалар конструкциясы, қысым астында жұмыс жасайтын ыдыстар және аппараттар конструкциясы, булы қазандықтар қаңқасы; термиялық өңделмейтін сәйкесті емес айырлар, өстер, төлкелер, төсемдер, иінтіректер, гайкалар, шайбалар, салпыншақтар, қамыттар және басқа бөлшектер. Бет қаттылығы жоғары және өзекшенің беріктігі жоғары еместікті қажет ететін: айырлар, поршенді саусақ, итергіштер, тістегергіштер, червяк және т.б. цементтеу және цианирлеу

1	2
БСт4пс, БСт4сп, БСт4кп Ст4сп, Ст4пс, ВСт4сп, ВСт4пс	Ыстықтай илектелген күйде – сортты, пішінді, табақты илекті дәнекерленген, жабыстырылған және бұрандалы конструкциялар; аз жүктелетін бөлшектерге арналған: біліктер, өстер, тістегергіштер, төкелер, төсемдер, иінтіректер, гайкалар, шайбалар, салпыншақтар, қамыттар, червяктер және т.б. бөлшектер – жақсартылған күйдегі және термиялық өңделмеген. Бет қаттылығы жоғары және өзекшенің беріктігі жоғары еместікті қажет ететін: айырлар, поршенді саусақтар, тіреулер, итергіштер, тістегергіштер, червяк және т.б. цементтеу және цианирлеу
БСт5пс, БСт5сп, ВСт5сп	Үлкен емес кернеу әсер ететін машина бөлшектері: бұрандалар, гайкалар, біліктер, өстер, ілмектер, жұлдызшалар, иінтіректер, тарқыштар, арматура-лар, рессор салпыншағы, подшипниктер тіреулері және ыстықтай илектелген және термиялық өңделген күйдегі басқа бөлшектер
БСт6пс, БСт6сп	Жоғары берікті бөлшектер: өстер, біліктер, сына-лар, тарқыштар, фланцтер, керу сақиналары, тракты саусақтар, балғалар тоқпақтары, шпинделдер, құрылыс металл сынықтары және т.б.

Б тобындағы болаттар химиялық құрамы бойынша жеткізіледі, олар әрі қарай тапсырыс берушіге қажетті механикалық қасиеттер кешенін алу мақсатында әртүрлі термиялық өңдеуден өткізіледі. Механикалық қасиеттер рәсімделмейді.

В тобындағы болаттар химиялық құрамы және механикалық қасиеттері бойынша рәсімделеді. Осы топтағы болаттар тұтынушы-ларға жеткізілгеннен кейін дәнекерленеді. Осындай болаттардың қасиеті дәнекерленген тігіс маңында ғана өзгереді.

– **сапалы болаттар** (1050-88 МЖСТ). Оларға химиялық құрамы және құрылымы бойынша қажетті жоғары талаптар қойылады: құрамындағы $S \leq 0,04\%$, $P \leq 0,035 \div 0,04\%$, металды емес қоспалар мөлшері аз, макро- және микроқұрлымы рәсімделеді. Сапалы көміртекті болаттар 08, 15, 20, ..., 85 сандарымен таңбаланады, олар жүздік үлес пайызындағы көміртектің орташа құрамын көрсетеді.

– **жоғары сапалы болаттар**. Бұл болаттарда аз мүмкіндікті күкірт және фосфор ($S \leq 0,035\%$; $P \leq 0,035\%$). құрамын алу көзделеді.

Жоғары сапалы болаттарды белгілеуге арналған болат маркасының соңында «А» әрпі (мысалы, У10А) жазылады.

Көміртек құрамы бойынша көміртеккі болаттар жіктемесі:

– **төмен көміртеккі** (көміртек құрамы <0,25%) 05кп, 08, 07кп, 10, 10кп маркалы болаттар беріктігі жоғары емес және созылмалығы жоғары болады. Бұл болаттарды термиялық өңдеусіз аз жүктелетін бөлшектер ретінде қолданылады. Жұқатабақты салқындай илектелген аз көмерітекті болаттар бұйымдарды салқындай штампау үшін қолданылады. 15, 15кп, 20, 25 маркалы болаттар қалыптандырылған күйде жиі термиялық өңдеусіз қолданылады. Аз көміртеккі сапалы болаттар отандық дәнекерлеген конструкциялар, сонымен бірге цементтеумен беріктендірілетін машина бөлшектері үшін қолданылады.

Көміртеккі болаттардың механикалық қасиеттері 1.2 кестеде келтірілген.

1.2 кесте

Көміртеккі болаттардың механикалық қасиеттері

Болат маркасы	Аққыштық шегі σ_T , Н/мм ² (кгс/мм ²)	Үзілудегі уақытша кедергілік σ_B , Н/мм ² (кгс/мм ²)	Салыстырмалы ұзару δ , %	Салыстырмалы тарылу ψ , %
1	2	3	4	5
08	196 (20)	320 (33)	33	60
10	205 (21)	330 (34)	31	55
15	225 (23)	370 (38)	27	55
20	245 (25)	410 (42)	25	55
25	275 (28)	450 (46)	23	50
30	295 (30)	490 (50)	21	50
35	315 (32)	530 (54)	20	45
40	335 (34)	570 (58)	19	45
45	355 (36)	600 (61)	16	40
50	375 (38)	630 (64)	14	40
55	380 (39)	650 (66)	13	35
58 (55пп)	315 (32)	600 (61)	12	28
60	400 (41)	680 (69)	12	35

– **орташа көміртекті** ($0,3\div 0,5\%C$) 30, 35, 40, 45, 50, 55 маркалы болаттар, машинажасау саласының барлық салалары үшін әртүрлі бөлшектер үшін беті жақсартылған және шынықтырылғаннан, қалыптандырылғаннан кейін қолданылады. Жасытылған күйдегі болат кесумен жақсы өңделеді. Пластиналы перлитті құрлымды эвтектоидке дейінгі болаттар ең жеңіл өңделеді. Болаттардың шыңдалуы (суда шыңдалғаннан кейінгі шекті диаметр $10\div 12$ мм) үлкен емес. Осыған қатысты олар үлкен емес не өте үлкен бөлшектерді жасау үшін қолданылады, бірақта бойлық шыңдауды қажет етпейді. Болаттың шыңдалуын жоғарлату үшін марганецпен (40Г, 50Г) легіренеді.

– **жоғары көміртекті** ($0,6\div 0,85\%C$) 60, 65, 70, 80, 85 маркалы болаттардың беріктігі, тозу бекемдігі жоғары және иілігішті қасиетті. Олар шыңдалғаннан, жасытылғаннан, қалыптандырылғаннан, беті шыңдалғаннан кейін тербелісті және жоғары статистикалық жүктемелер кезінде үйкеліс жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектер үшін қолданылады.

– **жоғары көміртекті** ($0,6\div 0,85\%C$) 60, 65, 70, 80, 85 маркалы болаттардың беріктігі, тозу бекемдігі жоғары және иілігішті қасиетті. Олар шыңдалғаннан, жасытылғаннан, қалыптандырылғаннан, беті шыңдалғаннан кейін тербелісті және жоғары статистикалық жүктемелер кезінде үйкеліс жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектер үшін қолданылады. Бұл болаттардан серіппелер, рессорлар, шпинделдер, құлыпты шайбалар, илектелген біліктер және т.б. жасалады [1, 2, 3].

1.2.3. Легірленген конструкциялық болаттар

Легірленген болаттар – оларға арнайы қасиеттерді беру үшін химиялық элементтермен легіренеді. Бұл болаттар тракторлы және ауылшаруашылықты машинажасау, автомобильді өндірісте, ауыр және көлікті машинажасау салаларында және аз дәрежеде білдекжасау, инструменталды және өндірісті басқа салаларда қолданылады. Ауыр жүктелетін металконструкциялары үшін кеңінен қолданылады.

Легірленген болаттарда шыңдалудың шекті жылдамдығы аз, шыңдалуы жақсы. Термиялық өңдеуден кейін олардың құрылымы ұсақ түйіршікті және өте дисперсті болады. Болат құрамында легірленген элементтер қаншалықты жоғары болса, соншалықты оның шыңдалуы жоғары болады.

Легірлеуші элементтер ретінде салыстырмалы қымбат емес және тапшы емес элементтер – марганец, кремний және хром қолданылады.

Болаттар, бұл элементтер құрамы, жиі қосымша титан, ванадий, бормен не легіріленеді. Жоғары жүктемелі бөлшектерді жасау үшін болаттар шамалы өте қымбат және тапшы элементтермен, мысалы, никель, молибден, вольфрам, ниобий және т.б. легіріленеді. Легірілетін элементтердің санына тәуелді конструкциялық болаттар үш, төрт компонентті болады. Бұл хромды, хромды никелді, хромникельмолибенді және т.б. (тек ғана темір және көміртекті, олардың құрамына легірлеуші элементтер кіреді).

Легіріленуші деңгейі бойынша, болаттың легірлеуші элементтер құрамындағы кеуек шартты түрде бөлінеді:

- легірлеуші элементтердің 2,5÷5% аз легіріленген;
- легірлеуші элементтердің 10% дейінгі орташа легіріленген;
- легірлеуші элементтердің 10% дейінгі жоғары легіріленген.

Легірлеуші элементтер әріптермен белгіленеді:

А – азот (егер әріп марканы белгілеу ортасында тұрған жағдайда). Егер «А» әрпі марка басында болған жағдайда – болат автоматты, егер марка соңында жазылса – жоғары сапалы. Мысалы, Ас белгіленген болат маркасы – автоматты болат, қорғасымен легіріленген.

Б – ниобий

В – вольфрам

Г – марганец

Д – мыс

Е – селен

К – кобальт

Л – егер «Л» әрпі марка соңында жазылған жағдайда – болат құю тәсілімен жасалған.

М – молибден

Н – никель

П – фосфор

Р – бор

С – кремний

Т – титан

Ф – ванадий

Х – хром

Ц – цирконий

Ч – сирек топырақты

Ю – алюминий

Ш – шарикті подшипникті. Егер «Ш» әрпі марка соңында жазылған кезде болат ерекше жоғары сапалы.

Болат маркасы әріп және сан үйлесімділігімен белгіленеді. Конструкциялық болаттар үшін бірінші екі сан жүздік үлесті пайыздағы орташа көміртек құрамын көрсетеді. Егер легірлеуші элементтер құрамы 1% артық болған кезде, сәйкесті әріптер бүтін бірлікте жазылады. Мысалы, болат 18ХГТ (0,18%С; 1%Сr; 1%Mn; ~0,1%Ti), 12ХНЗ (0,13%С; 1%Сr; 3%Ni) [1, 4].

1.2.4. Құрылысты төмен легіріленген болаттар

Төмен легіріленген қалыңтабақты және кеңжолақты әмбабапты және орамды болат 19282-73 МЖСТ, ал домалақ, квадратты, жолақты

және пішінді – 19281-73 МЖСТ сәйкесті жеткізіледі. Табақ, сортты пішінді илек түріндегі құрылысты болат құрылысты конструкцияны – көпірлер, газды- және мұнай құбыржолдарын, ферм, қазандықтар және т.б. жасау үшін қолданылады. Болат маркасы имарат түріне (конструкция элементі), пайдалану және есептелген температураға, әсер ететін жүктеме сипаты және шамасына және т.б. қатысты таңдалады. Болатты конструкциялар үшін қолданылатын болаттар шартты топқа $\sigma_b/\sigma_{0,2}$ қатысты бөлінеді:

- 380/230 С тобы – қалыпты берікті болат;
- 460/330 С және 520/400 С топтары – беріктілігі жоғары болаттар;
- 700/600 С және 850/750 С топтары – жоғары берікті болаттар.

Төмен легіріленген төменкөміртекті болаттар жақсы дәнекерленеді, дәнекерлеу кезінде оларда салқындай және ыстықтай жарықшалар түзілмейді, дәнекерленген қосылыс және маңайындағы учаскелер (термиялық әсер аймағы) қасиеті, негізгі металл қасиетіне өтке жақын. Қалыпты сапалы көміртекті болатты салыстыру бойынша уақытша кедергілік мәні өте жоғары және жақсы созылмалық сақталған кезде аққыштық шекті, ескіруге қабілеттілігі аз және сынғышты бүлінумен (салқындай сыну шегі төмен) тоттану бекемдігі және тозу бекемдігі жақсы. Төмен легіріленген болаттардың механикалық қасиеттері 1.3 кестеде келтірілген [1, 2].

1.3 кесте

Қалыптабақты және кеңжолақты әмбабапты аз легіріленген болаттардың механикалық қасиеттері

Болат маркасы	Илек қалыңдығы, мм	σ_b , МПа, (кгс/мм ²)	σ_T , МПа, (кгс/мм ²)	δ_5 , %
1	2	3	4	5
09Г2, 09Г2Д	4	441,5 (45)	304 (31)	21
	5÷9		304 (31)	
	10÷20		304 (31)	
	21÷32		294 (30)	
14Г2	4	461 (47)	333,5 (34)	21
	5÷9	461 (47)	333,5 (34)	
	10÷20	451 (46)	323,7 (33)	
	21÷32	451 (46)	323,7 (33)	

1.3 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
12ГС	4	461 (47)	314 (32)	26
	5÷9			
	10			
16ГС	4	490,5 (50)	323,7 (33)	21
	5÷9	490,5 (50)	323,7 (33)	
	10÷20	481 (49)	314 (32)	
	21÷32	471 (48)	294 (30)	
	33÷60	461 (47)	284,5 (29)	
	61÷160	451 (46)	277,5 (28)	
17ГС	4	510 (52)	343,4 (35)	23
	5÷9	510 (52)	343,4 (35)	
	10÷20	490,5 (50)	333,5 (34)	
	4	510 (52)	353 (36)	
17Г1С	5÷9	510 (52)	353 (36)	23
	10÷20		343,4 (35)	
09Г2С, 09Г2СД	4	490,5 (50)	343,4 (35)	21
	5÷9	490,5 (50)	343,4 (35)	
	10÷20	471 (48)	323,7 (33)	
	21÷32	461 (47)	304 (31)	
	33÷60	451 (46)	284,5 (29)	
	61÷80	441,5 (45)	277,5 (28)	
	81÷160	432 (44)	265 (27)	
15ГФ, 15ГФД	4	510 (52)	372,8 (38)	21
	5÷9	510 (52)	372,8 (38)	
	10÷20	510 (52)	353 (36)	
	21÷32	471 (48)	333,5 (34)	
10Г2С1, 10Г2С1Д	4	490,5 (50)	353 (36)	21
	5÷9	490,5 (50)	343,4 (35)	
	10÷20	481 (49)	333,5 (34)	
	21÷32	471 (48)	323,7 (33)	
	33÷60	441,5 (45)	323,7 (33)	

1.3 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	61÷80	432 (44)	294 (30)	
	81÷100	432 (44)	294 (30)	
15Г2СФ, 15Г2СФД	5÷9	549 (56)	392,4 (40)	18
	10÷20			
	21÷32			
14Г2АФ, 14Г2АФД	4	540 (55)	392,4 (40)	20
	5÷9			
	10÷32			
	33÷50			
16Г2АФ, 16Г2АФД	4	588,6 (60)	441,5 (45)	20
	5÷9	588,6 (60)	441,5 (45)	
	10÷32	588,6 (60)	441,5 (45)	
	33÷50	569 (58)	412 (42)	
18Г2АФпс, 18Г2АФДпс	4	588,6 (60)	441,5 (45)	19
	5÷9			
	10÷20			
	21÷32			

1.2.5. Арматуралық болат

Құрылыстың заманауи әдістері кезінде негізгі құрылыс материалы жиналмалы темірбетон – бұл құрылыс материалы, онда болат және бетонның бірге жұмысы жасауы тиімді үйлескен. Арматуралық темірбетондар конструкцияларында көміртекті не өзекше түріндегі төмен легіріленген болат қолданылады: жылтыр және периодты профильді. Ыстықтай илектелген арматуралық болаттар 5781-82 МЖСТ бойынша, ал термиялық және термомеханикалық өңдеумен беріктендірілген болаттар 10884-81 МЖСТ бойынша жеткізіледі.

Арматуралық болаттардың негізгі сипаттамалары аққыштық шегі, оның шамасы бойынша оның есептеу коэффициенті нормаланады. Аққыштық шегінің жоғарлауы болатты темірбетонды конструкцияларда тиімді қолдануға және құрылысты металды үнемдеуді

қамтамасыз етеді. Юолаттың жеткілікті созылымдылығы күштің қайта таралуын ескерумен жобаланатын конструкция жұмысының сенімділігін жоғарлатады, олардың сынғышты бүлінуінің және уақытынан бұрын күш түсетін қабілетінің жойылуының алдын алады.

Арматуралық өзекшелер механикалық қасиеттеріне тәуелді топтарға бөлінеді. Арматуралық болаттардың механикалық қасиеттері 1.4 кестеде келтірілген.

1.4 кесте

Кейбір арматуралық болаттар тобы және олардың қасиеттері

Болат тобы	Болат маркасы	σ_b , МПа	$\sigma_{0,2}$, МПа	δ , %
A-I	Ст3 (сп, пс, кп)	380	240	25
A-II	Ст5сп2, 18Г2С	500	300	19
A-III	35ГС, 25Г2С	600	400	14
A-IV	80С, 20ХГ2Ц	900 (800)	600 (600)	6 (7)
A-V	23Х2Г2Т	1050 (1000)	800 (800)	(7)
A-VI	22Х2Г2ЮА, 22Х2Г2Р, 20Х2Г2СР	(1200)	(1000)	(6)

Ескерту: жақшасыз ыстықтай тапталған күйдегі кепілдік берілген қасиеттер, ал жақша ішінде термомеханикалық және термиялық беріктендірілгеннен кейінгі қасиеттер берілген.

Әр топтағы өзекшелердің сондары: A-IV – ақ түсті, A-V – көк түсті, A-VI – сары түсті және A-VII – жасыл түсті бояумен боялады. Термиялық өңделмеген өзекшелер соңы қызыл бояумен боялады [1, 2].

1.2.6. Салқындай штамптауға арналған болаттар

Автомобильді және өнеркәсіптің көптеген салаларында салқындай тапталған қайнатылған болатты 08кп, 08Фкп (0,02÷0,04%V) және 08Ю (0,02÷0,07%Al) маркалардан бөлшектерді жасау үшін салқындай штамптау кеңінен қолданылады. 08кп болат деформациялық ескіруге бейімді, сондықтан ол алюминий және ванадиймен микролегіріледі. Сонымен бірге деформациялық ескірудің алдын алу үшін салқындай

тапталған табақ жасытылғаннан кейін жиі дрессирленеді, бұл дегеніміз, шамалы пластикалық (1÷2%) деформацияланады. Түйіршіктерінің нөмері 6÷8 болат ұсынылады.

Жоғары беріктікті қажет ететін бұйымдарды штамптау үшін төмен лергірленген «екі фазалы» 09Г2С, 09Г2, 16ГФР, 10Г2Ф, 12ХМ маркалы және т.б. 20÷30% мөлшерде бейнит не мартенситті фазаларды беріктендіретін және жоғары созылмалы ферритті матрицадан тұратын құрылымды болаттар қолданылады. Мұндай құрылым бөлшектерді штамптауға арналған табақ қалыңдығын азайтуға, бұл металды үнемдеуге мүмкіндік береді [1, 2].

1.2.7. Цементтелетін болаттар

Цементтелетін бөлшектерге арналған болаттарды таңдаудағы негізгі шарт, өзекшенің механикалық қасиеті, ол шындалу және дайындама қимасының өлшеміне тәуелді болады. Цементтеу (нитроцементтеу) орташа өлшемді тісті дөңгелекті, автомобильдердің беріліс қорабының біліктерін, жылдам жүрісті білдектер біліктерін, шпинделдер және машинаның көптеген басқада бөлшектерін беріктендіру үшін қолданылады. Цементтеу тек ғана бетті қаттылықты ғана емес, сонымен бірге бұйымның төзімділік шегін де жоғарлатады. Салыстырмалы аз көміртекті болаттар үшін ең үлкен беріктендіру тиімділігі және ең аз беріктендіру тиімділігі вольфрам не молибденмен легіріленген болаттарда орындалады. Цементтелген бөлшектер беріктігі қаншалықты үлкен болса, соншалықты өзекшелер беріктігі де үлкен болады.

Цементтелген болаттар үш топқа бөлінеді:

- беріктендірілмеген өзекшелі көміртекті болаттар;
- аз беріктендірілген өзекшелі төмен легіріленген болаттар;
- салыстырмалы жоғары легіріленген өзекшелі болаттар, термиялық өңдек кезінде **(жоғары берікті цементтелген болаттар)** қатты беріктендірілген.

Цементтелген (нитроцементтелген) болаттардың химиялық құрамы және механикалық қасиеті 1.5 кестеде келтірілген.

Цементтеумен беріктендірілетін бөлшектерді жасау үшін төмен көміртекті (0,15÷0,25%С) болаттар қолданылады. Болаттардағы легірілеуші элементтер құрамы өте жоғары болмау керек, бірақта өзекше және қажетті қабат бетінің шынығуын қамтамасыз етуі қажет. Марганец және хром өзекшенің және аз дәрежеде цементтелген қабаттың шындалуын жоғарлатады.

Молибден цементтелген қабаттың шыңдалуын қатты жоғарлатады. Түйіршікті ұсақтау үшін цементтелетін болаттар V, Ti, Nb, Zr, Al және N₂ микролегірлейді. Марганец және хроммен салыстырғанда никель және молибденішікті тотықтандыруға бейімді емес, ол цементтелген қабаттың шыңдалуын және механикалық қасиетті төмендетеді.

Цементтелген болаттар қатты жүктемелі (шамалы құрамды көміртекті төмен легіріленген болаттар) күрделі пішінді бөлшектер үшін қолданылады. Цементтелген болаттарға легірлеуші элементтер ретінде Cr, Ni және т.б. қосылады. Қасиеттерге қойылатын талаптар қаншалықты жоғары болса, соншалықты құрамы бойынша күрделі болаттар қолданылады. Өзекшенің бірнеше есе аз созылымдылығы кезінде беріктік қасиет өте жоғары және цементтелген қабаттың беріктігі жақсы болады. Бұл болаттар артық қысуға аз сезімталды; олардың шыңдалуы шамалы. Цементтелген қабатта хром құрамының жоғарлауымен көміртек концентрациясы жоғарлайды, эвтектоидті қабат тереңдігі, ал термиялық өңденуден кейін шыңдалған қабат тереңдігі тереңдейді.

Хромды болатты ванадиймен (0,1÷0,2%V) легірлеу хромды ванадийлі болаттың (20ХФ болат) механикалық қасиетін жақсартады. Олар артық қызуға деген бейімділігі аз. Шыңдалудың аздығына қатысты олар салыстырмалы үлкен емес бұйымдарды жасау үшін қолданылады.

Жоғары меншікті жүктеме кезінде жұмыс жасайтын үлкен емес қималы және күрделі емес пішінді бұйымдар (төлкелер, біліктер, өстер, жұдырықтың муфталар, поршенді саусақтар және т.б.), 15Х, 20Х (~1%Cr) хромды болаттардан жасалады.

Жоғары меншікті жүктеме кезінде жұмыс жасайтын, орташа өлшемді цементтелген бөлшектерді жасау үшін никель қосылған хромникельді (20ХН, 12ХН3А) болаттар қолданылады.

Никель түйіршіктің өсуіне және тұрпайы цементтелген тордың түзілуіне кедергі жасайды, бұйымның өзекшесіндегі болаттың қасиетіне оң әсерін тигізеді. Хромникельді болаттар ұзақ цементтеу кезінде артық қызуға аз сезімталды және бетті қабаттарға артық көміртектенуіне бейімді емес, өзекше және цементтелген қабаттың шынығуы өте жоғары болады. Никельдің тапшылығына қатысты бұл болаттар басқа болаттармен ауыстырылады мысалы шамалы титанды мөлшерлі хромды марганцпен, ол түйіршікті (18ХГТ, 30ХГТ) ұсақтау үшін ғана қосылады. Титан концентрациясы 0,006÷0,12% дейін болады. Вольфраммен (не молибденмен) хромды никельді болаттарды легірлеу артық салқындаған аустениттің тұрақтылығын жоғарлатады,

Цементтелген (нитроцементтелген) болаттардың

Болат маркасы	Элементтер құрамы, %				
	C	Mn	Cr	Ni	Басқа элементтер
1	2	3	4	5	6
<i>Беріктендірілмеген өзекшелі көміртекті болат</i>					
10	0,07÷0,13	-	-	-	-
20	0,17÷0,24	-	-	-	-
<i>Хромды болат</i>					
15X	0,12÷0,18	-	0,8÷1,0	-	-
20X	0,17÷0,23	0,5÷0,8	0,7÷1,0	-	-
<i>Хромды марганецті болат</i>					
18ХГТ	0,17÷0,23	0,8÷1,1	1,0÷1,3	-	0,03÷0,09Ti
20ХГР	0,18÷0,24	0,7÷1,0	0,75÷1,05	-	-
25ХГТ	0,22÷0,29	0,8÷1,1	1,0÷1,3	-	0,03÷0,09Ti
25ХГМ	0,23÷0,29	0,9÷1,2	0,9÷1,2	-	0,2÷0,3Mo
<i>Хромды никельді болаттар</i>					
12ХН3А	0,09÷0,16	0,3÷0,6	0,6÷0,9	2,75÷3,15	-
12Х2Н4А	0,09÷0,15	0,3÷0,6	1,25÷1,65	3,25÷3,65	-
(20Х2Н4А)	0,16÷0,22	0,9÷0,6	1,25÷1,65	3,25÷3,65	-
P12M3Ф2K8	Тотанбайтын және жоғары берікті болатты, өңделуі қиын ыстыққа берікті қортпалы бөлшектерді өңдеуге арналған (бұрғылар, үңгуіштер, фрездер, таражоныштар, белгілеуіштер және т.б.) инструменттер; жоғары кесу жылдамдығы кезінде жұмыс жасайтын автоматты, пішінді кескіштер және басқа инструменттер
P10M4Ф3K10	Негізінен автоматты білдектерде қолданылатын жартылай таза және таза кесу инструменттері, сонымен бірге өңделуі қиын материалды бөлшектерді өңдеуге арналған қарапайым пішінді инструменттер
1P3AM3Ф2	Беріктігі 784 МПа (80 кгс/мм ²) артық емес көміртекті және аз легірленген болатты өңдеу кезіндегі қарапайым пішінді инструменттерге арналған

1	2
P6M5Ф3	Легірленбеген және легірленген конструкциялық болатты өңдеу кезінде таза және жартылай таза инструменттерге (пішінді кескіштер, ұңғылағыштар, тартажоғыштар, фрездер және т.б.) арналған
P12Ф3	Абразивті қасиетті тұтқырлықты аустениетті болаттар және материалдарды өңдеу кезіндегі таза инструменттер
P9M4K8	Тотанбайтын және жақсартылған легірленген, жоғары берікті, ыстыққа берікті болаттарды өңдеу кезіндегі әртүрлі инструменттерге арналған
P2M9K5	Тотанбайтын және жақсартылған легірленген болаттарды өңдеу кезіндегі кесу инструменттеріне арналған

Жоғары берікті, тотануға және ыстықты төзімді болаттар және қортпаларды өңдеу үшін кобальт (P18K5Ф2, P9K5, P6M5K5, P9M4K8, P2AM9K5) құрамды, жоғары жылуөзімділікті (630°C) болаттар қолданылады.

Абразивті қасиетті тұтқырлықты аустенитті болаттар және материалдарды өңдеу кезіндегі таза инструменттер үшін жоғары құрамды ванадийлі P12Ф3 болат қолданылады.

Барлық болаттардың тозу кедергілігі жақсы. Көміртекті және төмен легірленген (жылуөзімділігі 620°C) болатты өңдеу кезінде қарапайым пішінді инструменттер үшін төмен құрамды вольфрам және молибден кезінде жоғары құрамды көміртекті және азотты құрамды болаттар қолданылады.

Вольфрамның тамшылығына және бағасының жоғары болуына қатысты жылдам кесетін болаттан, қалыпты көміртекті инструменталды болатты ұстағышқа бекітілетін инструменттің жұмысшы бөлігі ғана жасалады. Ұнтақты металлургия әдісімен алынған жылдам кесетін болат кеңінен қолданылады. P18 және P6M5 – P0M2Ф3-МП, M6Ф1-МП, M6Ф3-МП болатты ауыстыруға арлаып ұсынылатын негізгі ұнтақты болат құрамында аз мөлшерде тапшы вольфрам болады. Ванадий құрамының жоғары болуына қарамастан, бұл болаттар жақсы ажарланады. Басқада ұнтақты болаттар қолданылады, мысалы, 10P6M5-МП, P6M5K5-МП және P12M3K8. Әдеттегі өндірісті ұқсас болатты инструменттердің төзімділігімен салыстырған кезде ұнтақты болатты кесу инструменттерінің төзімділігі 1,2÷2,0 есе жоғары [1, 5].

1.3.3. Өлшеу инструментіне арналған болаттар

Өлшеу инструменттері (жақшалар, шкалалар, сызғыш және басқа жалпақ және ұзын инструменттер) ұзақ уақыт ішінде өзінің пішінін және өлшемдерін сақтау керек. Сондықтан өлшеу инструменттеріне арналған болаттардың:

- тозу төзімділігі және бетті қабаттарының қаттылығы (62÷65 HRC) жоғары;
- инструменттер өлшемдерінің өзгеруіне ықпал ететін құрылымдық өзгерістерге қарсты төзімді;
- болаттың жоғары металлургиялық тазалығы және артық карбидтің бірқалыпты таралуы жоғары жылтырату қамтамасыз етіледі;
- бетті тазалық жоғары;
- өлшеу плитасының ілінісуі (ысқылануы) жақсы;
- сызықты кеңейу коэффициенті (болат мартенситті құрлымды) аз болады.

Өлшеу инструменттері (лекала, шаблон, қапсырма) келесі өңдеумен табақтардан шабумен жасалады. Өлшеу инструменттері үшін жиі жоғары көміртекті эвтектоидті кейінгі (У8÷У12), хромды (X, X9, 12X1, X12Ф1), цементтелетін (15 болат, 20 болат) және азотталатын (38ХМЮА) болаттар, сонымен хром, марганец, және ванадий және вольфраммен қосымша легірілетін болаттар қолданылады [1, 4].

1.3.4. Штампты болаттар

Металдарды қысыммен өңдеу үшін металды деформациялайтын инструменттер – штамптар, пуансондар, дөңгелекшелер, матрицалар, біліктер және т.б. қолданылады. осындай түрдегі инструменттерді жасауға арналған болаттарды **штампты** (кеңнен таралған инструмент түрі бойынша) деп атайды, ол: салқын күйдегі металды деформациялайтын және ыстық күйдегі металдарды деформациялайтын екі топқа бөлінеді.

Салқын күйдегі металды деформациялайтын штамптарға арналған болаттар, пішіні, өлшемі және шеткі ауытқуы бойынша олар домалақ және квадратты қималы, ыстықтай тапталған домалақ, квадратты қималы, жолақты, калибрленген және күмістелген шыңдалғы түрінде жеткізіледі. Ерекше жауапты қолданысты

инструменттер үшін (күрделі пішінді үлкен габаритті инструменттер, жоғары меншікті жүктеме кезіндегі жұмысқа арналған көлемді деформациялайтын пуансон және матрицалар) электрлі шлакты қайта балқытылғаннан кейінгі болаттарды жеткізілуі мүмкін.

Бұл болаттардың тозу төзімділігі (бетті қаттылығы жоғары), беріктігі жоғары, тұтқырлығы (соққы жүктемесін қабылдау үшін), жылуға төзімді, деформациялану кедергілігі жеткілікті, сонымен бірге жоғары ауыспалы жүктеме кезінде жұмыс жасайды. Осы болаттардан жасалған бұйымдар сынғышты бұліну, аз циклді қажу, жаншылу (пластикалық деформациялану) және тозу есебінен болатын пішіндер және өлшемдердің өзгеруінің ықпал етуінен істен шығады. Үлкен штамптар үшін шындалу кезінде жоғары қызуды және үлкен емес көлемді өзгеруді қамтамасыз ету қажет. Салқындай деформацияланған штампты болаттардың технологиялық қасиеттері жақсы: ажарлануы, артық қызуға қарсы тұрақтылықты, термиялық өңдеу кезіндегі деформациялануы аз және т.б.

Аталған қасиеттер қандай да бір дәрежеде болаттардың жұмыс жасау қабілеттілігіне әсер етеді және жеке маркаларды қолдану тиімділігі, операциялар түріне, деформацияланатын материалдар қасиетіне, жабдықтардың негізгі параметрлері және басқа факторларға тәуелді, осы көрсеткіштердің әрқайысы өзгеруі мүмкін. Сонымен, мысалы, шабу (просечных) штамптарының жұмыс жасау мерзімі конструкциялық берікті және тозу төзімділігімен лимиттеледі, сонымен қатар салқындай прстейтін ауыр жүктемелі пуансондар үшін деформациялану және жылубекемділікті кедергілік маңызды рөл атқарады. Күрделі конфигурациялық жоғары берікті инструменттердің ең маңызды қасиеттері болып термиялық өңдеу кезіндегі ажарлануы және деформациялану қасиеті саналады. Осыған сәйкесті салқындай деформацияланатын болаттар үш топқа бөлінеді:

- тозу бекемділігі жоғары, жоғары хромды болаттар (X12, X12BM, X12M, X12Ф1, X6ВФ, 8Х6НФТ);
- жылубекемділігі жоғары кешенді легіріленген жоғары берікті болаттар (8Х4В3М3Ф2, 8Х4В2С2МФ);
- соққы тұтқырлығы жоғары үнемді легіріленген болаттар (7ХГ2ВМ, 7Х3ВМФС).

Жоғары хромды болаттардың тозу бекемділіктері жоғары және майда шыңдау кезінде аз деформацияланады (күрделі пішінді штамптар үшін маңызды), сонымен бірге шынықтырғыштығы жоғары болады. Молибден және ванадий ұсақ түйіршіктердің сақталуына

эсер етеді. Жоғары хромды болаттардың кемшіліктеріне, олардың босандатылған күйде кесумен өңделуі қиын және күрт біртекті емес карбидті жағдайда механикалық қасиеттерді төмендейді. Х6ВФ болат аз карбидті біртектілікті еместі болады, оны жоғары механикалық берікті және тозу кедергілікті (тапталған плашкалар, тісті доңгелекті салқындай таптауға арналған таптағыштар) инструменттер үшін қолданады; бұл болаттардың шынықтырғыштығы 70÷80 мм артық емес. 7ХГ2ВМ болатта жоғары шынықтырғыштық және шынықтыру кезінде аз көлемді өзгерумен шынығу үйлескен. Болаттың соққы тұтқырлығы жоғары. Пластикалық деформациялануға кедергілігі жоғары материал қажет кезінде 6Х6В3МФС маркалы болат қолданылады, оның тозубекемділігі жоғары, әсіресе динамикалық жүктемемен жұмыс жасау кезінде және карбидті біртектілікті еместікке бейім емес. Көптеген жағдайда салқындай деформациялайтын штамптар үшін жылдам кесетін болаттар қолданылады.

Штампталған болаттардың жасырудан кейінгі химиялық құрамы және қаттылығы 1.31. кестеде, ал 1.32 кестеде – қолданыс аумағы келтірілген.

Ыстықтай деформациялайтын штамптарға арналған болаттар пішіні, өлшемі және шекті ауытқулары бойынша домалақ және квадратты қималы шыбықтар (шанг) түрінде жеткізіледі. Электрлі доғамен балқытылған металдардан басқа, ыстықтай деформациялайтын штамптар үшін электршлакты қайта балқытылған болаттар қолданылады.

Ыстықтай деформациялауға арналған штамптар қиын жүктемелі жағдайда жұмыс жасайды және пластикалық деформациялану (жаншылу), сынғышты бүліну, жұмысшы беттің тозуы және қызған торлардың түзілу әсерінен істен шығады. Сондықтан болаттарды салқындай деформациялау үшін жоғарыда аталған қасиеттерден басқа, бұл болаттар ыстыққа төзімді, жылутөзімді, термиялық төзімді (циклді қызу кезінде штамптар бетінде «қызған» жарықшалар түзілуі мүмкін) қасиетті болу керек.

Олардың жасыту сынғыштығына қатысты сезімталдылығы аз болу қажет. Бұл болаттар жұмысшы беттен бөлінетін жылуды жақсы өткізетін жылуөткізгішті болуы керек. Жаншу кедергілігі және қаттылығы болаттардың пластикалық деформациялану беріктігін және кедергілігін сипаттайды, созылмалығы – сынғышты бүліну кедергілігі, қақты төзімділігі және адгезиялыққа қарсы тұрақтылығы – тозу кедергілігімен сипатталады.

Салкындай деформацияланган штампты болаттардың жасыгудан
кейінгі химиялык құрамы және қаттылығы

Болат маркасы	Элементтер құрамы, %										Қаттылық HRC
	C	Si	Mn	Cr	W	V	Mo	Басқа элементтер			
X12	2,0÷2,2	0,15÷0,35	0,15÷0,4	11,5÷13,0	-	-	-	-	-	-	60÷62
X12BM	2,0÷2,2	0,2÷0,4	0,15÷0,4	11,0÷12,5	0,5÷0,8	0,15÷0,3	0,6÷0,9	-	-	-	60÷62
X12M	1,45÷1,65	0,15÷0,35	0,15÷0,4	11,0÷12,5	-	0,15÷0,3	0,4÷0,6	-	-	-	60÷62
X12Ф1	1,25÷1,45	0,15÷0,35	0,15÷0,4	11,0÷12,5	-	0,7÷0,9	-	-	-	-	60÷62
X6ВФ	1,05÷1,15	0,15÷0,35	0,15÷0,4	5,5÷6,5	1,1÷1,5	0,5÷0,8	-	-	-	-	62÷63
8Х6НФТ	0,8÷0,9	0,15÷0,35	0,15÷0,4	5,0÷6,0	-	0,3÷0,5	-	0,9÷1,3Ni 0,05÷0,15Ti	-	-	56÷57
9Х5ВФ	0,85÷1,0	0,15÷0,4	0,15÷0,4	4,5÷5,5	0,8÷1,2	0,15÷0,3	-	-	-	-	57÷58
X6Ф4М	1,7÷1,85	0,15÷0,4	0,15÷0,4	5,7÷6,5	-	3,5÷4,0	0,5÷1,0	-	-	-	61÷62
8Х4В2С2МФ	0,8÷0,9	1,6÷2,0	0,25÷0,5	4,2÷4,9	1,8÷2,3	1,0÷1,4	0,8÷1,0	-	-	-	62÷63
8Х4В3М3Ф2	0,75÷0,85	0,15÷0,4	0,15÷0,4	3,5÷4,5	2,5÷3,2	1,9÷2,5	2,5÷3,0	-	-	-	60÷61
7Х3ВМФС	0,65÷0,73	0,8÷1,1	0,3÷0,6	2,5÷3,2	1,3÷1,7	0,8÷1,1	0,5÷0,8	-	-	-	60÷62
7ХГ2ВМ	0,68÷0,76	0,2÷0,4	1,8÷2,3	1,5÷1,8	0,5÷0,9	0,1÷0,25	0,5÷0,8	-	-	-	59÷60
6Х6В3МФС	0,5÷0,6	0,6÷0,9	0,15÷0,4	5,5÷6,5	2,5÷3,2	0,5÷0,8	0,6÷0,9	-	-	-	58÷60

Салқындай деформацияланған штампты
болаттардың қолданыс аумағы

Болат маркасы	Қолданысы
1	2
X12, X12BM	Шабу және тілу, қажалуға қарсы тұрақтылығы жоғары матрицалар және штамптар пуансондары, сонымен бірге шыбықтарды калибрлеуге арналған көздіктер, созу, ию және қалыптау тақталары, қатты соққы және дүмпу әсер етпейтін қажалуға қарсы (негізінен домалақ пішінді жұмысшы бөлiкті) тұрақтылығы жоғары салқындай штамптарға арналған; жиырылу және шамалы көлемдi өзгерiске ұшырамайтын шыңдау кезiндегi күрделi секциялы шанақты штамптар, қалыпты және иiлу штамптары, бұранданы таптайтын шыбықты металды калибрлеуге арналған көздіктер, созығыш және созу тақтасына арналған; шабу және тілу штамптарының матрицасы және пуансондары; электрлі аппараттардың электромагнитті жүйелері және электрлі машинаның белсенді бөлігін штамптау
X12M	Тапталған дөңгелекшелер, созығыштар және созу тақталары, металдарды калибрлеуге арналған көздіктер, $140 \div 160$ кгс/мм ² қысым кезінде жұмыс жасайтын шабу штамптарының матрицалары және пуансондары, салқындай жаншу матрицалары және пуансондары
X12Ф1	X12 маркаға арналған сияқты, бірақта үлкен тұтқырлық қажет кезінде қолданылады. Күрделі пішінді профилдеу дөңгелекшелері, эталонды тістегергіштер, тапталған плашкалар, волоки созығыштар, күрделі пішінді шанақты штамптар секциясы; табакты металды қалыптауға арналған күрделі тесіктерді тесу матрицалары, эталонды тістегергіштер, тапталған плашкалар, созығыштар, $140 \div 160$ кгс/мм ² дейінгі қысым астында жұмыс жасайтын салқындай жаншу пуансондары және матрицалары, электрлі машинаның белсенді қаңылтыр бөлігін штамптауға арналған күрделі конфигурациялы жұмысшы бөлігі шабу және тілу штамптарының (аралас және тізбекті) матрицалары және пуансондары

1	2
Х6ВФ	Бұрандалы тапталған инструменттер (дөңгелекшелер, бұранда кескіштер плашкалар) 140÷160 кгс/мм ² қысым кезінде жұмыс жасайтын матрицалар және пуансондар; қолды пышақты полотно; ағаш өңдейтін фрезерлі инструмент
8Х6НФТ, 9Х5ВФ	Ағаш өңдейтін инструмент – ағашты фрезерлеуге арналған пышақтар; сүргілеу аралары, жалпау фрездер, жұкажүзді инструменттер
Х6Ф4М	Металды ұнтақтарды престоуге арналған пресс-қалыптар; деформациялануы қиын материалдарды өндеуге арналған шабу штамптарының матрицалары және пуансондары, оның ішінде электртехникалық болатты
8Х4В2С2МФ	220÷230 кгс/мм ² дейінгі қысым кезінде жұмыс жасайтын, салқындай көлемді деформациялайтын штамптардың пуансоны және матрицалары; бұрандалы таптамалы және шлицті тапталған дөңгелекшелер; ағаш өңдейтін инструменттер
8Х4В3М3Ф2	Салқындай тапталған бұрандалы тапталған және шлицті тапталған дөңгелекшелер; арошкалар; ағаш өңдейтін инструмент; құбыр кесетін престер пышағы, гильотинді және басқа қайшылы; 200÷210 кгс/мм ² қысым кезінде жұмыс жасайтын салқындай көлемді деформациялайтын штамптар матрицасы және пуансондары
7Х3ВМФС	Жоғары динамикалық жүктемелер кезінде жұмыс жасайтын шабу штамптары; тапталған дөңгелекшелер; 140÷160 кгс/мм ² дейінгі қысым кезінде жұмыс жасайтын салқындай көлемді деформациялайтын штамптардың матрица және пуансондары
7ХГ2ВМ	Аз берікті конструкциялық түсті металдар және қортпалардан жасалған бұйымдарды өндіру кезінде қолданылатын салқындай көлемді деформациялайтын штамптар; күрделі конфигурациялы шабу штамптарының матрица және пуансондары
6Х6В3МФС	Жоғары қаттылықты металдарды салқындай пластикалық деформациялауға арналған бұрандалы дөңгелетілген, тісті дөңгелетілген, шлицті дөңгелетілген дөңгелекшелерге арналған, кесу матрицалары, пуансондар және басқа инструменттер; ағаш өңдейтін кәсіпорын-

1	2
	дарда қолданылатын құбыр кесу машиналарының пышағы, гильотинді қайшылар пышағы, жоғары берікті болат және қортпаларды кесуге қатысты қолданылатын ажыратқыш пышақтар; тау жыныстарын бұзатын шарлы және т.б. ұқаса инструменттер
7ХГ2ВМФ	Аз берікті конструкциялық болатты және түсті қортпалы бұйымдарды өндіру кезінде қолданылатын күрделі конфигурациялы салқындай көлемді деформациялау және шабу инструменттеріне арналған
7Х3, 8Х3	Горизонталды соғу машиналарында көміртекті және төмен легіріленген конструкциялық болатты дайындама және бекіткіштіыстықтай орнату (пуансон, матрица) инструменттеріне арналған; аз сериялы өндіріс кезінде қысқинелі престерде осы материалдарды ыстықтай престеу және жануға арналған (матрица, пуансон, итергіштер) штамптар бөлшектері; ию, кесу және шабу штамптар

Ыстықтай деформациялауға арналған штамптарға арналған болаттардың технологиялық қасиеттері: шынығуыштықты, шынықтырғыштықты, термиялық өңдеу кезінде инструменттің деформациялануы аз болуын қамтамасыз етумен, артық қызуға қарсы тұрақты, термиялық өңдеу кезінде тотығу және көміртексіздену, шынықтыру және ажарлау кезінде жарықшаның түзілуіне қарсы тұрақты, штампталған дайындаманы жасау процесінде пішіннің өзгеруіне қатысты қабілетті, ажарланғышты, соғымдылықты, өңделуі жақсы болуы қажет.

Экономикалық талаптарға болаттың төмен бағасы және оның тамшылықты еместігі жатады.

Қую, балқыту, химия-термиялық өңдеу, жаншу және басқада арнайы технологиялық процестерді қолданумен штампталған инструментті жасау кезінде штампталған материалдарға қойылатын талаптар шеңбері кеңейеді. Сонымен мысалы, құйма штамптарға арналған болаттың сұйықты аққыштығы жақсы және құймадағы жарықша түзілуге қабілеттілігі аз болу керек. Жарықша түзілу қабілеттілігінің аз және штамптарға арналған болаттардың бедерлі жұмысшы участкелері балқытып қапталған. Салқындай жаншу инструменттерін жасауға арналған болаттарда, деформациялану

кедергілігін азайту мақсатында құрамындағы көміртек құрамы $0,06 \div 0,2\%$ төмендетіледі. Штамптау инструменттеріне арналған үлкен габаритті шыңдалғыларды дайындауға арналған болаттардың маңызды технологиялық қасиеттерінің бірі, олардың флокенді сезімталдылығының жоғары болуы.

Штамптау жабдықтарының қызмет мерзімін пайдалану қасиеттеріне сәйкес штамптауға арналған материалдарды таңдау есебінен шамалы жоғарлатуға болады. Сонымен, штамптау жабдықтарын жасау үшін штамптардың тозу қарқындылығын азайту үшін қолданылатын болаттың тозу төзімділігі және жылу төзімділігі жоғары, штамптардың пластикалық деформациялануын (жаншу) азайту үшін – беріктік жоғары және жылутөзімді, сынудың не үлкен жарықшалардың түзілуінің алдын-алу үшін – сынғыштық сыну кедергілігі және беріктігі жоғары, ал қызған кездегі жарықшалардың өлшемдерін және санын азайту үшін – қызу төзімділігі жоғары болау керек. Жоғары жылу төзімді штампты болаттар сұйық және изотермиялық штамптауға арналған штамптарды, гидравликалық және механикалық преста ыстыққа берікті болаттар және қортпаларды көлемді штамптауға арналған штамптарды жасау үшін қолданылады. Жоғары берікті болаттар жартылай ыстықтай жаншу және жоғары жылдамдықты штамптау штамптарын жасау, сонымен бірге калибруле және түзету балғалы штамптар үшін қолданылады. Легіріленген конструкциялық болаттарды және деформациялануы қиын болаттар және қортпаларды жаншу штамптарын жасау үшін өте жылу төзімділігі және беріктігі жоғары болаттар қолданылады.

Ыстықтай деформациялауға арналған штампты болаттар ретінде – легіріленген элементті ($0,5 \div 0,5\%C$), шынықтырғыштығы және тұтқырлығы жоғарлайтын болаттар қолданылады. Ыстықтай деформациялайтын штамптау болаттарының негізгі легірілеуші элементтері хром, молибден, вольфрам, ванадий және т.б. Молибден жылу төзімділігін, шынықтырғыштығын жоғарлатады және қайтарымды жасыту сынғыштықты бейімділігін төмендетеді. Ыстықтай деформациялайтын штампты болаттардың химиялық құрамы 1.33 кестеде, ал 1.34 кестеде – олардың қолданыс аумағы қарастырылған.

Үлкен соққылы жүктемелі (соғу штамптары) тоқпақты штамптарды жасау үшін көміртеккі (5XHM, 5XHB және т.б.) құрамы жоғары ($0,6\%$ дейінгі) хромникелді болаттар кеңінен қолданылады. Хромникелді болаттарды ауытыратын арзан болаттар 5XGM, 6XGV маркалы және т.б. хромды марганецті болаттар [1, 2, 5].

Ыстықтай деформацияланған штампты болаттардың жасытылғаннан
кейінгі химиялық құрамы және қаттылығы

Болат маркасы	Элементтер құрамы, %											Қатты- лық HRC
	C	Mn	Si	Cr	W	V	Mo	Ni	Nb			
3X2B8Ф	0,3÷0,4	0,15÷0,40	0,15÷0,40	2,2÷2,7	7,5÷8,5	0,2÷0,5	-	-	-	-	-	47÷50
7X3	0,65÷0,75	0,15÷0,40	0,15÷0,35	3,2÷3,8	-	-	-	-	-	-	-	48÷52
8X3	0,75÷0,85	0,15÷0,40	0,15÷0,35	3,2÷3,8	-	-	-	-	-	-	-	48÷52
5XHM	0,5÷0,6	0,5÷0,8	0,15÷0,35	0,5÷0,8	-	-	0,15÷0,30	1,4÷1,8	-	-	-	48÷52
5XNB	0,5÷0,6	0,5÷0,8	0,15÷0,35	0,5÷0,8	0,4÷0,7	-	-	1,4÷1,8	-	-	-	48÷52
5XNCB	0,5÷0,6	0,3÷0,6	0,6÷0,9	1,3÷1,6	0,4÷0,7	-	-	0,8÷1,2	-	-	-	48÷52
5XTM	0,5÷0,6	1,2÷1,6	0,25÷0,65	0,6÷0,9	-	-	0,15÷0,30	-	-	-	-	48÷52
4XCMФ	0,37÷0,45	0,5÷0,8	0,5÷0,8	1,5÷1,8	-	0,3÷0,5	0,9÷1,2	-	-	-	-	48÷52
4X2B5ФM	0,3÷0,4	0,15÷0,40	0,15÷0,35	2,0÷3,0	3,5÷4,2	0,3÷0,6	0,4÷0,6	-	-	-	-	48÷50
4X5B2ФC	0,35÷0,45	0,15÷0,40	0,8÷1,2	4,5÷5,5	1,6÷2,0	0,6÷0,9	-	-	-	-	-	52÷55
4X5MФC	0,32÷0,40	0,15÷0,40	0,8÷1,2	4,5÷5,5	-	0,3÷0,5	1,2÷1,5	-	-	-	-	52÷55
4X5MФIC	0,37÷0,44	0,15÷0,40	0,8÷1,2	4,5÷5,5	-	0,8÷1,1	1,2÷1,5	-	-	-	-	52÷55
4X3BMФ	0,40÷0,48	0,3÷0,6	0,2÷0,4	2,8÷3,5	0,6÷1,0	0,6÷0,9	0,4÷0,6	-	-	-	-	52÷55
3X3M3Ф	0,27÷0,34	0,3÷0,5	0,2÷0,4	2,8÷3,5	-	0,4÷0,6	2,5÷3,0	-	-	-	-	48÷52
4X4BMФC	0,37÷0,44	0,2÷0,5	0,6÷1,0	3,2÷4,0	0,8÷1,2	0,6÷0,9	1,2÷1,5	-	-	-	-	54÷56
4X2B2MФC	0,42÷0,50	0,3÷0,6	0,3÷0,6	2,0÷2,5	1,8÷2,4	0,6÷0,9	0,8÷1,1	-	-	-	-	52÷55
5X3B3MФC	0,45÷0,52	0,3÷0,6	0,5÷0,8	2,5÷3,2	3,0÷3,6	1,5÷1,8	0,8÷1,1	-	0,05÷0,15	-	-	54÷56
4XC	0,35÷0,45	0,15÷0,40	1,2÷1,6	1,3÷1,6	-	-	-	-	-	-	-	45÷55
6XC	0,6÷0,7	0,15÷0,40	0,6÷1,0	1,0÷1,3	-	-	-	-	-	-	-	47÷55
4XB2C	0,35÷0,45	0,15÷0,40	0,6÷0,9	1,0÷1,3	2,0÷2,5	-	-	-	-	-	-	47÷55
5XB2C	0,45÷0,55	0,15÷0,40	0,5÷0,8	1,0÷1,3	2,0÷2,5	-	-	-	-	-	-	47÷55
6XB2C	0,55÷0,65	0,15÷0,40	0,5÷0,8	1,0÷1,3	2,2÷2,7	-	-	-	-	-	-	47÷55
6XBГ	0,55÷0,70	0,9÷1,2	0,15÷0,35	0,5÷0,8	0,5÷0,8	-	-	-	-	-	-	44÷48

Ыстықтай деформацияланған штампты
болаттардың қолданыс аумағы

Болат маркасы	Қолданысы
1	2
7ХЗ	Горизонталды-соғу машинасындағы көміртекті және төмен легіріленген конструкциялық болатты дайындамаларды түсіруге арналған пуансон және матрицалар; шағын сериялы өндіріс кезіндегі қисықинелі преста жоғары аталған материалдардан жасалған дайындамаларды жаншу және престеуге арналған штамптар; ию, кесу және тілу штамптары
8ХЗ	Жоғары тозу жағдайында жұмыс жасайтын инструменттер; ию, кесу және шабу штамптары
5ХНМ	Төмен түсетін бөлігінің салмағы >3 т бу-ауалы және пневматикалық тоқпақтардың тоқпақты штамптар; жұмсақ түсті қортпалы дайындаманымашиналы жылдамдықта штамптауға арналған штамптар және преста штамптар; горизонталды-соғу машинасына арналған матрица блоктары; металды ыстық кесуге арналған пышақтар; горизонталды соғу машинасының ендірімесіне арналған матрица блоктары
5ХНВ, 5ХНВС	Төмен түсетін бөлігінің салмағы >3 т бу-ауалы және пневматикалық тоқпақтардың тоқпақты штамптар
5ХНСВ	Төмен түсетін бөлігінің салмағы >3 т бу-ауалы және пневматикалық тоқпақтардың тоқпақты штамптар; горизонталды соғу машинасына арналған преста штамптар және матрица блоктары
5ХГМ	Соғу штамптары
4ХСМФ	Легіріленген конструкциялық және тотанбайтын болатты (бірге жылутөзімділігі кем емес 5ХНМ, 5ХНВ маркалы болаттар) дайындаманы деформациялау кезіндегі төмен түсетін бөлігінің салмағы >3 т бу-ауалы және пневматикалық тоқпақтардың тоқпақты штамптар; алюминді қортпалы бұйымдарды өндеуге арналған преста инструменттер; горизонталды-соғу машиналарында дайындаманы түсіруге арналған ендіріме және пуансондар
5Х2МНФ	Қисықинелі преста және тоқпақтарда ыстыққа төзімді қортпалар және конструкциялық болатты шыңдалғыны штамптауға арналған (жақтары не диаметрі >200 мм) үлкен

1	2
	габаритті штамптар; горизонталды-соғу машиналарында конструкциялық және ыстыққа төзімді болатты дайындаманы түсіруге арналған (қысу және қалыптау ендірмелері, жинақты және қалыпты пуансондар) инструменттер; металды ыстықтай кесуге арналған пышақтар
4X5B2ФC	Конструкциялық болаттан жасалған дайындаманы қалыптастыру кезіндегі (диаметрі не қалыңдығы 200 мм дейін) тоқпақтар және престі ендірмелер; горизонталды-соғу машинасындағы легірленген болатты дайындаманы түсіруге арналған инструменттер; мырышты, алюминді және магнийлі қортпаларды қысым астында құюға арналған пресс-қалыптар
4X5MФC	Ұсақ тоқпақты штамптар; жалпы және үлкен (диаметр не қалыңдығы 250мм дейін) сериялы өндіріс жағдайында конструкциялық болатты және түсті қортпалы дайындаманы деформациялауға арналған тоқпақты және престі ендірме; алюминді, мырышты және магнийлі қортпаларды қысым астында құюға арналған пресс-қалыптар
4X5B2ФC	Конструкциялық болаттарды ыстықтай деформациялау кезінде (диаметр не қалыңдығы 200÷250 мм дейін) мырышты, алюминді және магнийлі қортпаларды қысым астында құюға арналған пресс-қалыптарға арналған; горизонталды-соғу машиналарында легірленген конструкциялық және ыстыққа төзімді материалды дайындаманы түсіруге арналған инструменттер
4X5MФ1C	Мырышты, алюминді және магнийлі қортпаларды қысым астында құюға арналған пресс-қалып; конструкциялық болатты дайындаманы деформациялауға арналған (диаметр не қалыңдығы 200 мм дейін) тоқпақты және престі ендірме; горизонталды-соғу машинасында ыстыққа төзімді қортпалы дайындамаларды түсіруге арналған инструменттер; ыстық металды кесуге арналған пышақтар
2X9B6	Алюминді және мысты қортпаларды қысым астында құюға арналған пресс-қалыптар
4X3BMФ	Ұсақ тоқпақты прерстер; тоқпақты және престі ендірмелер (қалыңдығы не диаметрі 300÷350 мм дейін); горизонталды-соғу машинасында конструкциялық болатты және ыстыққа төзімді болатты дайындамаларды деформациялауға арналған горизонталды-соғу машинасының инструменттері; конструкциялық болатты дайындамаларды машиналы

1	2
4Х4ВМФС	Горизонталды-соғу машиналарында жоғары жылдамдықты машинамен түсіру, штамптауға арналған инструменттер; ыстыққа төзімді қортпалар және деформациялануы қиын металдар және қортпаларды тоқпақта және қисықинелі престе (4Х5В2ФС, 4Х5МФ1С, 4Х3ВМФ маркалы болаттар бірге жылу төзімділігі кем емес) және легірленген конструкциялық болаттарды ыстықтай деформациялауға арналған штамптар ендімесі; мысты қортпаларды қысым астында құюға арналған пресс-қалып
3Х3М3Ф	Пайдалану барысында қарқынды салқындатылатын (негізінен ұсақ инструменттер үшін), қисықинелі престер және горизонталды-соғу машиналарында дайындаманы ыстықтай деформациялауға арналған инструменттер; мысты қортпаларды қысым астында құюға арналған пресс-қалыптар; сумен салқындатылатын ыстықтай кесуге арналған пышақтар
4Х2В5ФМ	Ыстыққа төзімді қортпалы және легірленген конструкциялық болатты дайындаманы ыстықтай деформациялауға арналған (соңғы штампты арықтардың ұсақ негідрмелі белгілері, жаншуға арналған пуансон және матрицалар) ауыр жүктелген престі инструменттер
3Х2В8Ф	Мысты қортпаларды ыстықтай престеуге арналған инструменттер; мысты қортпаларды қысым астында құюға арналған пресс-қалыптар
4Х2В2МФС, 5Х3В3МФС	Ауыр жүктелген престі инструменттер (тесу және қалыптаушы пуансондар, матрицалар және т.б.); горизонталды-соғу машиналарында түсіруге арналған инструменттер; ыстыққа төзімді (3Х2В8Ф және 4Х2В5МФ маркалы болаттардың жылу төзімділігі бірге кем емес) және конструкциялық болатты дайындамаларды деформациялауға арналған кернеулі конструкциялы штамптар ендірмелері. 5Х3В3МФС маркалы болаттың шынықтырғыштығы және ыстық төзімділігі өте жоғары
5Х2МНФ	Қисықинелі престе (жақты квадрат не диаметрі 600 мм дейін) және тоқпақта ыстыққа төзімді қортпалар және конструкциялы болатты штамптауға арналған үлкен габаритті тұтас штамптар; (5ХНМ, 4ХМФС бірге жылу өзімділігі кем емес); (қысқыш және қалыптау ендірмесі,

1	2
	т жинақты және қалыптау пуансондары); ыстықтай кесу пышақтары
2Х6В8М2К8	Жоғары қысым және температура кезіндегі тотанбайтын және ыстыққа төзімді болаттар және қортепалардан жасалған дайындамаларды штамптауға және престоуге арналған шағын габаритті инструменттер
4ХС	Ыстықтай созуға арналған штамптар, салқындай және ыстықтай металды кесу кезіндегі қайшылар, металды ыстықтай және садқындақ кесу металдарына арналған пышақтар, шапқы, қыспақ
6ХС	Салқындай штамптауға арналған өлшемі үлкен емес штамптар, ажыратпа пышақтар, пневматикалық шапқы
4ХВ2С	Пневматикалық инструменттер (шапқы, қыспақ); жоғары жүктемемен жұмыс жасайтын күрделі пішінді шабу және кесу штаптары
5ХВ2С, 6ХВ2С	Металды салқындай кесу пышақтары, бұранданы домалатын бұранда кескіш, салқындай күйде жұмыс жасайтын пуансондар және қысу матрицалары, ұзақ жұмыс жасайтын ағаш өңдейтін инструмент
6ХЗФС	Салқындай түсіру штамптары, штемпелдер, таңбалағыш, бедерлеу штамптары, слесарлы-монтажды инструменттер
6ХВГ	Табақты және жолақты материалдарда салқындай тесікті (негізінен фигуралы) тесуне арналған күрделі пішінді пуансондар; шыңдау кезінде аз өлшемді өзгертуді қажет ететін, негізінен, ыстықтай штамптауға арналған үлкен емес штамптар
8Х4В2МФС2	Процесс барысында 2300 МПа дейінгі пайдалану қысымы әсер ететін салқындай көлемді деформациялайтын штамптар матрицалар және пуансондар
11Х4В2МФС2	Шабу штамптары, оның ішінде «карлит» түріндегі қаптамалы Э412 және Э413 салқындай өңделген электртехникалық болаттарды өңдеуге арналған; салқындай түсіру автоматтарының матрица және пуансондары; 400оС дейінгі жұмысшы беті қызатын және жоғары тозу жағдайында 2000 МПа дейінгі меншікті қысымды қолданылатын салқындай жаншуға арналған итергіштер және пуансондар, шлице- бұранда домалататын инструмент

1	2
6Х4М2ФС	Шабу және түсіру (штампар, пуансондар, пневматикалық шапқы) инструменттері, таптау инструмент
9ХФМ	Дисклі және рамалы ағаш өңдеу аралары
6Х3МФС	Жоғары динамикалық жүктемемен жұмыс жасайтын пуансондар; салқындай түсіру штамптары, штемпелдері, таңбалағыш, бедерлеу штамптары және кейбір слесарлы-монтаждау (7Х3 6ХВ2С маркалы болаттармен ауыстырылатын) инструменттер

1.3.5. Инструментальды қатты қортолалар

Кобальтті байланыспен байланысқан карбидті балқуы қиын металдардан (WC, TiC, TaC) құралған және ұнтақты металлургия әдісімен жасалған қортолалар қатты деп аталады. Қатты қортолалардың құрылымы кобальтпен байланысқан балқуы қиын карбидті бөлшекті металдардан құралады. Басында карбид алынады, кейін ұнтақ түрдегі күйге дейін олар ұсақталады, қоспа престеледі, олар мұқият араластырылады, пресс-қалыпта престеледі және кейін 1400÷1500°С кезінде жентектеледі. Бұл қортолалар ажарлаудан басқа механикалық және термиялық өңделмейді, өйткені олардың қаттылығы өте жоғары болады.

Үш топты (3882-91 МЖСТ) қатты қортолалар жасалады:

- 1) вольфрамды (BK3, BK6, BK8, BK10);
- 2) титанвольфрамды (Т30К4, Т15К6, Т14К8, Т5К10, Т5К12);
- 3) титантанталвольфрамды (ТТ7К12, ТТ8К6, ТТ10К8-Б, ТТ20К9).

Қатты кесу қортолалары жасалу тәсілі бойынша құйылған (стеллиттер, сормайттер) және металкерамикалық болып бөлінеді. легірлеуші элементтердің тапшылығына қатысты олардан те ғана жұмысшы бөлік жасалады: құйылған бөліктер көміртекті инструменталды болаттың жұмысшы бетіне балқытылады, ал металкерамика – дәнекерленеді. 1.35 кестеде қатты қортолалардың химиялық құрамы және сипаттамалары, ал 1.36 кестеде – олардың қолданыс аймағы қарастырылған.

Қатты қортолалардың қасиеті және қолданысы негізінен олардың химиялық құрамына (карбидті фазалар қатынасы) тәуелді болады. Сонымен қортолпада қаншалықты кобальт аз және карбидті бөлшектер ұсақ болса, соншалықты тозу төзімділігі жоғары, бірақта беріктік және соққы кедергісі төмен болады. Қатты қортолалардың жылу

төзімділігі (800÷1000°С дейін) шамалы болады. Қатты қорпалардың қаттылығы жоғары кезде сынғыштығы жоғары және созу кернеуіне қатысты беріктігі аз болады, бұл олардың (BK2, BK3, BK25, T30K4, TT7K12 және т.б.) қолданысын шектейді. Инструменттерді сәйкесті пішінге қалыптастыру, кесу тәртібін таңдаумен қатты қорпалардың осы кемшілігі, бірақта толық емес жойылады. Соғу және дүмпумен жұмыс жасау кезінде қатты қорпалар мүжіледі және осындай жағдайда жоғары тозімділігі сақталмайды.

1.35 кесте

Қатты қорпалардың химиялық құрамы және сипаттамасы

Қорпалар маркасы	Химиялық құрамы, %				Тығыздық, г/см ³	Қаттылық HRA	σ _{изг} [?] кгс/мм ²
	WC	TiC	TaC	Co			
1	2	3	4	5	6	7	8
BK3	97	-	-	3	15,0÷15,3	89,5	110
BK3-M	97	-	-	3	15,0÷15,3	91,0	110
BK4	96	-	-	4	14,9÷15,2	89,5	140
BK4-B	96	-	-	4	14,9÷15,2	88,0	140
BK6	94	-	-	6	14,6÷15,0	88,5	150
BK6-M	94	-	-	6	14,8÷15,1	90,0	135
BK6-OM	92	-	2	6	14,7÷15,0	90,5	120
BK6-B	94	-	-	6	14,6÷15,0	87,5	155
BK8	92	-	-	8	14,4÷14,8	87,5	160
BK8-B	92	-	-	8	14,4÷14,8	86,5	175
BK8-BK	92	-	-	8	14,5÷14,8	86,5	175
BK10	90	-	-	10	14,2÷14,6	87,0	165
BK10-M	90	-	-	10	14,3÷14,6	88,0	150
BK10-OM	88	-	2	10	14,3÷14,6	88,5	140
BK10-KC	90	-	-	10	14,2÷14,6	85,0	175
BK11-B	89	-	-	11	14,1÷14,4	86,0	180
BK11-BK	89	-	-	11	13,9÷14,1	86,0	180
BK15	85	-	-	15	13,9÷14,1	86,0	180
BK20	80	-	-	20	13,4÷13,7	84,0	195

1.35 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
ВК20-КС	80	-	-	20	13,4÷13,7	82,0	205
ВК20-К	80	-	-	20	13,4÷13,7	79,0	155
ВК25	75	-	-	25	12,9÷13,2	82,0	200
Т30К4	66	30	-	4	9,5÷9,8	92,0	95
Т15К6	79	15	-	6	11,1÷11,6	90,0	115
Т14К8	78	14	-	8	11,2÷11,6	89,5	125
Т5К10	85	5	-	10	12,4÷13,1	88,5	140
Т5К12	83	5	-	12	13,1÷13,5	87,0	165
ТТК12	81	4	3	12	13,0÷13,3	87,0	165
ТТ8К6	84	8	2	6	12,8÷13,3	90,5	125
ТТ10К8-Б	82	3	7	8	13,5÷13,8	89,0	130
ТТ20К9	71	8	12	9	12,0÷13,0	89,0	130

1.36 кесте

Қатты қортпалардың пайдалану қасиеттерінің
сипаттамасы және қолданысы

Қортпалар маркасы	Пайдалану қасиеттері	Қолданысы
1	2	3
ВК3, ВК3-М	Өте жоғары тозутөзімді және жоғары шақтамалы кесу жылдамдығы; қалыпты беріктік және соққыға қарсы кедергілік	Үздіксіз кесу кезіндегі таза және жартылай таза жону. Шойынды, түсті металдар және металды емес материалды бөлшектерді бұrandаны кесу, ұңғылау және басқа өңдеу түрлері. Шыныны кесу
ВК4, ВК6-М, ВК6	Тозу төзімділігінің жоғары көрсеткіштері және пайдалану беріктігі	Шойынды, түсті металдар және металды емес материалды, титан және оның қортпаларын, тотанбайтын болаттар және ыстыққа беріктік қортпалы бөлшектерді өңдеу кезінде таза жону, шала және таза фрезелеу, бұғылау, үңгу

1.36 кестенің жалғасы

1	2	3
BK4-B	Тозу төзімділігі өте төмен, ал беріктігі BK4 қортпасымен салыстырғанда өте жоғары	Көмір, тақтатаас, тұзды тұз және т.б. жыныстарды бұрғылау
BK6-B	Сондай	Тау жыныстарын перфораторлы бұрғылау
BK8	Пайдалану беріктігі өте жоғары, бірақта BK3 қортпасымен салыстырғанда тозу төзімділігі аз	Шойынды, түсті металды, ыстыққа төзімді қортпалы бөлшектерді кесумен шала жону және шала өңдеудің басқа түрлері. Құбыр, шыбық, сымдарды созу және калибрлеу. Штамптау. Геологиялық барлау және мұнай ұңғымаларын айналмалы бұрғылау
BK8-B	Тозу төзімділігі өте төмен және BK8 пайдалану беріктігі өте жоғары	Тасты көмірлерді шарлы қашау, шапқымен бұрғылау. Жоғары қаусыру кезінде болатты және басқа металды құбыр және шыбықтарды созу
BK10	Тозу төзімділігі аз, бірақта BK8 қортпасымен салыстырғанда пайдалану беріктігі өте жоғары	Болатты құбыр және шыбықтарды созу. Тозатын машина бөлшектерін, құрылғы және инструменттерді жасау
BK15	Соққы кедергілігі және пайдалану беріктігі жоғары. Тозу төзімділігі BK8 және BK10 қортпалармен салыстырғанда төмен	Гранит және тау жыныстарын бұрғылау. Үлкен қаусырумен болатты құбырлар және шыбықтарды созу. Жылдам тозатын бөлшектер, штамптарды жасау. Кесумен ағашты өңдеу
BK20, BK25	BK15 қортпасымен салыстырғанда пайдалану беріктігі және соққы кедергілігі жоғары, тозу төзімділігі төмен	Жылдам тозатын машина бөлшектері және штамптау инструменттерін жасау
T30K4	Төмен пайдалану беріктігі кезінде шақтамалы кесу жылдамдығы және титан-вольфрамды қортпаларға арналған тозу төзімділігі ең жоғары	Аз кесу қималы таза жону және болатты өңдеудің негізгі түрлері

T15K6, T14K8	Пайдалану беріктігі жоғары, ал тозу төзімділігі және шақтамалы кесу жылдамдығы T30K4 қортпасымен салыстырғанда төмен	Үздіксіз кесу кезіндегі таза және жартылай таза жону, үздік-үздік кесу және болатты өңдеудің басқа түрлері
T5K10	Пайдалану беріктігі жоғары, ал тозу төзімділігі және шақтамалы кесу жылдамдығы T14K8 қортпасымен салыстырғанда төмен	Үздікті қиық және қиманы тегіс емес кесу кезіндегі таза жону, таза сүргілеу, шала фрезерлеу және болатты өңдеудің басқа түрлері
T5K12-B	Пайдалану беріктігі біршама жоғары, ал тозу төзімділігі және шақтамалы кесу жылдамдығы T5K10 қортпасымен салыстырғанда төмен	Сокқы және қиықта, бірқалыпты емес қима кезінде шлак, құм кезінде қуысты қабыршақ бойынша болатты шындалғы, штамптау және құйманы шала жону
TT10K8-B	Қалыпты тозу төзімділігі кезінде кедергілігі және пайдалану беріктігі жоғары	Өңделуі қиын материалдарды шала және таза өңдеу, оның ішінде ыстыққа берікті болат және қортпалар

Маркаларда бірінші әріп қортпаның тобын (ВК – вольфрамды, Т – титанвольфрамды, ТТ – титанталвольфрамды), вольфрам тобындағы цифр – кобальт мөлшерін, титанвольфрамды топтағы бірінші цифр – титан карбид мөлшерін, ал екінші – кобальт мөлшерін көрсетеді. Қатты қортпалардың кейбір маркаларының соңында әріпті белгілеу болады: В – жоғары температуралық қалпына келтіру (мұндай қортпалардың тұтқырлығы жоғары) кезінде түзілетін ірі түйіршікті вольфрамнан алынған карбидті вольфрамнан жасалған қортпалар; М – карбид вольфрамды (тозу төзімділігі жоғары болумен ерекшеленеді) ұсақ ұнтақтардан жасалған қортпалар; ОМ – карбид вольфрамды (өте жоғары тозу төзімділігімен ерекшеленеді) ерекше ұсақ ұнтақтардан жасалатын қортпалар; ВК – ерекше ірі карбид вольфрамнан (жоғары тұтқырлығы, сокқыға қарсы төзімділігімен ерекшеленеді) жасалған қортпалар; КС – жоғары температура кезінде алынған карбидті вольфрамнан жасалған қортпалар, бірақта орташа түйіршіктікке дейін

ұсақталады; Б – титантанталвольфрамды маркалы қортпаны жеке белгілеу.

Қатты қортпалар қаттылығы жоғары материалдарды жоғары жылдамдықты кесу, сонымен бірге шамалы механикалық жүктеме жоқ кезде штамптау үшін қолданылады. Өңделген беттің тазалығы, кесу инструментінің жоғары қаттылығына байланысты, жылдам кесу болатты кесу инструменттерімен салыстырғанда жақсы болады [1, 2, 5].

1.3.6. Қаттылығы жоғары материалдар

Қаттылығы жоғары материалдар құрамына және қасиетіне тәуелді металдар және металды өнімдерді кесу, деформациялау және ажарлау үшін қолданылады. олар негізгі қасиеті – жоғары қаттылығы бойынша топтарға бөлінеді: жоғары қаттылықты металдар (1500÷2000 HV), жоғары қаттылықты (2000÷2500 HV), қаттылығы өте жоғары (8000÷10000 HV).

Қаттылығы жоғары материалдар абразивті шеңберге қатты байлаумен бекітілген түйіршіктер түріндегі (монокристалдар) болат, шойын және басқа металдарды ажарлауға арналған абразивті материал ретінде қолданылады. Бұл материалдар сынғышты (иілу кезіндегі беріктігі 300÷400 МПа). Осы жағдайда жоғары сынғыштық жағдайы – оң қасиет саналады; ажарлау кезінде қатты түйіршіктер қайралады, деформацияланбайды (ауыстырлмайды) және өткір және әрі қарай ажарлауға жарамды болады.

Осы топтағы материалдар жиі қолданылады:

- болатты ажарлауға арналған электркорундті шеңберлер; оның қаттылығы 2200÷2500 HV, иілу кезіндегі беріктігі ~80 МПа, жұмысшы температурасы ~1800°C дейін;
- түсті металдарды ажарлау үшін негізінен карбидті кремнийлі шеңберлер қолданылады. Бұл материалдар қаттылығы 1800÷2000 HV, құрылымында қатты фазалар – беріктендіргіштер (ванадий карбиді) бар, жоғары қаттылықты болатты ажарлау үшін аз жарамды. Осындай материалдарды ажарлау кезінде абразивті шеңбер жылдам тозады.

Өте жоғары қаттылықты материалдар. Алмаздар (табиғи және жасанды) қаттылығы өте жоғары (10000 HV) және иілімділік модулі (800000 МПа). Бірақта ию кезіндегі қаттылығы төмен (300 МПа) болады. Алмаздар 800°C дейін тұрақты, оған кейін олар көмірленеді.

Кубті натрид боры (эльбор) ұсақ кристалдар түрінде жоғары қысым кезінде арнайы технология бойынша, сонымен бірге бөлшектер өлшемі 5÷6 мм поликристалды материалдардан жасалады. Иілімділік және беріктік модулінде бірдей алмазды кезінде біршама аз қаттылықты (8500÷9000 HV) болады. Бұл материал ~1400°C температураға дейін тотығуға тұрақты және кесу және ажарлау кезінде түзілетін біршама қызу кезінде өңделетін материалмен (оның ішінде болатпен) өзара әрекеттеспейді.

Кубті натрид боры жеткілікті қалыңдықты металл қабатын алумен жоғары қаттылықты болатты ажарлау үшін қолданылады. Ажарланған қабат осы кезде, ерекше жоғары қаттылықты материалдарға карағанда 1÷3 сыныпты (топты) жоғары болады. Кубті натрид боры сонымен бірге бірқатар материалдарды кесу үшін жарамды [2].

1.4. Ерекше физикалық қасиетті болаттар және қортпалар

1.4.1. Қысқаша жіктемесі

Бұл болаттар аспапжасау өндірісінде кеңінен қолданылады. Аспаптардың көптеген металды бөлшектері үшін кейде берілген магнитті сипаттарды, ал басқа бөлшектер үшін – белгілі электрлі шамаларды, жылу қасиеттерін және т.б. алу керек.

Осы болаттар және қортпалардың механикалық қасиеттерінің мәні негізгі емес. Ерекше қасиетті қортпаларды қорту кезінде қоспалар бойынша тазалық және химиялық құрамының әлділігін сақтауға қатысты өте жоғары талаптар қойылады. Мұндай қортпалар прецизиялықты деп аталады.

Ерекше физикалық қасиетті болаттар және қортпалар бөлінеді:

- магнитті болаттар және қортпалар;
- металды шыны (аморфты қортпалар);
- жоғары электрлі кедергілікті болаттар және қортпалар;
- сызықты кеңеюі берілген температуралық коэффициентті қортпалар;
- «қалып жады» тиімділікті қортпалар [1].

1.4.2. Магнитті болаттар және қортпалар

Магнитті болаттар және қортпалар үш топқа бөлінеді: магнитті-қатты; магнитті-жұмсак; парамагнитті.

1. Магнитті-қатты материалдар әртүрлі қолданысты тұрақты магниттерді жасау үшін қолданылады. Олардың қалдықты индукциялығы үлкен, коэрцитті күші жоғары, магнитті өткізгіштігі үлкен емес. Сонымен бірге тұрақты магнитке арналған материалдарға қатысты уақыт ішіндегі олардың тұрақтылығы қажет. Олар үшін кең гистерезисті ілмек тән. Жоғары коэрцитивті күшті алу үшін бұл болаттардың құрылымы тең емес, әдетте – құрылым ақаулығының тығыздығы жоғары мартенситті.

Тұрақты магниттерге арналған материалдар көміртекті, хромды, кобальтті, Fe-Ni-Al жүйелі болаттар қорпалыар және т.б. жатады. Легірлеуші элементтер коэрцитивті күшті және магнитті индукцияны жоғарлатады, сонымен бірге тұрақты магниттің температуралық және магнитті тұрақтылығын жақсартады.

Хромды және кобальтті болаттар қысым және кесумен салыстырмалы жеңіл өңделеді, бірақта салыстырмалы аз магнитті энергиялы болады. Тұрақты магнитті материалдардың магнитті қасиеттері 1.37 кестеде, магнитті қорпалардың үлгілік қолданысы – 1.38 кестеде келтірілген.

1.37 кесте

Магнитті-қатты қорпалардың магнитті

Қорпа маркасы	Қалдықты индукция Вг, Тл	Коэрцитиялық күш Нс, кА/м
ЕХ3	0,95	60
Е7В6	1,0	68
ЕХ5К5	0,85	90
ЕХ9К15М2	0,8	150
ЮНДК15	0,75	48
ЮН14ДК25А	1,4	52
ЮНДК31Т3БА	1,15	92
ЮНДК40Т8АА	0,9	145
ЮНДК35Т5БА	1,02	110
ЮНДК35Т5АА	1,05	115

Ескерту: «А» не «БА» әріптері бағытталған кристаллизациялаудан кейін магнит құймасының құрылымы бағаналы болатынын білдіреді, ал «АА» – әріпмен монокристалды құрылым белгіленеді.

Үлгілі мақсаты магниттік қорытпалар

Қортпа маркасы	Қолданыс аумағы
1	2
1. Магнитті өткізгіштігі жоғары қорытпалар (магнитті-жұмсақ)	
45Н, 50Н	Шамалы магниттелген не магниттелмеген жоғары индукция кезінде жұмыс жасайтын реле және магнитті тізбекті бөлшектер, дросселдер, шамдар арасындағы және шағын габаритті күшті трансформаторлар өзекшелері үшін
50НХС	Қақпақша, шамалы магниттелген не магниттелмеген жұмыс жасайтын жоғары тазалықты және дыбысты байланыс аппаратурасы және импульсті трансформаторлар өзекшелері үшін
40Н	Автомобильдің тұтандыру сымдарындағы ақаулықтарды жоятын өзекшеге арналған
50НП, 68НМП, 34НКМП, 35НКХСП, 40НКМП	Есептеу аппараттары есеті-есептеу машиналарының элементтері, түзету қондырғылары, коммутирлеуші дросселдер, магнитті күшейткіштердің өзекшелеріне арналған
76НХД, 79НМ, 80НХС, 77НМД	Магнитті экрандардың әлсіз өрістерінде жұмыс жасайтын реле және дросселдер, шағын габаритті трансформатордың өзекшелеріне арналған. Аз қалыңдықта (0,05÷0,02 мм) – түйіспейтін реле және магнитті күшейткіштер, импульсті трансформаторлар өзекшелеріне арналған; 80НХС марка – магнитті қақпақшалардың өзекшелеріне арналған
68НМ, 79НЗМ	Импульсті және кеңжолақты трансформаторлар өзекшелеріне арналған
47НК, 64Н, 40НКМ	Кеңжолақты трансформаторлар, сүзгіштер дросселі, тұрақты индуктивті катушкалар өзекшелеріне арналған
16Х	Әртүрлі басқару жүйелі электрмагнитті және зәкірлердің магнитті сымдарға; қысым және температура, қоршаған ортаның әсер етудегі күрделі жағдайда жұмыс жасайтын қорғаныссыз қаптамалы электрлі машиналар бөлшектерге арналған

1	2
36КНМ	Теңіз суында жұмыс жасайтын магнитті сымдар үшін
83НФ	Әлсіз өрістерде жұмыс жасайтын шағын габаритті трансформаторлар және дросселдер өзекшесіне арналған, магнитті экрандарға арналған
27КХ	Механикалық жүктеме жағдайында және қалыпты және жоғары температура кезінде жұмыс жасайтын электрлі машиналардың роторлары және статорлары және басқа магнитті сымдарға арналған
49К2Ф	Телефонды мамбранды ультрадыбысты түрлендіргішті дестелерге арналған
49КФ	Полюсті ұштар және өзекшелер, магниттер және соленоидтерге арналған
49К2ФА	Электрлі машиналардың роторлары және статорлары, магнитті күшейткіштер, трансформаторларға арналған
79НМП, 77НМДП	Триггерлі жүйелер, ығысу тіркеуіштері, логикалық элементтер, ауыстырып қою қондырғылары, шағын габаритті таспалы магнитті өзекшелерге арналған
81НМА	Жоғары сезімталды радиоэлектронды аппаратурада қолдануға арналған фрозондар, магнитті экрандар, дефектоскоптар, реле, дросселдер, шағын габаритті трансформаторлар, магнитті қақпақшалардың өзекшелеріне арналған
2. Магнитті-қатты қортпалар	
52К10Ф, 52К11Ф, 52К12Ф, 52К13Ф	Шағын габаритті тұрақты магниттерге арналған. 52К10Ф және 52К11Ф маркалы қортпалар, сонымен бірге гистерезисті қозғалтқыштардың белсенді бөліктеріне арналған
35КХ4Ф, 35КХ6Ф, 35КХ8Ф	Гистерезисті қозғалтқыштардың белсенді бөліктеріне арналған
ЕХ3, ЕВ6, ЕХ5К5, ЕХ9К15М2	Жауапты емес қолданысты тұрақты магниттерге арналған

Үлкен емес өлшемді тұрақты магниттерді жасау үшін жоғары көміртекті инструменталды болаттар (У10÷У12) қолданылады, олардың шыңдалудан кейінгі $H_c = 60\div 65$ Э және $B_r = 8000\div 8500$

Гс болады. ЕХЗ (1%С, және 1,5 не 3%Cr) хромды маркалы болаттар көміртекті сияқты шамалы жақын магнитті қасиетті болады. Бұл болаттардың шынықтырғыштығы үлкен, сондықтан олардан үлкен өлшемді магниттерді жасауға болады. Басқа болаттармен салыстырғанда 5 не 15%Mo (ЕХ5К5, ЕХ9К15М2) хромды құраммен қатар кобальт болаттың магнитті қасиеттері ($H_c = 100\text{--}170$ Э, Вг до 8000 Гс) ең үлкен, бірақта кобальттің тапшылығы оны пайдалануды шектейді. Жауапты қолданысты жоғары сапалы магниттерді жасау үшін ални (Al+Ni), алниси (Ni+Al+Si), алнико (Ni+Co+Al+Cu) қорпалары қолданылады, олардың меншікті магнитті энергиясы, сонымен бірге коэрцитивті күші де жоғары. Олардан аз габаритті және салмақты қуатты магниттер жасалады, бұл аспапжасау саласы үшін маңызды. Осы қорпалардан жасалған магниттер дәл құю әдісімен алынады, бірақта олар деформацияланбайды. Олардың қаттылығы және сынғыштығы үлкен, олар ажарлаумен ғана өңделеді.

Тұрақты магниттерді өңдеу үшін әртүрлі магнитті текстуралы қорпалар қолданылады, олар салыстырмалы кесумен жеңіл өңделеді. Олар жолақ, таспа және т.б. түрде өндіріледі. Мұндай қорпа ретінде мысалы, **викалалы** (52%Co, 14%V, қалғаны – Fe) қарастыруға болады, 40 кА/м коэрцитивтік күші кезіндегі қалдықты индукциясы 1,0 Тл тең. Сирек жерлі металдар қосындысы негізіндегі жоғары коэрцитивті қорпалар қолданылады.

2. Магнитті-жұмсақ материалдар (электртехникалық болаттар). Осы топтағы болаттар үшін аз коэрцитивті күш, жоғары магнитті өткізгіштік және жіңішке гистерезисті ілмек, артық магниттелген кездегі аз шығын тән. Олардың меншікті электркедергілігі жоғары, оның жоғарлауымен құйынды токтардағы шығын азайады. Магнитті-жұмсақ болаттар тұрақты және ауыспалы токты магнитті сымдарды, тұрақты токты машина полюстерін және зәкірлерін, асинхронды қозғалтқышты роторлар және статорларды, үлкен электрлі машиналардың магнитті тізбектерін, күшті трансформаторлар, аппараттар, аспаптар және т.б. жасау үшін қолданылады.

Магнитті жұмсақтықты алу үшін тепе-теңдікті күйге қатысты максималды жақындық, блоктар ұсатылуын және торлар бұрмалануын, көдерді жоюды, сонымен бірге үлкен түйіршікті алу қажет. Аз коэрцитивті күшті және мерромагнитті материалдардың жоғары магнитті өткізгіштігін алу үшін қоспа және қосындылардан таза болу керек.

Бұл материалдар: төмен тазалықты, жоғары тазалықты және ерекше магнитті қасиетті материалдар болып бөлінеді.

Магнитті-жұмсақ материалдарға ең жақын таза металдар саналады, бірінші кезекте таза(техникалық таза) темір. Таза темір – өзінің құрамы бойынша магнитті-жұмсақ материал, онда барлық қоспалар, әсіресе көміртек, зиянды, сондықтан оның құрамы шектелген. Жеке шектелген жағдайда тек ғана темір негізді қорtpалар ғана емес, сонымен бірге басқа металдар – никель және кобальт қолданылады. Сонымен бірге төмен көміртекті теміркремнийлі қорtpалар – трансформаторлы және динамды болат ($0,05 \div 0,005\%C$, $0,8 \div 4,8\%Si$) кеңінен қолданылады. Кремний темірмен қатты ертінді түзейді, электркедергілікті жоғарлатады, гистерезис ілмегінің көлемін азайтады, түйіршіктің өсуіне қатысты қабілеттілікті жоғарлатады, бұл өз кезегінде магнитті өткізгіштіктің жоғарлауына әсер етеді. Бұл болаттар босатылған күйде қолданылады, сонымен қақталма коэрцитивті күшті жоғарлатады және магнитті өткізгіштікті төмендетеді. Электртехникалық болаттар орама, табақтар, және кесілген таспалар түрінде жасалады. Ол цифрлармен (21427.4-85МЖСТ) таңбалаыады. Бірінші цифр құрылымды және таптау түрін анықтайды: ыстықтай тапталған изотропты (1), салқындай тапталған изотропты (2) және салқындай тапталған [100] бағытта (3) қырлы текстуралы анизотропты. Екінші цифр болат құрамындағы кремний құрамын көрсетеді: 0 – 0,4% дейін, 1 – $0,4 \div 0,8\%$, 2 – $0,8 \div 1,8\%$, 3 – $1,8 \div 2,8\%$, 4 – $2,8 \div 3,8\%$, 5 – $3,8 \div 4,8\%$. Үшінші цифр гистерезистегі шығынды және жылу шығындарын анықтайды. Төртінші цифр – нормаланатын цифрдің санды мәнінің кодын анықтайды. Цифр қаншалықты үлкен болса, соншалықты P1,5/50 ($B = 1,5$ Тл және $f = 50$ кезіндегі меншікті шығын) меншікті шығын аз болады.

Индукцияның үлкен мәндерін алу үшін өте әлсіз магнитті өрісте Fe-Ni қорtpалар қолданылады, олар пермалды – деп аталады, әлсіз магнитті өрістегі бастапқы магнитті өткізгіштігі жоғары қорtpалар. Бұл никельді темірлі ($35 \div 85\%Ni$) $3,2 \div 3,8\%Mo$ қоспалы қорtpалар. Молибден және кобальт қоспасы пластикалық деформациялануға қатысты сезімталдылығын азайтады, магнитті өткізгіштігін және меншікті электрлі кедергілігін жоғарлатады. Мыс меншікті электркедергілікті жоғарлатады және қасиеттерін тұрақтандырады. Жоғары никельді пермаллои (79НМ, 81НМА) салыстырмалы үлкен емес қанығу индукциясы ($\sim 0,75$ Тл) кезінде әлісіз өрісте магнитті өткізгіштігі жоғары болумен сипатталады. Пермаллои вакуумды қайта балқытумен никель және темірдің таза сортынан алынады. Пермаллои магнитті сымдар үшін табақтар және таспа түрінде жасалады. Сонымен бірге **гайперник** деп аталатын $45 \div 50\%Ni$ қорtpалар қолданылады.

Алсифер – үлкен емес коэрцитивті күшті және әлсіз өрістегі магнитті өткізгіштігі жоғары жүйелі Fe-Al-Si (5,4%Al, 9,6%Si, 85%Fe) қорпалар. Алсифер сынғышты және кесумен өңделуі нашар. Қымбат жоғары никельді қортпа пермалл қолданылатын мақсатта қолданылады. Алсиферлі бөлшектер пішінді құюмен жасалады.

Перминвар – тұрақты магнитті өткізгішті қортпа. Бұл қорпалар 45НК (45%Ni, 25%Co, қалғаны – Fe); 45НМК қортпа (45%Ni, 25%Co, 7,5%Mo, қалғаны – Fe); 70НК (70%Ni, 7%Co, қалғаны – Fe).

Пермендюр – кобальті және ванадийлі темірлі (50%Co, 1,8%V, қалғаны – Fe) қортпа. Қайтарымды магнитті өткізгіштігімен, жоғары тұрақты магнитті қасиетімен және қаныққан жоғары индукциялығымен ерекшеленеді. Үлкен емес кеңестікте қуатты ағымды күшті сызықтарды шоғырландыру қажетті кезде аспаптар, магниттерді жасау үшін қолданылады.

Абразивті ортадағы үйкеліс кезінде сұр шойын тозуға тұрақты материал ретінде қолданылмайды. Бірақта майлау абразивті бөлшектермен (қозғалтқыштар цилиндрлеріне және компрессорларға, бағыттаушы білдектерге тән жағдай) қалыпты ластанған кезде оның тозу мықтылығы жеткілікті жоғары болады. Үйкеліс аймағында графитті кеуектер абразивті бөлшектерді «жұтады», соның әсерінен абразивті тозу қарқыны төмендейді.

Сұр шойынның тозу мықтылығы оның құрылымына тәуелді болады. Құрылымның әсері әртүрлі үйкеліс жағдайында әртүрлі дәрежеде байқалады. Металды негізді (шыңдалмаған) шойынды перлитті құрылымның тозу мықтылығы ең жоғары болады. Сонымен бірге перлит қағшалықты дисперсті болса, соншалықты тозу аз болады; ал ферриттің $5 \div 15\%$ артық мөлшері шойын қаттылығын және тозу мықтылығын, оның қарсы кетікті қасиеттерін төмендетеді. Сұр шойынның тозуына ферриттің кері әсер етуі өте қатты байқалады.

Перлитті шойындағы эвтектикалық цементит қоспасы, әсіресе ластанған майлау жағдайында (абразивті тозу) оның тозу мықтылығын жоғарлатады.

Сапалы орындалған шыңдалу (мартенсит қаттылығы 700 HV кем емес, шойын 42 HRC кем емес) сұр шойынның тозу мықтылығын біршама жоғарлатады.

Тозу қарқынына графиттің таралуы әсер етеді, ол графит пластиналары арасындағы «а» орташа арақашықтығымен (графитті қоспалы қиылсатын қиманың кері санының шамасы) сипатталады. Шойында цилиндрлер гильзасы графит пластинасының оңтайлы ұзындығы – 45÷90 мкм.

Герметикалық, құйма қабырғасы арқылы белгілі қысым астында газ не сұйықтықтың сүзуге қарсы тұру қабілеттілігі ретінде, графитке қатысты, сонымен бірге шөгудің кеуектілігіне және жұмысшы орта күйіне және қасиетіне, бір жағынан, ал екінші жағынан құйманың құрамы, құрылымына және тығыздығына тәуелді сұр шойынның маңызды пайдалану қасиеті. Мұндағы ең маңызды құрылымдық құрамдас бөлік графит, оның құрамының және өлшемдерінің жоғарлауы графитті кеуектіліктің жоғарлауына әсер етеді. Шөгпелі кеуектілік қоректену жағдайына қатысы тәуелділікте орындалады, ол металды статистикалық қысым және құманың кату градиентінің жоғарлау шамасы бойынша жақсарды.

Герметикалық газ, сұйықтың (шығынмен) ағу жылдамдығы, не қысым шамасымен, сол кезде ағудың басталуы анықталады. Құйманың герметикалығын анықтайтын негізгі фактор, қуыс және кеуектің өздерінің арасындағы олардың өзара бір-бірімен (транзиттік), жалғастыруы саналады. Транзитті кеуектілік құйманы сынау не пайдалану процесінде жеке кеуектер арасындағы далданың бүліну есебінен жоғары қысым кезінде жоғарлайды. Сұр шойындағы транзитті кеуектер металды матрица және графитті қоспалар арасындағы жалғастырушы болып саналады, сонымен бірге дендритті жалғастырушылар арасындағы жолақ өлшемі 1 мкм кем емес болады.

Шойынның герметикалығы графит қоспасының мөлшері және өлшемінің жоғарлауы кезінде төмендейді. Қалыңдығы 1 мм қабырға арқылы газдың ағуы, шойынның көміртекті эквиваленттінен жоғары және оның салқындау жылдамдығы төмен болғанда үлкен болады. Легірлеу шойынның герметикалығын жоғарлатады.

Тоттану төзімділігі. Сұр шойын тотануға төзімді материал саналмайды. Қышқылды күшті және әлсіз ертінділердегі оның тотану

жылдамдығы жоғары болады. Хроммен (0,4÷0,8%) және никелмен (0,35÷1,0%), легіріленген сұр шойын 323 К дейінгі температура кезінде сілтілі төзімді болады.

Сұр шойынның тотану төзімділігіне, химиялық құрам және құрылымға қарағанда құймадағы оның тығыздығы үлкен әсер етеді. Құрамындағы кремний 1,5% кем сұр шойынның тығыздығы үлкен болады. Центробежді тәсілмен құйылған сұр шойыннан құбырдағы түпті тотану жылдамдығы аз және стационарлы қалыпта құйылған құймаларға қарағанда оның тығыздығы үлкен болады.

0,6% дейінгі Cu қосқан кездеәлсіз қауіпті бірқатар ортада (атмосфералық тоттану және сірке қышқылындағы тоттану) сұр шойынның тоттану төзімділігі жоғарлайды. Тұзды және сілтілі ертінділерде мысты шойындардың төзімділігі жоғары болады. 2% дейінгі Sn қосқан кезде шойын төзімділігі 10-, 20%-қышқылда 1,3÷2,3 есе (тұзды қышқыл); 1,8÷2,0 есе (азотты қышқыл); 2÷6 есе (күкіртті қышқыл); 1,3÷2,3 есе (тұзды қышқыл); 2,5÷3,0 есе (сіркелі қышқыл) жоғарлайды. 1:2 қатынаста (1% дейінгі жиынтықта) сурьма және мыспен легірлеу бірқатар қышқылдағы сұр шойынның төзімділігі, әсіресе тұзды қышқылдағы сұр шойынның төзімділігі жоғарлайды.

Пластикалық графитті сұр шойынның ыстыққа төзімділігі, жоғары берікті және соғылған сұр шойынға қарағанда төмен, өйткені графитті қоспалар шекарасы бойынша шойынның тотығуы орындалады. Хром және мыспен (1% дейін) легірлеу ең жақсы нәтижелерді береді. Сұр шойынның модифицирлеу, графитті ұсатумен, тұрақтылықтың дамуына және тотануға қатысты тұрақтылықты жоғарлатады.

Құйылған сұр шойын қасиеті басқа қортпаларға қарағанда жақсы болады. Бұл оны жұқақабырғалар құмасы үшін пайдалануға мүмкіндік береді және жарамды шығудың жоғары коэффициенті кезінде технологиялық процестердің салыстырмалы қарапайымдылығы анықталады. Біріншіден, атап өту қажет, $\lambda_{ж}$ **сұйықтың аққыштығы** әртүрлі тәсілдермен, бірақта жиі металды не құмды қалыпта құйылатын спиральді үлгі бойынша анықталады. Сұр шойынның жоғары құймалы қасиеті әртүрлі құймалы бөлшектерді алуға мүмкіндік береді. Сұр шойынан жасалған мұндай бөлшектер болатты бөлшектермен салыстырғанда шамамен орташа 1,5 есе, түсті қортпалар құймаларынан бірнеше есе арзан болады. Сұр шойынның маркасы қаншалықты төмен болса және соншалықты фосфор құрамы жоғары, соншалықты $\lambda_{ж}$ үлкен болады. Басқа элементтердің әсер етуі негізінен, металдың тұтқырлығының өзгеруімен; бірауақытта марганец

және күкірт құрамы жоғары MnS сульфидтер түзілуімен анықталады, сонымен бірге ерімеген графит және басқа балқуы қиын металды емес қоспалы металда $\lambda_{ж}$ төмендейді. Шихтаны таңдаумен және сәйкесті сұйық металлды өңдеумен (күкіртсіздену, газдандырусыз, артық қызу) осы қоспаларды жоюмен біршама $\lambda_{ж}$ жоғарлатуға болады. Жоғарлаған $\lambda_{ж}$ мәні өте пайдалы, өйткені құйманың қосылмай қалу ақаулығы, толығымен құйылмау, газды қылау, шөкпелі кеуектілік және т.б. ақаулықтардың азайуы мүмкін. Сонымен қатар аз $\lambda_{ж.мин}$ сұйықтық аққыштығы шойын маркасы және құйма қалыңдығына қатысты тәуелділікте анықталады. Сонымен, мысалы, СЧ 20÷СЧ 30 маркалы шойындар үшін көлем қимасы 50 мм² спиральды үлгі кезінде келесі $\lambda_{ж.мин}$ шектіктер ұсынылады:

Құйма қалыңдығы, мм	3÷6	6÷15	15÷25	>25
$\lambda_{ж.мин}$, см	50÷70	40÷50	30÷40	20÷30

Құйманың салқындау жылдамдығы шойынның құрылымының қалыптасуына біршама әсер етеді. Салқындау жылдамдығының жоғарлауы шойындағы химиялық байланысқан көміртектің (цементита) мөлшерлемесінің жоғарлауына, ал еркін графиттің бөлінуі азайады. Сондықтан әртүрлі қималы құйма шойынында бір химиялық құрамды шойында әртүрлі құрылымды шойын алынады. Мысалы, үлкен жылдамдықпен салықндатылатын құйма бетінде ақ шойын құрылымы түзіледі, ал шойынның орта бөлігінде графитизациялану дәрежесі әртүрлі сұр құрылым түзіледі. Салқындау жылдамдығы құйма қабырғасының қалыңдығына, материал түріне және шойынның құю температурасына қатысты тәуелді болады.

Автомобильдер және тракторлар конструкциясындағы сұр шойынында құйылған бөлшектер салмағы жалпы салмақтың 15÷25% құрайды. Негізгі номенклатура – бұл жауапты бөлшектер: блоктар, қақпақшалар, цилиндрлер гильзасы, қозғалтқыштың түпті подшипниктерінің қақпақшалары, тежеу дискілері және ілініс дискілері, тежеу барабандары, бөлшектер үшін сұр шойын оңтайлы технологиялықты және тиімді конструкциялы материалдар ретінде қолданылады.

СЧ10, СЧ15, СЧ20 маркалы шойындар – ферритті және ферритті-перлитті шойынды. Бұл шойындар құйма қабырғасының қалыңдығы 10÷30 мм жұмыс жасау кезінде шамалы жүктемелер әсер ететін аз жауапты бөлшектерді жасау үшін қолданылады. Сонымен СЧ10 шой-

ыны құрылысты бағаналар, іргетасты плиталарды, ал СЧ15 және СЧ20 – автомобильдер, тракторлар, білдектер, ауылшаруашылығының машиналарының аз жүктемелі құйылған бөлшектерін жасау үшін қолданылады. Перлитті шойындар (СЧ21, СЧ24, СЧ25, СЧ30, СЧ35) қабырғалар қалыңдығы 60÷100 мм (қабырға қалыңдығы қаншалықты қалың болса, соншалықты механикалық қасиеттері төмен болады) жауапты құймаларды (үлкен қысым жағдайында тозумен жұмыс жасайтын механизмдер және қуатты білдектер тұғырлары, поршендер, цилиндрлер, бөлшектер, компрессорлар, арматуралар, дизельді цилиндрлер, козғалтқыштар блоктары, металлургиялық жабдықтар бөлшектері және т.б.) жасау үшін қолданылады [20, 21].

3.4. Сұр шойынды құймалардың қасиетіне химиялық құрамының әсері

Машинажасау салаларында қолданылатын құймалар үшін қолданылатын сұр шойын құрамында 2,7÷3,6%С, 1,5÷3,5%Si, 0,4÷1,0%Mn, 0,3%P дейін, 0,1%S дейін болады. Қалыңқабырғалар үшін көміртек құрамының төменгі шегі, ал жоғары – жұқақабырғалы құймалар үшін қолданылады. Шойын құрамына кіретін көміртек жартылай еркін күйде, ал қалған бөлігі байланысты күйде (Fe_3C химиялық қосылыс не темірдегі қатты көміртекті ертінді түрінде) болады. Көміртектің құрамының жоғарлауымен еркін бөлінетін графит мөлшері жоғарлайды. Осы кезде әрбір қоспаның өлшемі көбейеді. Графитті пластиналардың құйындылығы қаншалықты аз болса, соншалықты олардың металды массадағы шоғырлануы азайады, соншалықты шойын беріктенеді. Шамалы көлемдегі пластиналардың үлкен санының шоғырлануы шойынның кеуектілігіне әсер етеді.

Кремний цементтің ыдырауына және графиттің бөлінуіне ықпал етеді. Кремнийдің шойынның микроқұрылымына өзінше әсер етуі, көп жағдайда көміртекке ұқсас болады.

Марганец толығымен шойында ериді, ертіндіге феррит және цементпен бөлінеді. ол графиттелуге кедергі жасайды және шойынның ағаруына ықпал етеді. Марганец құрамы 1% дейін болған кезде күкірттің кері әсерін бейтараптандырумен механикалық қасиеттің жоғарлауына ықпал етеді. Әрі қарай марганец құрамы жоғарлаған кезде шойынның сынғыштығы жоғарлайды.

Күкірт темірмен бірге FeS қосылысын түзейді, ол шойында ериді. Шойын қатқан кезде күкіртті темір темірмен жеңіл балқитын қортпа

Fe+FeS түзейді, балку температурасы 950°C. Бұл қортпа шойында ең соңында қатады және кристалдар арасындағы кеңестікте орналасады, бұл жоғары температура кезінде шойынның механикалық қасиеттерін төмендетеді. Күкірт шойынның сұйықты аққыштығын төмендетеді, шөгуді жоғарлатады және құймадағы жарықшаның түзілуіне қатысты қабілеттілікті жоғарлатады. Шойындағы күкірттің кері әсер етуі күкірт құрамынан 5÷6 есе жоғары мөлшерлі марагнецті қосумен бей-тараптандырылады,

Қатты шойын құрамындағы фосфор еріген күйде болады. Құрамы ерудің жоғары шегінен артық болған кезде ол фосфидті эвтетикалықты түзеді, ол фосфордың 0,7% дейінгі мөлшері кезінде жеке қоспа түрінде бөлінеді, сонымен бірге тағы үлкен мөлшерлі кезде осы қоспалар жалпақ тоға бірігеді. Жауапты құймада фосфор құрамы 0,2÷0,3% артық емес болу тиіс. Оның жоғары құрамы шақтамалы шойынның сұйық аққыштығын жоғарлатумен жұқақабырғалы құйманы (мысалы, көркемді құю) жасау үшін қажет, олар үшін жоғары беріктік қажет емес.

Никель графиттеуге және ұсақ дисперсті перлиттің түзілуіне ықпал етеді, әртүрлі қимада тығыз құрылымды және бірқалыпты құйманы алуды қамтамасыз етіледі.

Хром карбид түзейтін, графиттелуді қиындататын элемент саналады. Ол шойын қаттылығын жоғарлатады және оның өңделуінің нашарлатады. Сондықтан хромды енгізу кезінде міндетті түрде кремний құрамы жоғарлайды. Негізінен, хром никельмен бірге бөлінеді, шойынның жоғары механикалық қасиетін алуды қамтамасыз етеді.

Молибден ұсақ және тығыз құрылымды, сонымен бірге ол шойынның ыстықты беріктігін жоғарлатуға ықпал етеді. 3.9 кестеде сұр шойынның маркаларының химиялық құрамы келтірілген [21].

3.5. Жоғары берікті шойынды құймалар сипаттамасы және қолданыс аумағы

Жоғары берікті шойынның механикалық және пайдалану қасиетінің диапазоны кеңінен қолданылады. Шойындар арасындағы ең жоғары созылмалық және тұтқырлықпен сипатталатын ферритті жоғары берікті шойын, құйылған бөлшектерге және салқынды және соққы тұрақтылықты, жақсы дәнекерлеу және кесумен өңдеуді қамтамасыз етеді.

3.9 кесте
SAE J431C (АКШ) стандарттарына сәйкесті шойындар маркалары және химиялық құрамы

Шойын мар-касы	Элементтер құрамы, %									
	C	Si	Mn	Cr	Ni	Ti	Cu	Sn		
Дизельді қозғалтқыштар блоктары және қақпақшалары										
СЧ 20	3,2÷3,5	2,0÷2,4	0,6÷0,8	0,3÷0,45	0,15	0,03÷0,08	0,15±0,4	-		
СЧ 20	3,3÷3,45	2,0÷2,4	0,5÷0,7	0,3÷0,4	0,12	0,03÷0,08	0,3±0,4	-		
СЧ 25	3,2÷3,5	1,7÷2,1	0,5÷0,8	0,3÷0,6	0,2÷0,5	0,03÷0,08	0,3±0,6	-		
3000 (СЧ 20)	3,1÷3,4	1,9÷2,3	0,6÷0,9	-	-	-	-	-		
3500 (СЧ 25)	3,0÷3,3	1,8÷2,2	0,6÷0,9	-	-	-	-	-		
Блоки карбюраторлы қозғалтқыштар блоктары										
СЧ 20	3,3÷3,5	2,1÷2,4	0,45±0,6	0,1±0,35	0,1±0,25	-	-	0,06±0,1		
СЧ 25	3,3÷3,6	2,3÷2,6	0,8±1,1	0,2±0,35	0,15±0,35	-	0,4±0,6	-		
СЧ 30	3,2÷3,4	2,0÷2,3	0,5±0,8	0,25±0,4	0,1±0,25	-	-	0,08±0,12		
СЧ 35	3,25÷3,35	2,1±2,2	0,5±0,7	0,1±0,25	0,1±0,3	-	-	-		

Ескерту: жақша ішінде 1412-85 МЖСТ бойынша эквивалентті марка берілген.

3.10 кесте
Жоғары берікті шойын маркалары және механикалық қасиеттері

Шойын маркасы	σ _в , МПа	σ _{0,2} , МПа (артық емес)	δ, %	НВ	Шойын маркасы	σ _в , МПа	σ _{0,2} , МПа (артық емес)	δ, %	НВ
ВЧ40	400	250	15	140±202	ВЧ70	700	420	2	228±302
ВЧ45	450	310	10	140±225	ВЧ80	800	480	2	248±351
ВЧ50	500	320	7	153±245	ВЧ100	1000	700	2	270±360

Перлитті жоғары берікті шойын статистикалық және циклді жүктемелерге, тозу және кетікті тұрақты кедергілікті болады.

Жоғары берікті шойын белгіауыспалы динамикалық жүктемелі, жоғары қысымды, қалыпты қауіпті газды сұйық орталы (қышқылды, тұзды, сілтілі), кері температуралы (-100°C дейін), термоқажу, (400÷600°C дейінгі максималды температуралық цикл кезінде) жылулы соққы жғдайында жұмыс жасайтын соғу және сұр шойынды, көміртекті болаттар орына қолданылады.

Соққы- және тотануға мықтылықтың үйлесімділігіндегі жоғары герметикалық жоғары берікті шойын фитингтер және екпінді құбырлы ең тиімді материал ретінде қолданылады.

7293-85 МЖСТ сегіз жоғары берікті шойынды маркалар қарастырылған (3.10 кесте). Көрсетілгендей, жоғары берікті шойынды маркалар шартты шекті аққыштық ($\sigma_{0.2}$) және созылу (σ_b) кезінде уақытша үзілу кедергілік көрсеткіштерімен анықталады. Ал марка ВЧ әріптерімен шартты және шартты сандық цифрмен минималды σ_b мәні МПа*10⁻¹ белгіленеді.

Жоғары шойынның ерекше айырмашлығы оның механикалық қасиеті саналады, бұл шар тәрізді графиттің болуына қатысты, сұр шойында қаншалықты графит созылмалы болса, соншалықты матрицаның жұмысшы кимасы әлсіз, сонымен қатар, өте қатты керткішеуші әсер етеді, соның нәтижесінде графитті сфероидтер айналасында еі дәрежелі кернеу концентрациясы түзіледі. Сонымен бірге жоғары берікті шойыннан және тағы сияқты басқа шойындардан, металл құрамын таңдаумен, оның ішінде легірлеу, өндіріс технологиясын және термиялық өңдеу әдістерін таңдаумен белгілі құрылымдық матрицаны алуға болады.

Осының барлығы, қолданыстағы шойындар түрлеріне қатысты артық жоғары механикалық қасиетті шойын түрлерін алуға мүмкіндік береді. Жоғары берікті шойынның механикалық қасиеттері құйылған күйде не термиялық өңдеуден кейін қамтамасыз етіледі. Салыстырмалы ұзарту, қаттылық және соққылы тұтқырлық көрсеткіштері тек ғана нормалы-техникалық құжаттар талаптарына қатысты анықталады, олар 7239-85 МЖСТ нормаларына сәйкес болу керек, бұл нормада өндіруші және тұтынушы арасындағы келісім бойынша, нормалық шамалардан басқа салыстырмалы ұзарту, қаттылық және соққы тұтқырлығы белгіленеді.

Жоғары берікті шойынның маркалары және механикалық қасиеттері жайлы мәліметтері 3.11 кестеде келтірілген. Кейбір шетелдік стандарт-

тарда (мысалы, АҚШ) барлық жоғары берікті шойындар маркалары үшін тек ғана қаттылық және металды негізді түрлер рәсімделген. Жеке шетелдік фирмалар стандартында, көптеген ұлттық стандарттар талабынан біршама артық жоғары берікті шойындардың механикалық қасиетінің сондай деңгейі рәсімделеді.

3.11 кесте

Шетелдік стандарттарға сәйкес жоғары берікті шойын маркалары және механикалық қасиеттері

Шойын маркасы	σ_b , МПа	$\sigma_{0,2}$, МПа	δ , %	НВ, ГПа	КС, кДж/м ²
	(кем емес)				
1	2	3	4	5	6
Ұлыбритания BS 2789-85					
350/22	350	-	-	-	-
400/18	400	-	18	-	-
420/12	420	255	12	-	-
450/10	450	-	10	-	-
500/7	500	315	7	170÷241	-
600/3	600	360	3	192÷269	-
700/2	700	410	2	229÷302	-
800/2	800	470	2	248÷352	-
900/2	900	-	2	-	-
Жапония JIS G5502-1986					
FCD40	400	260	15	121÷197	-
FCD45	450	300	10	143÷217	-
FCD50	500	350	7	170÷241	-
FCD60	600	400	2	207÷285	-
FCD70	700	450	2	229÷321	-
АҚШ, ASTM A-536-802					
60-40-18	420	280	18	140÷190	-
65-45-12	450	315	12	140÷190	-
80-55-06	560	385	6	190÷225	-
100-70-03	700	490	3	240÷300	-
120-90-02	840	630	2	270÷400	-

3.11 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
АҚШ, ASTM A476-70					
80-60-03	560	420	3	201	-
Италия, UNI 4544 1979					
42/10	420	300	10	140÷190	-
42/14	420	280	15	130÷170	-
50/5	500	380	5	160÷220	-
55/2	550	400			
	2	190÷250	-		
ФРГ, DIN 1693 1973					
GGG40	400	250	15	135÷185	980÷1960
GGG50	500	320	7	170÷220	590÷1180
GGG60	600	380	3	200÷250	390÷780
GGG70	700	440	2	235÷285	190÷490
GGG80	800	500	2	270÷335	90÷290
GGG35,3	350	220	22	110÷150	-
GGG40,3	400	250	18	120÷165	-
Франция, NF A32-201 1976					
FGS38-15	380	240	15	200	-
FGS42-12	420	280	12	220	-
FGS50-7	500	350	7	210÷260	-
FGS60-2	600	400	2	330÷280	-
FGS70-2	700	470	2	240÷300	-
Австрия, NORM 3193					
SG42	420	280	12	-	-
SG50	500	350	7	-	-
SG60	600	420	2	-	-
SG38	380	250	17	-	-
SG70	700	500	2	-	-
Бельгия, NBN 830-02					
FNG	500	-	2	-	-
FNG38-17	380	240	17	140÷170	-

3.11 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
FNG42-12	420	280	12	150÷200	-
FNG50-7	500	350	7	170÷240	-
FNG60-2	600	400	2	210÷280	-
FNG70-2	700	450	2	230÷300	-
FNG80-2	800	500	2	240÷320	-
Чехословакия, ČSN 42-1242					
42-2438	380	250	17	140÷200	-
42-2442	450	280	12	160÷220	-
42-2450	500	350	7	200÷260	-
42-2460	600	420	2	220÷280	-
42-2470	700	500	2	240÷300	-
ГДР TGL-8119					
GGG40	400	280	12	150÷190	-
GGG45	450	350	-	100÷240	-
GGG50	500	350	5	180÷240	-
GGG60	600	420	2	220÷300	-
GGG70	700	500	2	260÷320	-
ПНР, PN-69/H-83123					
ZS3817	380	250	17	140÷170	600
ZS4012	400	280	12	140÷200	400
ZS4005	450	330	5	160÷220	300
ZS5002	500	380	2	180÷260	200
ZS6002	600	420	2	200÷280	200
ZS7002	700	480	2	220÷300	200
ZS8002	800	500	2	220÷300	200
ZS9002	900	540	2	240÷300	200
ССР, STAS 6071-702					
38-11	380	240	11	140÷180	160
42-12	420	280	12	150÷200	200
45-5	450	320	5	160÷240	150
50-7	500	400	7	170÷240	-

3.11 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
60-2	600	400	2	210÷280	150
70-2	700	470	2	230÷300	200
Финляндия, SF 52113					
GRP38	380	250	17	-	-
GRP40	400	280	12	-	-
GRP50	500	350	7	-	-
GRP60	600	400	2	-	-
GRP70	700	470	2	-	-
Үндістан, IS 1865					
SG38/17	380	240	17	171	-
SG42/12	420	280	12	187	-
SG50/7	500	350	7	170÷240	-
SG60/2	600	400	2	210÷280	-
SG70/2	700	450	2	230÷300	-
SG80/2	800	480	2	260÷330	-
Нидерланды, NEN 6002-D					
GN	500÷700	350	2	170÷320	170
GN38	380	250	170	180	
GN42	420	280	12	200	
GN50	500	350	7	170÷240	
GN60	600	420	2	200÷275	
GN70	700	500	2	220÷320	
Норвегия, NS 11-301					
NS11-338	380	240	20	150	190
NS11-342	420	280	15	140÷180	
NS11-350	500	350	7	170÷230	
NS11-360	600	400	5	200÷360	
NS11-370	700	450	3	230÷300	
Швеция, SIS 1407					
17-02	400	250	18	130÷170	200
17-12	380	250	20	160	
17-15	350	220	22	150	

3.11 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
27-02	500	350	7	170÷230	-
32-03	600	400	5	200÷260	-
37-01	400	450	3	230÷300	-
ОАР, SABS 936					
SG38	380	250	17	180	-
SG42	420	280	12	200	-
SG50	500	350	7	170÷240	-
SG60	600	400	4	210÷280	-
SG70	700	450	3	230÷300	-
SG80	800	500	2	265÷330	-
Түркия, TS 526					
DDK38	380	250	17	-	-
DDK42	420	280	12	-	-
DDK45	450	350	5	-	-
DDK50	500	350	7	-	-
DDK60	600	420	2	-	-
DDK70	700	500	2	-	-

Осы шойынның кейбір маркаларының тозу төзімділігі жоғары, тоттану төзімділігі, жылу төзімділігі, ыстық төзімділігі, сынғыштық төзімділігі, антифрикциялық қасиеті, өңделуі жақсы және дәнекерленеді және автогенді кесумен өңделеді.

Жоғары берікті шойынның жоғары сұйық аққыштығы, аз шөкпелігі, ыстық жарықшалардың түзілуіне қатысты қабілеттілігі шамалы болуы өте маңызды. Сонымен бірге сұр шойынмен салыстырғанда оның шөкпелі қылаудың түзілуіне қатысты бейімділігі және құю кернеуі жоғары және болат не соғылған шойын деңгейінде болады.

Негізінде жоғары берікті шойынның механикалық қасиеті, құйманың салқындау бетінің аумағына (F_0 , m^2) қатысты, құйма көлеміне қатысты құйма қабырғаларының қалыңдығының абсолютті мәніне (V_0 , m^3) қатысты тәуелді болады, келтірілген қабырға қалыңдығы не модуль ($M_0 = V_0 * F_0$, м) деп аталады. Құйма қабырғасының қалыңдығы және салқындау жылдығының әсер етуінде қалың қимадағы феррит

құрамы жоғарлайды, графиттің флотациялану қауіптілігі күшейеді және оның пішінін және таралуын әлсіздендіреді, элементтердің карбид түзейтін және модифицирлануының микроликвациялануын күшейеді. Осының барлығы беріктіктің, тұтқырлықтың төмендеуіне әсер етеді және пайдалануда қалың қабырғалы бөлшектердің жұмысқа білеттілігін қысқартады. Ескеру қажет, құйманың бетінде әрқашан жоғары қаттылықпен және төменгі созылмалықпен сипатталатын ұсақтүйіршікті құрылымды ферритті құйма қабыршағы болады. Осы себепті шамалы диаметрлі құйылған үлгілердің салыстырмалы ұзаруы аз және құйылмаған қабыршақтар үлгілерімен салыстырғанда беріктігі өте жоғары болады.

Жоғары берікті шойындарға арналған механикалық қасиеттердің ішіндегі ең маңыздысы, дұрыс шар тәрізді пішінді графитті алу саналады, бірақ кейбір жағдайда аралас пішінді графиттің түзілуі мүмкін. Графиттің дұрыс шар тәрізді пішіні бірқатар факторларға (металл құрамы, модифицирлену жағдайына, шихталы материалдар және балқытудың басқа шарттарына) тәуелді болады, бірақ бірінші кезекте ол қалдықты Mg, Ce не басқа сфероидизаторлар құрамымен байланысты болады. Кристаллизациялану пішініне құйманың салқындау жылдамдығы біршама әсер етеді: жылдамдық қаншалықты үлкен болса, соншалықты графиттің шар тәрізді пішіні дұрыс болады.

Легірленбеген не әлсіз легірленген жоғары берікті шойынның маңызды қасиеттерінің қатарына жоғары механикалық қасиеттен басқа подшипникте үйкеліс жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектерде байқалатын антифрикциялық қасиет жатады. Осындай жағдайда жұмыс жасайтын материал қасиеттеріне, жоғары тозу төзімділіктен басқа, бірқатар басқа қасиеттер, оның ішінде төмен үйкеліс қасиеті, жоғары жылуөткізгіштік және т.б. жатады.

Төзу төзімділігі жоғары берікті шойындардың оң ерекшелігіне жатады, сондықтан бұл шойын жиі абразивті төзу және жоғары меншікті қысым және майлау қиындық тудыратын (иінді біліктер, турбин бөлшектері және т.б. бұйымдар) жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектерді жасау үшін қолданылады. Бұл жағдайда қолданылатын ең қолайлысы, үйкеліс коэффициенті аз және төзу аз болумен сипатталатын легірленбеген жоғары берікті шойынды матрица ретінде перлит қолданылады. мысалы, перлитті шойынның (НВ 270) 1,4 МПа меншікті қысым кезіндегі үйкеліс коэффициенті 0,63, меншікті 2,5 МПа қысым кезінде – 0,52, перлитті-ферритті матрица (НВ 207) кезінде сәйкесті 0,70 және 0,62 тең болады.

Кесу жағдайында ең аз, иілу, созылу және бұралу кезінде аралықты, сығу жағдайында ең жоғары, жоғары берікті шойынның **статистикалық беріктік** сипаттамасы. 3.12 кестеде статистикалық жүктеме кезіндегі жоғары берікті шойынның ферритті және перлитті маркалардың беріктік және аққыштық шегі ұсынылған. Жоғары берікті шойынның, соғылған шойынның және құйылған көміртект болаттардың салыстырмалы негізгі механикалық көрсеткіштерінен байқағанымыздай, жоғары берікті шойынның бірдей беріктік, аққыштық (және қажу) кезінде иілу және бұралу кезінде 1,3÷1,9 есе, ал сығу кезінде – 2÷4 есе артық болады.

3.12 кесте

7239-85 МЖСТ қарастырылмаған жоғары берікті шойынның механикалық қасиеттері

Шойын маркасы	Беріктік шегі, МПа				Аққыштық шегі, МПа			
	иілу кезінде	сығу кезінде	бұралу кезінде	кесу кезінде	иілу кезінде	сығу кезінде	бұралу кезінде	кесу кезінде
ВЧ35	700	1200	400	320	440	760	250	200
ВЧ40	800	1400	420	340	540	930	280	230
ВЧ45	850	1500	440	360	620	1100	320	260
ВЧ50	900	1600	520	400	630	1120	360	280
ВЧ60	1000	1800	600	450	660	1200	400	300
ВЧ70	1100	2000	680	500	700	1280	440	320

Жоғары берікті шойынның **серпімділік модулі** графит пішініне және аз дәрежеде – металды негіздің микроқұрылымға тәуелді болады.

Шойын маркасы	Е, ГПа
ВЧ35, ВЧ40	160÷165
ВЧ45	165÷170
ВЧ50, ВЧ60	170÷175
ВЧ70	175÷180
ВЧ100	180÷190

Конструкциялық материалдардың қабілеттілігі салмақта және ең аз деформациялану кезіндегі ең жоғары жүктеме жалпылама көрсеткіштермен $(\sigma_{0,2} \cdot E)/\gamma^2$ анықталады, мұнда $\sigma_{0,2}$ – шартты аққыштық шегі,

Е – серпімділік модулі, γ – тығыздық. Осы көрсеткіштер бойынша жоғары берікті шойынның салмағы бойынша материалдар тиімділігі соғылған шойын және құйылған болаттармен салыстырғанда біршама артық болады.

Материал	$((\sigma_{0,2} \cdot E)/\gamma^2) \cdot 10^{-11} \text{ Па} \cdot \text{м}^6 \cdot \text{кг}^{-2}$
ВЧ	6,81÷26,38
КЧ	5,51÷17,84
Болат	6,33÷11,73

Жоғары берікті шойындардың **төзімділік шегі** кесу жағдайында ең аз, иілу, бұралу, және созылу кезінде кезекті аралықты, сығу жағдайында өте жоғары болады. Жоғары берікті шойындардың төзімділік шегі статистикалық беріктіктің жоғарлауымен жоғарлайды, ал төзімділік коэффициенті K_f , σ_1/σ_b қатынасына тең матрица құрылымына, кремний құрамына және термиялық өңдеу тәртібіне тәуелді болады. Мысалы, перлитті жоғары берікті шойын шыңдау және жасытудан кейін σ_b және σ_1 (1039 және 340 МПа сәйкес) при пониженном уровне K_f төменгі дәреже кезінде жоғары мәнді болады. Жоғары шойынның төзімділік шегі бытыратқышты ағысты беріктету көмегімен, бетті дөңгелекшелермен таптау, жалынды және индукциялық шыңдаумен жоғарлатылады.

Жоғары берікті шойынның **демпфирлеуші қабілеттілігі** (циклді тұтқырлық) конструкциялық болаттарға қарағанда 2÷3 есе жоғары. Ферритті жоғары берікті шойындардың демпфирлеуші қабілеттілігі ферритті-перлитті сыныпты және жоғары берікті шойынмен салыстырғанда жоғары болады. Жоғары берікті шойындардың демпфирлеуші қабілеттілігі көміртек, кремний (3,5% дейін) құрамындағы жоғары кезінде жоғары және марганец жоғарлаған кезде төмендейді.

Соққы тұтқырлығы – жоғары берікті шойынның созылмалығын бағалаудың негізгі шарттары саналады. Соққы тұтқырлығының жоғары мәні жоғары берікті шойынды ферритті маркалы (ВЧ35, ВЧ40), ең төменгі 0 перлитті (ВЧ70, ВЧ80). Жоғары берікті феритті шойынның тұтқырлықты-сынғышты өту температурасы ең төмен болады. Бірақта ферритті-перлитті жоғары берікті шойындардың кирогенді температурасы (-100°С төмен), КСУ шамасы бойынша басқа жоғары берікті шойындардан артық болады. Феритті жоғары берікті шойындардың соққы тұтқырлығы үлкен габаритті қалыңқабырғалы құймаларда іс жүзінде оңтайлы химиялық құрамды және құюдың технологиялық факторлары жағдайы кезінде жеке құйылған үлгілер деңгейінде сақталады. крем-

ний, марагнец, молибден, тұрақтандыратын карбидтердің, сонымен бірге мыс және фосфордың жоғары құрамында жоғары берікті шойынды сынғышты болады және оның соққы тұтқырлығы төмендейді. Ферритті жоғары берікті шойындарды никельмен легірлеу бірдей берікті жоғары берікті шойынның сынғыштықты төзімділік температурасын төмендетеді. Жоғары берікті шойындардың соққы тұтқырлық мәндері 3.13 кестеле келтірілген.

Ферритті, феритті-перлитті және перлитті жоғары берікті шойындардың **серпімділік модулі** температура 500÷550°C дейін көтерілген кезде салыстырмалы әлсіз төмендейді. Созылу және сығу кезіндегі механикалық қасиеттер диапазонындағы 20 ден 400°C дейінгі температураға қатысты тәуелді болады, ал өте жоғары температура кезінде біршама төмендейді. Ферритті шойынмен салыстырғанда перлитті жоғары берікті шойындар, әсіресе 600°C артық температура кезінде біршама жылдам беріксізденеді.

Салыстырмалы ұзару ~600°C дейінгі температураның көтерілуімен біршама төмендейді, кейін күрт (2÷4 есе құрылымдық күйі және химиялық құрамына қатысты тәуелділікте) жоғарлайды.

3.13 кесте

Жоғары берікті шойынды марканың соққы тұтқырлығының мәні, кДж/м²

Шойын маркасы	КС	КСУ	Шойын маркасы	КС	КСУ
ВЧ35	800÷1500	170÷250	ВЧ60	100÷30	-
ВЧ40	300÷800	100÷150	ВЧ70	100÷250	-
ВЧ50	300÷500	30÷100	ВЧ100	-	100÷160

Феритті жоғары берікті шойындардың **жылжымалық кедергілігі** ~425°C дейінгі температура кезінде перлитке қарағанда төмен болады. Өте жоғары температура кезінде перлитті шойынның жылжымалылығы өте графитизациялаумен шартты өсу күшінен жоғары температурасы кезінде орындалады. перлитті жоғары берікті шойын ферлитті шойынмен салыстырғанда сынау ұзақтығы 102÷103 сағ артық емес кезде ~650°C температура жағдайында бүлінеді. Сығу және созылу кезінде ферлитті және перлитті жоғары берікті шойындар жылжымалылығы шамамен бірдей.

Кері температура кезіндегі жоғары берікті шойындардың ерекше созылмалық және тұтқырлық (КС, δ), көрсеткіштері, механикалық қасиеттері металды негіз түрі және графит пішініне қатысты күшті тәуелді болады.

Жоғары берікті шойынның **тығыздығы** оның кристаллизациялану жағдайымен және қорпаның құрамдас құрылымдық арақатынасы және мөлшеріне қатысты тәуелді анықталады:

Матрица	γ , кг/м ³
Ферритті	7100÷7200
Перлитті	7200÷7300
Бейнитті	7250÷7350

Жоғары берікті шойындардың тығыздығына графит қоспасы үлкен әсер етеді. Сондықтан қорпадағы көміртек және кремний мөлшерінің жоғарлауы оның тығыздығының азайуына ықпал етеді. Жоғары берікті шойынның құрылымында цементитті құрамдасының жоғарлауы кезінде тығыздық жоғарлайды және тығыздық ақ шойын тығыздығына қатысты жақындайды.

Жоғары берікті шойынның **жылуөткізгіштігі** құрылымды құрамдастың мөлшеріне және температурасына қатысты анықталады. Химиялық құрам, графитті пішін, цементитті қоспа және оның дисперстілігі жылусыйымдылыққа іс жүзінде ықпал етпейді. Температураның жоғарлауына қатысты графиттің жылусыйымдылығы жоғарлайды, бірақта феррит және цементит шамалы өзгереді. Таза темірдің (ферриттің) жылусыйымдылығы цементит және графиттің құрамдас құрылымына қатысты аз болады.

Жоғары берікті шойынның **жылуөткізгіштігі** графиттің мөлшеріне қатысты тәуелді ғана емес, сонымен бірге графитті қоспалар пішініне де тәуелді болады. Жоғары берікті шойындағы цементит мөлшерінің жоғарлауы оның жылусыйымдылығының шамалы төмендеуімен орындалады.

Жоғары берікті шойынның **температура өткізгіштігі**. Графит пішініне қатысты тәуелсіз жоғары температура кезіндегі шойынның температура өткізгішті коэффициенті азайады. 473 К дейінгі температура кезінде графитті қоспа пішініне қатысты температура өткізгіштік шамалы тәуелді болады. 873 К артық температура кезінде графит пішінінің шойынға әсері шамалы әлсіз болады.

Жоғары берікті шойынның **электркедергілігі** материалдың құрылымды сезімталды қасиеті көптеген факторларға: химиялық құрамға,

мөлшерге және металды емес қоспалардың фазаларының қатынасына тәуелді болады. Шойын құрамындағы цементитті құрамдастың мөлшерінің жоғарлауымен кедергіліктің жоғарлауымен орындалады. бірдей металды негіз кезінде графит мөлшерінің жоғарлауы электркедергіліктің жоғарлауына әсер етеді. Шойындағы кремний және көміртек қортпадағы осы элементтердің құрамының көбейуіне және керсінше азайуына біршама әсер етеді. Никель және алюминий өздерінің концентрациясының жоғарлауына қатысты меншікті электркедергілікті жоғарлатады. Фосфор электркедергіліктің жоғарлауына әсер етеді, сонымен оның әсер етуі температураның жоғарлауымен күшейеді.

Жоғары берікті шойындардың магнитті қасиетті химиялық құрамға және құрылымдық құрамдастардың арақатынасының мөлшеріне қатысты болады.

Магнитті индукция графиттің өлшемдерінің жоғарлауымен, магнитті өрістің үлкен мәндері, аз кернеулі мәндерге қарағанда өте баяу жоғарлайды. Жоғары берікті шойындардың температурасының жоғарлауы басында баяу, ал кейін өте жылдам азайумен магниттелумен қанығумен, коэрцитивті күштер және гистерезистегі шығындар, сонымен бірге магнитті өткізгіштіктің жоғарлауымен орындалады. Жоғары берікті шойынның магнитті-жұмсақ сипаттамасы төмен көміртеккі болаттарға қарағанда төмен, бірақта жоғары берікті шойынды магнитті сымдардың жасалуы өте қарапайым және пластикалық деформацияланады, бұл коэрцитивті күштің жоғарлауына әсер етеді, сондықтан жоғары берікті шойынды магнитті сымдардың магнитті сипаттамасының шығыны болатпен салыстырғанда аз болады.

Сызықты кеңейу коэффициенті α бөлме температурасынан эвтектоидті өзгеріс басталған нүктеге дейін температура жоғарлаған кезде жоғарлайды, $A_c^H \div A_c^K$ температура аралығында күрт төмендейді. Әрі қарай қызу температурасы α жоғарлаған кезде күрт жоғарлауы байқалады. α секіруі эвтектоидті өзгеру кезінде A_c^H нүктесінен артық температура кезінде термоциклирлеу жағдайында жоғары берікті шойындардың ұзақмерзімділігіне шешуші ықпал етеді.

Тозу төзімділігі. Ферритті негізді жоғары берікті шойынның тең басқа жағдай кезінде тозу төзімділігі аз болады. Шойындағы перлитті құрамдас мөлшерінің жоғарлауы тозу төзімділігінің шамалы жоғарлауымен орындалады. Жоғары берікті шойынның тозу төзімділігіне магнийдің әсер етуі ферриттің микроқаттылығының

жоғарлауымен байқалады. Перлитті сыныпты жоғары берікті шойын $0,05 \div 0,08\% \text{Mg}$ құрамы кезіндегі тозу төзімділігі максималды болады.

Термотөзімділік. Салқындаудың орташа жылдамдығымен термочиклирлеу кезінде феритті жоғары берікті шойынның термотөзімділігі бойынша үздік саналады перлитті жоғары берікті шойын $450 \div 500^\circ \text{C}$ дейінгі температура кезінде ғана қолданылады, сонда перлит қызу салдарынан ыдырамайды. Ферритті-перлитті құрылымды шойынның термотөзімділігі шамалы болады.

Тоттану төзімділігі. Ең қауіпті өндірістік атмосферада шойынның тотануға қатысты шығыны жылына 120мкм артық емес болады, бұл шойынды бөлшектердің бетті тотану өнімдерінің қорғанысты қасиетіне қатысты. Жоғары берікті шойындар атмосфералық тотану төзімділігі бойынша болаттан, оның ішінде мыспен легіріленген шойынның шамалы арықшылығы болады. Жоғары берікті шойынның сулы тотануының кедергілігі өте жоғары болады. Ферритті жоғары берікті шойынның төзімділігі су ағысында 8,2 м/с жылдамдықпен қозғалатын перлитпен салыстыру бойынша өте төзімді болады. Топырақты тоттану жағдайында шойынды құбырлардың ұзақмерзімділігі көптеген факторларға (топырақ кеуектілігі, дренаж, топырақты судағы еритін қосындылардың болуына және т.б.) тәуелді болады. Питтингті тоттану айналасындағы топырақпен құбырдың бірқалыпты емес жанасуы кезінде тотану қарқынды орындалатыны байқалады, бұл құбыр астындағы топырақтың жеткілікті тығыздалуын қажет етеді. Тотану жағдайына тәуелді шойынды құбырлардың питтингтену жылдамдығы $0,05 \div 1$ мм/жыл құрайды. Легіріленбеген жоғары берікті шойынәлсіз және орташа минералды қышқылдар концентрациясы кезіндегі тотану кедергілігі төмен болады. Ферритті жоғары берікті шойынның перлитті шойынмен салыстырғандағы тотану төзімділігі жақсы болады. Жоғары берікті шойындар жоғары сілтілі ертінділердегі тотану кернеуіне қатысты жарықша түзілуге бейімді болады. $3 \div 5\% \text{Ni}$ қосқан кезде жоғары берікті шойынның сілтілі ертінділердегі тотану кедергілігі жоғарлайды.

Жоғары берікті шойындардың **герметикалығы** олардың сұйық және газдарды сүзуге қарсыласуына қатысты қабілеттілімен сипатталады және негізінен графит пішінімен, сонымен бірге матрица құрылымымен, шихатлы материалдар құрылымымен, құйманың салқындау жылдамдылығымен, пішін материалы, құйманың дұрыс көректенуі, қатты қалыптарлы пайдалану, сұйық шойын құрамымен (әсіресе

көміртек және кремний бойынша) анықталады. Гидроберіктіктің шекті мәні жоғары берікті шойынды үлгілердің герметикалығының бүлінуінсіз 50МПа артық болады. Матрицада,ы феррит үлесінің жоғарлауы шойынның герметикалығын азайтады. Сондықтан металды негіздегі перлит құрамын жоғарлататын легірлеуші компоненттері қалайы, хром, никель, молибден) шойын герметикалығын 2÷4 есе жоғарлатады. Жоғары берікті шойынның жоғары герметикалығы оны жауапты қолданысты құймалар өндірісінде: цилиндрлер қақпақшалары, корпустар, құбыркомпрессорлар, гидроаппаратура бөлшектері, екпінді құбырлар, құбыржыюлды арматура және т.б. пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоғары берікті шойындардың берікті, пайдалану, физикалық, технологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімділігіне қатысты өнеркәсіптің барлық салаларында кеңінен қолданылады. Отандық және шетелдік іс тәжірибеден байқағанымыздай, олар көптеген жағдайда болаттаы құймалар, болатты шыңдалғы, соғылған және сұр шойын орнына қолданылады.

Болатпен салыстырғандағы жоғары берікті шойынның артықшылығы оның аз тығыздығы және салмағы, ол шойынның жоғары сұйықты аққыштық қасиетіне қатысты өте жұқақабырғалы бөлшектерді құюға мүмкіндік береді. Бқл қатынастағы ең маңызды артықшылық балку температурасының өте төмен (шамамен 300°C) болуы саналады, бұл балқыту процесін жеңілдетеді және арзандатады. Сонымен бірге құю қалыптарын жасауды жеңілдетеді және арзандатады, өйткені құю жүйелері және т.б. қымбат қалыптау материалдарын, арнайы керамиканы қажет етпейді. Жоғары берікті шойынның тағы бір артықшылығы мынада, оның құю қасиеті қолайлы, оның ішінде құю шөгіндісі аз және осыған сәйкесті ыстық жарықшаларды түзуге қатысты бейімділігі төмен, сонымен бірге жоғарыда атап өткендец тұтқырлығы үлкен циклді және қызметтік қасиеттерінің мәні өте жоғары (тозу төзімділігі және анифрикциялық қасиеті, ыстыққа беріктігі, өңделуі және т.б.).

Соғылған шойынмен салыстырғандағы жоғары берікті шойынның тағы бір артықшылығы, оның құю және механикалық қасиетінің жоғары болуы, көптеген жағдайдaтермиялық өңдеусіз қолданылады, сонымен бірге кез-келген қималы, салмақты және өлшемді бөлшектер үшін қолданылу мүмкінділігі саналады.

Жоғары берікті шойынның механикалық қасиеттерінің жоғарғы мәні олармен сұр шойынды алмастыруға мүмкіндік береді, соны-

мен бірге қабырғалар қалыңдығын және құйма салмағын азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, жоғары берікті шойынды қолданған кезде сужолды құбырлардың қалыңдығы, метрополитендердің және жерасты шахталарының тубингті салмағы шамалы азайады, сонымен бірге конструкцияның металсыйымдылығы $1,5 \div 2,0$ есе төмендейді.

Аталған себептер бойынша жоғары берікті шойындар қазіргі уақытта жоғарғы статистикалық, соққы және циклді жүктелу жағдайында тозумен жұмыс жасау кезінде бірнеше килограммнан бірнеше тоннаға дейін, сонымен бірге жоғары температура және қауіпті ортаның әсер етуі кезіндегі салмақты жауапты қолданысты бөлшектердің үлкен номенклатурасы үшін қолданылады [20, 21].

3.6. Жоғары берікті шойынды құйманың қасиетіне химиялық құрамның әсер етуі

Жоғары берікті шойынның механикалық қасиетін анықтаудағы негізгі факторлардың бірі металл құрамы саналады.

Жоғары берікті шойындағы көміртек құрамы, сұр шойынға қарама-қарсы болады, жоғары механикалық қасиеттерді алу үшін төмен деңгейді сақтау қажет емес. Керсінше, ол әдетте $3,2 \div 3,6\%$ шегінде жоғары маркалар үшін сақталады, бұл вгранкада металды алу процесін жеңілдетеді, шойынның құйылу қасиетін жоғарлатады, сонымен бірге оның механикалық қасиеттеріне кері әсер етпейді, бұл пластиналы пішіндегі графит кезінде орындалады.

Кремний жоғары берікті шойынның құрылымына және механикалық қасиетіне шамалы әсер етеді. $3,0 \div 3,3\%$ кремний құрамы кезінде штекізатты күйде тұрақты ферритті құрылымды алуға ықпал етеді, бірақта шойынның созылмалдылығы бұл кезде бірқатар төмендейді және $3,5\%$ кремний мөлшері кезінде ол сонымен қатар қалыпты марагнец және фосфор құрамында сынғыштықтың түзілуіне ықпал етеді. Сондықтан созылмалылық тұрғысынан $Si = 2,0 \div 2,3\%$ тең деп қолданылады, таза ферритті алу үшін термиялық өңдеу орындалады. Кремний құрамы соққы тұтқырлығына кері әсер етпеу үшін $2,3\%$ артық емес және салқынсынғыштық шегін төмендету мақсатында шойынның салқынсынғыштығы үшін өте маңызды. Басқа жағдайда кремний құрамы артық болуы мүмкін.

Марагнец жоғары берікті шойын құрылымына кремний әсеріне қарсы әсер етеді, феррит мөлшерін төмендетеді және перлит мөлшерін жоғарлатады, осыған байланысты беріктік шегі жоғарлайды және

созылмалық төмендейді. Сондықтан жоғары созылмалықты алу үшін марагнец құрамы 0,4% артық емес болу керек, азайтылады, ал кейде термиялық өңдеу мүлдем қолданылмайды. Сонда құйылған құрылымдағы перлиттің кейбір мөлшері шақтамалы, бұл көптеген жағдайда іс жүзінде кездеседі, марагнец мөлшері $0,4 \div 0,8\%$ шегінде болу керек; бірақта салқиндай сынғыштық шегін төмендету үшін шақтамалы марагнец құрамы 0,3% артық емес болу қажет.

Фосфор жоғары берікті графиттің құрылымына және қасиетіне фосфидті эвтектикті тұзумен және ұзаруды және соққы тұтқырлығын төмендетуімен әсер етеді, сондықтан оның құрамы 0,1% артық емес болады және егер мүмкін болған жағдайда, әсіресе қалыңқабырғалы құймаларда төмен болуы мүмкін, мұнда оның ликвациялануы кеңінен дамиды. Егер де шойындағы жоғары ұзару міндетті болмаған жағдайда, фосфор құрамы $0,12 \div 0,1\%$ артық болуы мүмкін.

Бастапқы сұйық шойындағы күкірт құрамы төмен деңгейде болуы мүмкін, ол модификациялау және шар тәрізді пішінді графитті алуды қиындатады және сфероидизаторлы тотықтардың түзілуі салдарынан жоғары берікті шойынның механикалық қасиетін төмендетеді.

2,0% артық мөлшердегі мыс шар тәрізді графиттің түзілуіне кедергі жасайды. Сонымен бірге $1,0 \div 1,5\%$ мөлшердегі мыс перлиттің түзілуіне, шойын беріктігінің жоғарлауына және оның созылмалығының төмендеуіне әсер етеді.

Алюминий мыс сияқты жоғары берікті шойынға кері әсер етеді, 0,2% құрам кезінде пластиналы графиттің түзілуіне және әсіресе $0,25 \div 0,6\%$ кезінде құйманың баяу салқиндауына жағдай жасайды. Бірауақытта созылмалық біршама төмендейді, бірақта өте жетілдірілген модификациялау кезінде шойында жоғары құрамды алюминді шар тәрізді графиттің түзілуіне мүмкіндік береді.

Никель жоғары берікті және сұр шойында перлит құрамының жоғарлауына, оның ішінде толығымен перлитті құрылымды 4,8% Ni алуға мүмкіндік береді. Құрылымның перлитизациялану себебі, жоғары берікті шойынға шамалы никель мөлшерін ($0,7 \div 2,0\%$) қосқан кезде соққы тұтқырлығының мәні $12 \div 14$, бөлме температурасы кезінде $9 \div 12$ кгс·м/см², -70°C температура кезінде $2 \div 5$ кгс·м/см² дейін, -10°C (үлгілерді керткісін сынау кезінде) кезінде төмендейді.

Жоғары берікті шойын құрамындағы никель және молибден бірге легіріленген кезде (шамамен 0,8% және 0,2%) шикізатты күйде бейниті және мартенситті құрылымының түзілуіне мүмкіндік береді.

Жоғары берікті шойын құрамындағы никель және молибден бірге легіріленген кезде (шамамен 2,0% және 3,5%) жоғары тозу төзімді және кавитациялық қасиетті мәнді конструкциялық шойынды алуға әсер етеді.

Осылайша, салыстармалы үлкен емес марганец және никельмен (сонымен бірге хром, молибден және мыс) легірілену конструкциялық жоғары берікті шойынның тек ғана механикалық қасиетін ғана емес, сонымен бірге оның арнайы қасиеттерін (тозу кедергілігін, тоттану, мүжілу, жылжымалық және т.б.) жоғарлатуға мүмкіндік береді.

Сфероидизатор ретінде қолданылатын магний және церий әдетте жоғары берікті шойын құрамында 0,03 және 0,02% мөлшерде, керсінше жағдайда графит шар тәрізді пішінде жартылай ғана кристаллизацияланады, соның әсерінен шойынның механикалық қасиеттері төмендейді. Бірақта магний және церийдің жоғары қалдықты артық құрамы шикізатты құрылымда цементиттің түзілуіне, кейін «қайта модифицирленуге» (пластиналы графиттің түзілуіне) әсер етеді. Сондықтан қалдықты магний және церий құрамы, 08 және 0,05% артық емес болу керек.

Микроқоспалар модифицирлену процесіне, сондықтан, жоғары берікті шойын қасиетіне үлкен ықпал етеді. Көптеген жағдайда олар шар тәрізді графиттің түзілуіне кедергі жасайды және шойын қасиетін төмендетеді. Сондықтан олардың құрамы шектеулі (%): 0,009Pb; 0,13Sn; 0,026Sb; 0,003Bi; 0,04Ti; 0,08As; 0,3Al болады. Бірақта осы элементтердің әсері күрделі және кейде олардың кейбіреуі өте пайдалы (мысалы, қорғасын, кесумен өңдеуді жақсартады) болады.

3.14 кестеде жоғары берікті шойын маркаларының химиялық құрамы келтірілген [20, 21].

3.14 кесте

Жоғары берікті шойындардың ұсынылатын химиялық құрамы

Шойын маркасы	Элементтердің салмақтық үлесі, %						Ni
	C	Si	Mn	P	S	Cr	
			артық емес				
1	2	3	4			5	
Ферритті шойын							
ВЧ38-17	3,4÷3,8	2,1÷2,8	0,4	0,1	0,02	0,05	-
ВЧ42-12	3,4÷3,8	2,1÷2,8	0,4	0,1	0,02	0,1	

3.14 кестенің жолғасы

1	2	3	4				5
Ферритті-перлитті шойын							
ВЧ45-5	3,4÷3,8	2,1÷2,7	0,4	0,1	0,02	0,1	-
ВЧ50-2	3,2÷3,6	1,9÷2,2	0,5÷0,8	0,1	0,02	0,1	-
Перлитті шойын							
ВЧ60-2	3,2÷3,6	1,9÷2,2	0,5÷0,8	0,1	0,02	0,1	-
ВЧ70-3	3,2÷3,6	2,6÷2,9	0,6÷0,9	0,1	0,02	0,1	-
ВЧ80-3	3,2÷3,6	2,6÷2,8	0,6÷0,9	0,1	0,02	0,1	-
Бейнитті шойын							
ВЧ100-4	3,2÷3,6	3,4÷3,8	0,6÷0,9	0,1	0,02	0,1	-
ВЧ120-4	3,2÷3,6	3,4÷3,8	0,6÷0,9	0,1	0,02	0,1	0,2÷0,8

3.7. Соғылған шойынды құйманың сипаты және қолданыс аумағы

Соғылған шойынды стандарттау қаттылық шегінің (НВ) σ_b , δ , (3.15 кесте) аз шақтамалы мәнін рәсімдеу қағидасына негізделген. Соғылған шойынның механикалық қасиеті диаметрі 16мм құйылған үлгілерде анықталады.

3.15 кесте

Соғылған шойындар маркасы

Шойын маркасы	σ_b , МПа	δ , %	НВ
	(кем емес)		
КЧ30-6	294	6	100÷163
КЧ33-8	323	8	100÷163
КЧ35-10	343	10	100÷163
КЧ37-12	362	12	100÷163
КЧ45-7	441	7	150÷207
КЧ50-5	490	5	170÷230
КЧ55-4	539	4	192÷241
КЧ60-3	588	3	200÷269
КЧ65-3	637	3	212÷269
КЧ70-2	686	2	241÷285
КЧ80-1,5	784	1,5	270÷320

Соғылған шойынды созу кезінде аққыштық өрісі болмайды, сондықтан аққыштық шегі $\sigma_{0,2}$ кернеу деп қолданылады, онда үлгідегі қалдықты деформация 0,2% құрайды

Ферритті және перлитті сыныпты соғылған шойынды созу кезіндегі уақытша үзілу кедергісі жоғары берікті шойынмен салыстырғанда біршама төмен болады. Соғылған шойынның салыстырмалы ұзаруы жеткілікті жоғары: ферритті сыныпты маркаларда 6 дан 20% дейін және перлитті сыныптағы маркаларда 1,5 ден 10% дейін болады. Ферритті және перлитті сыныпты соғылған шойын қаттылығы жоғары берікті шойынмен салыстырғанда төмен болады. Бқл айырмашылық ферритті маркалы шойындарда байқалады: 100÷163 НВ (ферритті сыныпты соғылған) 100÷200 НВ қарсы (ферритті сыныпты жоғары берікті шойын).

Соғылған шойынның қаттылығының өте төмен болуының негізгі себебі – оның құрамындағы кремний мөлшері аз. Шетелдік стандарттарда рәсімделген соғылған шойынды маркалардың механикалық қасиеті 3.16 кестеде келтірілген.

3.16 кесте

Шетелдік стандарттар бойынша соғылған шойындар маркалары

Шойын маркасы	σ_b , МПа	$\sigma_{0,2}$, МПа	δ , %	НВ
	(кем емес)			
1	2	3	4	5
SAE (АҚШ)				
M3210	345	244	10	До 156
M4504	448	310	4	163÷217
M5003	517	345	3	187÷241
M5503	517	379	3	187÷241
M7002	621	483	2	229÷269
M8501	724	586	1	269÷302
DIN 1692 1973 (ФРГ)				
GTS35	343	196	12	До 150
GTS45	441	294	7	160÷200
GTS55	539	353	5	180÷220
GTS65	637	421	2	210÷250

3.16 кестенің жолғасы

1	2	3	4	5
GTS70	686	538	1	240÷270
Ch Mall B 40	392	216	10	125÷200
Ch Mall B 45	441	255	7	150÷210
AP-A38811 (Франция)				
MN35-10	343	196	12	-
MN38-18	372	225	18	-
MP50-5	490	323	5	170÷230
MP60-3	588	392	3	200÷245
MP70-2	686	490	1	240÷285
PN 56/H – 83222 (ПХР)				
C3308	323	-	8	До 149
C3510	343	-	10	До 149
C3712	362	-	12	До 149
BS 6681 1986 (Ұлыбритания)				
B30-06	300	-	6	150
B32-10	320	190	10	150
B35-12	350	200	12	150
P45-06	450	270	6	150÷200
P50-05	500	300	5	160÷220
P55-04	550	340	4	180÷230
P60-03	600	390	3	200÷250
P65-02	650	430	3	210÷260
P70-02	700	530	2	240÷290
W35-04	350	-	4	230
W38-12	380	170	12	200
W40-05	400	200	5	220
W45-07	450	230	7	220

Соғылған шойынның механикалық қасиеті, сұр және жоғары берікті шойынға қарағанда аз дәрежеде құйма қимасының жоғарлауымен төмендейді.

Соғылған шойынды кесумен өңдеу, көміртекпен байланысты бірдей құрамды болат не жоғары берікті шойынға қарағанда, әсіресе ферритті шойында жақсы болады. Соғылған шойынды бөлшектер жақсы престеледі, бедерленеді. Ферритті соғылған шойынды құйма салқындай түзетіледі, ал перлитті шойын ыстық күйде түзетіледі.

Серпімділік қасиеті, 3.17 кестеде келтірілгендей серпімділік модулімен сипатталады. Соғылған шойынның серпімділік қасиеті сұр шойынның және сәйкесті жоғары берікті шойынның қасиеттің жоғарлатады.

3.17 кесте

Соғылған шойынның серпімділік модулінің мәні

Көрсеткіштер	Соғылған шойындар модулдерінің мәні	
	ферритті	перлитті
$E \cdot 10^{-3}$, МПа	170	170÷185
$E_{сж} \cdot 10^{-3}$, МПа	172	177÷195
$E_{кр} \cdot 10^{-3}$, МПа	60	60÷74
Ығысу модулі $G \cdot 10^{-3}$, МПа	70÷78	67÷69
Пуассон коэффициенті, ν	0,35	0,28

Серпімділікті емес қасиет – тербеліс қабілеттілігі тұншықтыруы – демпфирлеуші қабілеттілікпен не циклді тұтқырлықпен ϕ , % (цикл энергиясына қатысты цикл барысындағы энергия шығынының үлесі) анықталады. Циклдегі тұтқырлық конструкцияның мәжбүрлі және еркін тербелісінің тұншығуымен сипатталады, шойынның конструкциялық беріктігі және белгіауыспалы жүктеме жағдайында керткітерге қатысты сезімталдылықпен анықталады. Сұр шойын үшін циклді тұтқырлық қарқындылығы өте аз кернеу кезінде жоғарлайды; жоғары берікті және соғылған шойындарда бұл жоғарлау біраз уақыт өткеннен кейін басталады. Шойынның циклді тұтқырлығын жоғарлататын негізгі құрылымдық фаза графит саналады.

Перлит мөлшерінің жоғарлауымен соғылған шойындардың демпфирлеуші қабілеттілігі төмендейді, бірақта барлық жағдайда болатпен салыстырғанда төмен болады және осындай жүктеме және металды матрицамен жоғары берікті шойын шамамен сәйкес болады.

Соққы т ұтқырлығы КС, КСУ шойын қаттылығына тәуелді, ферритті матрицалы соғылған шойынның соққы тұтқырлығы максималды болады. Жоғары берікті шойынмен салыстырғанда соғылған шойынның КС өте жоғары. 500÷800 К температурамен соғылған шойынды құйманың жылдам салқындауы соққы кедергілігінің күрт және сәйкесті соққы тұтқырлығының төмен төмендеуіне әкеп соғады.

Төзімділік шегі. Соғылған шойын беріктігі бойынша белгі ауыспалы жүктеме кезінде сұр шойын 35Л болатқа қатысты жақындықта артық және шамалы жоғары берікті шойынан кем болады. соғылған және жоғары берікті шойынның кернеу концентраторларына қатысты сезімталдылығы төмен. Бұйымдардың жұмыс жасау қабілеттілігінде беріктік және созылмалықтың стандарты көрсеткіштері толық сипатталмайды. Металдың қасиетін толық анықтау үшін көп еселі соққы жүктемесіне сынау орындалады және бүліну жұмысы анықталады. Түйіршікті перлитті соғылған шойынның соққы-қажу ұзақмерзімділігі ең жоғары; пластиналы перлитті соғылған шойынға ақарғанда оның өміршеңдігі екі есе жоғары болады.

3.18 кестеде динамикалық жүктеме кезінде соғылған шойындардың механикалық қасиеттері келтірілген.

3.18 кесте

Динамикалық жүктеме кезінде соғылған шойындардың механикалық қасиеттері

Соққы тұтқырлығы, кДж/м ² :	Соғылған шойынның механикалық қасиеті	
	ферритті	перлитті
КС	550÷2000	200÷800
КСУ	100÷500	50÷160
σ_{1p} , МПа	85÷110	105÷140
σ_{1j} , МПа	95÷190	170÷250
τ_{1j} , МПа	105÷150	180÷260

Температураның жоғарлауымен беріктік сипаттамасы төмендейді, 700 К бастап – созылмалық жоғарлайды. Молибденмен легірілген перлитті соғылған шойынның жоғары берікті шойынмен салыстырғанда кем емес жоғары ұзақ берікті болады.соғылған шойынның

механикалық қасиеттерін қысқамерзімді және ұзақмерзімді сынау нәтижелері 3.19 кестеде келтірілген. Бөлшектердің жауаптылық дәрежесіне қатысты тәуелділікте шақтамалы жылжымалығы $1 \cdot 10^{-5}$ ден $1 \cdot 10^{-4}$ %/сағ.

3.19 кесте

698 К кезіндегі қысқамерзімді және ұзақмерзімді сынау кезіндегі соғылған шойынның механикалық қасиеті

Соғылған шойын түрі	Қысқа-мерзімді сынау		4000 сағ ішіндегі сынау ұзақтығы				
	$\sigma_{в^2}$, МПа	δ , %	$\sigma_{в^2}$, МПа	δ , %	Жылжымалық жылдамдығы* 10^5 , %/сағ, кернеу кезінде σ , МПа		Жылжымалық шегі, МПа, деформациялану жылдамдығы кезінде $1 \cdot 10^{-5}$ %/сағ
					62	78	
Ферритті-перлитті	398	15,3	204	22,4	1,59	4,63	60
Ферритті	199	4,7	115	7,0	2,61	8,7	55

Соғылған шойынның механикалық қасиеті негізінен оның металды негізіне қатысты тәуелді болады. Перлитті шойынды КЧ 45-6 және т.б. төмен созылмалық кезіндегі беріктігі өте жоғары болады. Ферритті соғылған шойын, мысалы, КЧ 37-12, беріктігі аз, созылмалығы өте жоғары болады. Ұлпа тәрізді графиттің үлкен дәрежеде сфероидизациялану және өлшемдердің зайуы кезінде ферритті соғылған шойында біруақытта беріктігі және созылмағы жоғарлайды, бұл құбылыс басқа шойындарда байқалмады. Қаттылық негізінен графитке қатысты металды негізге, серпімділік модуліне (E) тәуелді болады, сонымен бірге оның пішініне үлкен әсер етеді. Беріктік шегі, соққы тұтқырлығы, созылмалық металды негізге және графитке қатысты болады; сонымен бірге жоғары берікті шойынмен салыстырғандағы ерекшелік, ол пішінге ғана әсер етпейді, сонымен бірге графит мөлшеріне де әсер етеді. Осыған байланысты ең үлкен беріктілікті дисперсті перлит кезінде және ең үлкен жинақты графиттің аз мөлшерінде алуға болады, сонымен бірге ең үлкен созылмалық – ферритте және сондай графитте

болады. Графиттің дисперстілігі соғылған шойынның механикалық қасиетіне, оның ішінде сынғыштық шегі және динамикалық және циклді жүктеме кезіндегі тәртіпке әсер етпейді.

Соғылған шойын **тығыздығы** құрамдас құрылымдық арақатынастына қатысты тәуелді болады: ферритті соғылған шойынға қарағанда перлитті соғылған шойынның тығыздығы үлкен, болады. Көміртек құрамының жоғарлауына қатысты соғылған шойынның тығыздығы төмендейді.

Соғылған шойынның барлық маркаларының **жылулық кеңейту коэффициенті** шамалымен ерекшеленеді. **Жылуөткізгіштік коэффициенті** λ соғылған шойын маркаларында, әсіресе ферритті сыныпты шойындарда жеткілікті жоғары және болаттың, жоғары берікті және сұр шойынмен салыстырғанда жылуөткізгіштігі артық болады. Соғылған шойынның жылуөткізгіштігі температураның жоғарлауымен төмендейді.

Электрлі және магнитті қасиеттер. Соғылған шойынның меншікті электркедергілігі ρ графитті қоспалар пішінімен, құрамы және металды матрица құрылымымен анықталады. Пластиналы графит, перлит және кремнийдің құрамының жоғары болуы шойынның электркедергілігін жоғарлатады. Соғылған шойынның сұр шойынмен және жоғары берікті шойынмен (шамамен 1,5 есе) салыстырғанда (шамамен 3 есе) меншікті электркедергілігі төмен болады. Ферритті соғылған шойын перлитті шойынмен салыстырғанда магнитті өткізгіштігі, магнитті индукциясы өте жоғары және қалдықты индукциясы және коэрцивті күші аз болады, бұл дегеніміз, оның гистерезистегі аз шығынмен бөлшектерді жасауға арналған қажетті қасиеттер бар екендігін білдіреді. Ұсақталған графитті қоспалар және соғылған шойынның құрылымындағы перлит үлесінің жоғарлауы магнитті өткізгіштікті төмендетеді және коэрцивті күшті жоғарлатады.

Соғылған шойындардың **тозу төзімділігі** микроқұрылым (перлитті мөлшерлі және түрімен), металды емес (сульфидті) қоспалармен және үйкеліс жағдайына қатысты – майлау мөлшері, біліктер және подшипниктер арасындағы саңылаумен, білік материалына қатысты анықталады. Шойынды үлгінің шикізатты болат бойынша үздік антифрикциялықты қасиетті 187÷197 НВ және 60÷70% перлит кезінде перлитті-ферритті соғылған шойынның майлаумен жұмыс жасауы кезінде анықталады. Перлитті соғылған шойынның **үйкеліс коэффициенті** майлаумен үйкеліс кезінде 0,05÷0,10, құрғақ үйкеліс

кезінде – 0,30÷0,45 тең болады. Құрғақ үйкеліс кезінде жақсы нәтижелерді жоғары құрамды күкіртті (0,25 ден 0,30% дейін) жақсы көрсеткіш көрсетеді.

Соғылған шойынның **герметикалығы** жоғары. Қабырға қалыңдығы 8 мм кезінде 4 МПа гидравликалық қысымды осындай шойынды құйма ұстайды. Сонымен бірге құмадағы шөкпелі және газды-шөкпелі ақаулықтардың түзілуіне қатысты бейімді болады, бұл герметикалықты күрт төмендетеді.

Соғылған шойынның **тотану төзімділігі** көпетеген факторлармен: химиялық құрам, құрылым, тығыздық, температура, қауіпті ортамен анықталады. Электрхимиялық тоттану металды емес қоспада қоспа кезінде десперсті құрылымды құрамдастың жоғарлауымен күшейеді.

Соғылған шойын ақ шойынна ұзақмерзімді жасыту көмегімен алынады, оның нәтижесінде химиялық байланысты көміртек бос күйде бөлінеді және ұлпалы қоспа түрінде графиттеледі.

Соғылған шойынның негізгі артықшылығы қимасы бойынша оның қасиетінің біртектілігіне, іс жүзінде құймада кернеудің болмауына, жоғары механикалық қасиетіне және өте жақсы өңделуіне қатысты. Соғылған шойынның беріктігі, созылмалдығы, соққы жүктемелеріне кедергілігі және тозу төзімділігі жеткілікті жоғары болады. Одан жасалған құйма кесу инструменттерімен жеңіл өңделеді. Бірақта мұндай шойындарда, сұр шойынмен (сұйық аққыштығы аз, үлкен көлемді шөгу және т.б.) салыстырғанда біршама құю қасиеті нашар, бұл көміртектің өте өмен құрамымен түсіндіріледі.

Соғылған шойын автомобильдер, теміржол вагондарын және ауышаруашылық машиналарының бөлшектерін құю үшін қолданылады, оларға пайдалану процесінде күрделі және соққы жүктемелер әсер етеді. Сонымен бірге әртүрлі арматураларға арналған – фитингтер, тығыдар және т.б. жасалады. Бұл шойын иілуді және бұралуда жақсы жұмыс жасайды, 400°C дейінгі температура кезінде жоғары механикалық қасиеттерін сақтайды. Іс жүзінде соғылған шойын қабырға қалыңдығы минималды 3÷4 мм, максималды – 50 мм және бірнеше граммнан 250 кг дейінгі салмақты, ал жеке жағдайда 2000 кг дейін құйманы алу үшін қолданылады. сонымен бірге соғылған шойынды (қабырғалар қалыңдығы бірқалыпты, өтулер баяулы, жылу тораптарын жою және т.б.) тиімді конструкцияланған құймаға қойылатын міндетті шартты талаптар бірі жоғары сапалық, сенімділік және осы шойыннан жасалатын бұйымдар өнімділігінің үнемділігі саналады.

Соғылған шойынның **физикалық қасиеті** және сонымен бірге механикалық қасиеттер матрица құрылымының өзгеруінің салдарынан жасыту процесінде өзгереді. Жасыту кезінде соғылған шойын тығыздығы, Фуко тогында кернеу және шығыны азайады.

Соғылған шойынның **тозу төзімділігі** тозудағы жұмыс жасайтын бөлшектердің пайдалану қасиетінің маңыздылығына қатысты және негізінен қаттылық анықталады, соның салдарынан осы жағдайларда тек ғана перлитті және перлитті-феритті соғылған шойын қолданылады. Шойынды үлгінің үйкелісі кезінде шыңдалған болат бойынша ең жақсы нәтижені, жоғары жылдамдықта жұмыс кезінде, жоғары қысым кезінде перлитті негізді (90÷100% П) және қаттылығы 220÷260 НВ соғылған шойын қамтамасыз етеді. Соғылған шойынның тозуындағы салыстырмалы майлаумен үйкелісті (20 МПа қысымда) кезінде және құрғақ үйкеліс (2,0 МПа қысымда) сынаудан байқағанымыздай, перлитті соғылған шойынның тозу тұрақтылығы меншікті 30 МПа қысым кезінде майлаумен жұмыс жасау жағдайында, құрғақ үйкеліс кезінде өте жылдам жұмыс жасайды. Ферритті-перлитті негізді соғылған шойынның құрғақ үйкелісі кезінде майлаумен жұмыс жасау жағдайында салыстырмалы антифрикциялық қасиеті төмен болады. Құрғақ үйкеліс жағдайында антифрикциялық қасиетті жоғарлату үшін жоғары құрамды күкіртті (0,25÷0,40%) соғылған шойынды пайдалануға болады. Перлитті соғылған шойынның құрылымында графитті қоспалы және сульфидтердің жоғары мөлшері антифрикциялық және қажалуға қарсы қасиетті сырғанаумен үйкеліс жағдайында жоғарлауға әсер етеді. Ферритті-перлитті негізді соғылған шойынның үйкеліс коэффициенті сұйықты үйкеліс кезінде 0,05÷0,10, ал суық үйкеліс кезінде – 0,30÷0,45 тең. Қолалы төлкені пайдалану кезіне қарағанда перлитті соғылған шойынды біліктер және төлке аралығындағы саңылауда антифрикциялы материал ретінде 10÷15% артық қолданылады [20, 21].

3.8. Соғылған шойынды құйманың қасиетіне химиялық құрамның әсері

Соғылған шойынның механикалық қасиетіне химиялық құрамының әсері металл құрлымының өзгеруі және феррит және перлиттің легірленуі нәтижесінде байқалады. Соғылған шойын алынатын ақ шойынның химиялық құрамы мынандай: 2,2÷2,9%С; 0,8÷1,4%Si; 0,4÷0,6%Mn; 0,08÷0,2%P; 0,12%S дейін. Шойынның химиялық

құрамын таңдау құйма қабырғасының қалыңдығына қатысты тәуелді болады.

Соғылған шойынның механикалық қасиетін негізгі реттеуші көміртек саналады. Ол феритті және перлитті соғылған шойынның беріктік, созылмалы, соққы тұтқырлығының шегін төмендетеді. Соғылған шойынның маркасы қаншалықты жоғары болса, соншалықты көміртек құрамы соншалықты төмен болады, сонымен бірге тек ғана графитті мөлшері ғана емес оның өлшемі төмендейді, сонымен бірге оның пішіні жақсарады. Көміртек және кремний құрамын таңдаумен құйма құрлымы толығымен ақ түсті болады, бірақта оны аз уақыт ішінде жұмсарту орындалады. Жұқақабырғалы құйма үшін көміртек және кремний құрамы жоғары шекте, ал қалыңқабырғалар үшін – төменгі шекте сақталады. Шақтамалы шекте кремний құрамының жоғарлауы беріктікті, қаттылықты жоғарлатады және соққы тұтқырлығын төмендетеді, бірақта шойында жұмсарту кезінде перлит қалған жағдайда, кремний шойын созылмалығын және тұтқырлығын жоғарлатады.

Марагнец құрамы күкірт құрамымен анықталады. Әдетте сұр шойынға қарағанда соғылған шойын құрамындағы марганец құрамы 3÷4 есе артық болады. Артық мөлшердегі марганец ферритті легірлеумен графиттелуге ықпал етуді тежеумен күкіртті байлау үшін соғылған шойынның созылмалығы және соққы тұтқырлығын төмендеуге және оның қаттылығын және беріктігін жоғарлату үшін қажет.

Марагнецпен байланысты артық мөлшерлі күкірт құрылымды перлитейді, соғылған шойынның беріктігін және қаттылығын жоғарлатады, соның әсерінен оның созылмалығы және соққы тұтқырлығы төмендейді. Бұл артық марганецтің әсеріне қарағанда қатты әсер етеді.

Фосфор созылмалық және соққы тұтқырлығын төмендетеді. Фосфор құрамының төмендеуі кері температура жағында соғылған шойынның сынғыштық шегінде араласуға әсер етеді, сонымен фосфор құрамы <0,1% кезінде ферритті соғылған шойынның сынғыштық шегі -100°C дейін араласады.

Мыс бірнеше рет беріктікті жоғарлатады және созылмалықты төмендетеді. Сонымен 1,5% Cu құрамы кезінде берікті шегі 30 МПа жоғарлайды, ал қаттылықтың шамалы өзгерісі кезінде салыстырмалы ұзару 1,0÷1,5% азайады.

Соғумен қайта өңдеу үшін қолданылатын ақ шойынға арналған шихтаға қатысты графитизациялануды күрделендіретін хром құрамы

бойынша ерекше талаптар қойылады. Оның мөлшері феритті шойын үшін 0,06% артық емес және перлитті соғылған шойындар үшін 0,2% артық емес болу керек. Хромның артық жоғары құрамы кезінде карбид толық ыдырамаған кезде және соғылған шойынның созылмалы қасиеті орындалмайды.

Бастапқы ақ шойынның газды құрамы балқытудың технологиялық процесі және балқыту жабдықтарын таңдау соғылған шойынның қасиетіне біршама әсер етеді. Оның металдағы 0,011% құрамына азот кері әсері; оттегінің ұқсас әсері 0,004% құрамы кезінде байқалады.

3.20 кестеде соғылған шойын маркаларының химиялық құрамы келтірілген [20, 21].

3.20 кесте

Ұсынылатын соғылған шойынның химиялық құрамы

Марка шойыны	Элементтердің салмақтық үлесі, %							
	C	Si	Mn	S	P	Cr		
Ферритті шойын								
КЧ30-6	2,6÷3,0	0,9÷1,3	0,3÷0,6	0,18	0,20	0,08		
КЧ33-8	2,5÷2,9	0,9÷1,3	0,3÷0,6	0,18	0,20	0,08		
КЧ35-10	2,4÷2,8	0,9÷1,5	0,3÷0,5	0,12	0,12	0,06		
КЧ37-12	2,3÷2,7	1,0÷1,4	0,3÷0,5	0,12	0,12	0,06		
Перлитті шойын								
КЧ45-6	2,4÷2,8	0,6÷1,5	0,3÷0,6	0,12	0,12	0,06		
КЧ50-4	2,4÷3,0	0,9÷1,6	0,3÷1,2			0,12	0,12	0,08
КЧ56-4								
КЧ60-3								
КЧ63-2								

3.9. Шойынның тозу төзімділігінің сипаттамасы

Ақ шойынның тозу төзімділігі – бұл хромды, марганец-хромды, никель-хромды шойындар тобы, оның негізгі ерекшелігі легірленген темір карбидтерінің микроқұрылымында және (не) легірлеуші элементтер карбидтері абарзивті тозу жағдайында жоғары тозу төзімділігін қамтамасыз етеді.

Ақ шойынның механикалық қасиеті біріншіден, жоғары қаттылықпен, созылу және иілу кезіндегі қалыпты берікпен және іс жүзінде созылмалықпен сипатталады. Оларды пайдаланудың негізгі аумағы – абразивті тозудан машина тораптарын қорғау. Жүзді инструментпен тозуға төзімді ақ шойынның құрамында карбидтің болуына қатысты нашар өңделеді.

Ыстықты және салқынды жарықшаның түзілуіне қатысты ақ шойынның қасиеті жоғары, бұл қорпалардың кристаллизациялануының аралығының, сызықты шөгу шамасы үлкен, жылу өткізгіштігі төмен ($12 \div 15$ Вт/м·К) болуына байланысты. Сондықтан ақ шойынды құйылған бөлшектерді құрастыру және қалыптың технологиясын жобалау кезінде шөгудің аз қиындығын, құйманың әртүрлі қимасында температураны теңестіруді қамтамасыз ету қажет.

Карбид торларының кристаллографиялық түрі бойынша ақ тозуға төзімді шойындар келесі негізгі топқа бөлінеді:

- карбидті Me_3C түрлі шойындар (легірленбеген және төмен хромды шойындар). Карбидті түрлі Me_3C шойындардың химиялық құрамы 3.21 кестеде келтірілген. Осындай шойындағы хром құрамы $4 \div 5\%$ артық емес. Хроммен ғана легірленген шойынның марица құрылымы перлитті болады. Олардың қаттылығы құйма қабырғасына қатысты тәуелді болады. $3,0 \div 5,0\%Ni$ легірленген төмен хромды шойындар **нихард** деп аталады.
- карбидті Me_7C_3 түрлі шойындар (ақ шойындардың негізгі тобы, хроммен легірленген). Карбидті түрлі Me_7C_3 шойындардың химиялық құрамы 3.22 кестеде келтірілген. Металды негіздің микроқұрылымы және қаттылығы осындай шойындарда термиялық өңдеу түріне тәуелді кең аумақта өзгеруі мүмкін.
- карбидті $Me_{23}C_6$ және Me_7C_3 түрлі шойындар (жоғары хромды ақ шойындар тобы).

$Me_{23}C_6$ және Me_7C_3 карбидті түрлі жоғары хромды ақ шойындар, басқа түрлі ақ түсті тозуға төзімді шойындармен салыстыру бойынша ыстыққа төзімді және тотану төзімділігі жоғары тозу төзімділігі жоғары болады. 3.23 кестеде жоғары хромды шойындардың химиялық құрамы және оның қаттылығы келтірілген.

3.24 кестеде ақ тозуға төзімді шойындардың механикалық қасиеті келтірілген.

Me_7C_3 карбидті шойынның иілуі кезінде беріктік шегі карбид мөлшерінің жоғарлауымен азайады. 100×100 мм қималы үлгілерге қарағанда диаметрі 16 мм үлгілер созылуы кезіндегі беріктік $1,5 \div 2$ есе жоғары болады.

Ме₃ карбидті тозуға төзімді ак шойындардың химиялық құрамы

Шойын маркалары	Элементтер құрамы, %										Қаттылық, НВ
	C	Si	Mn	Cr	Ni	P		S	басқа		
						артық емес					
Хромды төмен легіріленген перлитті шойындар											
ЧХЗТ	2,6÷3,6	0,7÷1,5	1,0	2,01÷3,0	-	0,30	0,12	0,5÷0,8Cu		440÷590	
1А	2,4÷3,4	0,5÷1,5	0,2÷0,8	2,0	-	0,15	-	0,7÷1,0Гі		350	
1В	2,4÷3,4	0,5÷1,5	0,2÷0,8	2,0	-	0,5	-	-		350	
1С	2,4÷3,0	0,5÷1,5	0,2÷0,8	2,0	-	0,15	-	-		200	
Никель хромды мартенситті											
Нихард-2:											
ЧН4Х2	2,8÷3,6	0,0÷0,1	0,8÷1,13	0,8÷2,5	3,5÷5,0	0,30	0,15	-		400÷650	
2А	2,7÷3,2	0,30÷0,80	0,20÷0,80	1,5÷3,5	3,0÷5,5	0,15	0,15	0,5Мо дейін		450	
Ni-Cr-LC	2,5÷3,0	0,8	До 1,3	1,4÷4,0	3,3÷5,0	0,3	0,15	1,0Мо дейін		550÷600	
260NiCr4 2	2,6÷2,9	0,2÷0,8	0,3÷0,7	1,4÷2,4	3,3÷5,0	-	-	0,5Мо дейін		430÷690	
Нихард-1:											
2В	3,2÷3,6	0,30÷0,80	0,20÷0,80	1,5÷3,5	3,0÷5,0	0,15	0,15	0,5Мо дейін		500	
Ni-Cr-NC	3,0÷3,6	0,8	До 1,3	1,4÷4,0	3,3÷5,0	0,3	0,15	1,0Мо дейін		550÷600	
330NiCr4 2	3,0÷3,6	0,2÷0,8	0,3÷0,7	1,4÷2,4	3,3÷5,0	-	-	0,5Мо дейін		430÷690	
Ni-Cr-GB	2,6÷2,9	0,8	До 1,3	1,1÷1,5	2,7÷4,0	0,3	0,15	1,0Мо дейін		550÷600	
Марганецті хромды											
ЧГ7Х4	3,0÷3,8	1,4÷2,0	6,0÷8,0	3,0÷5,0	-	0,1	0,05	-		390÷450	
W1	3,2÷3,4	0,8÷1,4	2,0÷3,0	1,0÷2,0	1,5 дейін	0,08	0,10	1,0÷2,0Cu		500÷600	
W2	2,5÷2,8	1,0÷1,4	2,5÷3,5	0,1 дейін	1,5 дейін	0,08	0,12	0,7÷0,9Mo		500÷600	

Me₇C₃ карбидті тозуға төзімді ак шойындардың химиялық құрамы

Шойын маркалары	Элементтер құрамы, %										Қаттылық, НВ
	C	Si	Mn	Cr	Ni	Mo	P		S		
							артық емес		артық емес		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
Хром оникельді маргенситті											
ЧХ9Н5	2,8÷3,6	1,2÷2,0	0,5÷1,5	8,0÷9,5	4,0÷6,0	≤0,4	0,06	0,1	-	-	490÷610
Ni-НСr	2,5÷3,6	1,0÷2,2	До 1,3	7,0÷11,0	4,5÷7,0	До 1,0	0,10	0,15	-	-	500÷600
300СrNiS19 5 2	2,5÷3,5	1,5÷2,2	0,3÷0,7	8,0÷10,0	4,5÷6,5	До 0,5	-	-	-	-	430÷690
2С	2,4÷2,8	1,5÷2,2	0,2÷0,8	8,0÷10,0	4,0÷6,0	До 0,5	0,10	0,15	-	-	≥450
2D	2,8÷3,2	1,5÷2,2	0,2÷0,8	8,0÷10,0	4,0÷6,0	До 0,5	0,10	0,15	-	-	≥500
2E	3,2÷3,6	1,5÷2,2	0,2÷0,8	8,0÷10,0	4,0÷6,0	До 0,5	0,10	0,15	-	-	≥550
W4	3,3÷3,6	2,0÷2,4	3,5÷4,0	7,0÷9,0	3,0÷3,5	До 1,5	0,08	0,12	1,5÷2,0Сu; 1,0V дейін		400÷700
Хром молибденді											
ИЧХ12М	2,6÷3,0	До 0,7	0,5÷1,0	11,5÷14,0	-	1,4÷1,6	0,10	0,06	-	-	HRC 60÷64
12%Сr	2,4÷2,8	До 1,0	0,5÷1,5	11,0÷14,0	0,5 дейін	0,5÷1,0	0,10	0,06	1,2Сu дейін		≥550
3F	2,0÷2,7	До 1,0	0,5÷1,5	11,0÷13,0	2,0 дейін	2,5 дейін	0,10	0,10	2,0Сu дейін		≥600
3G	2,7÷3,4	До 1,0	0,5÷1,5	11,0÷13,0	2,0 дейін	3,0 дейін	0,10	0,10	2,0Сu дейін		≥650

3.22 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
ЧХ16	1,6÷2,4	1,5÷2,2	1,0 дейін	13,0÷19,0	-	-	0,10	0,05	-	400÷450
300CrMo15 3	2,3÷3,6	0,2÷0,8	0,5÷1,0	14,0÷17,0	0,7 дейін	1,0÷3,0	-	-	Cu	380÷690
300CrMo15 2 1	2,3÷3,6	0,2÷0,8	0,5÷1,0	14,0÷17,0	0,8÷1,2	1,8÷2,2	-	-	Cu	380÷750
3A	1,8÷3,0	1,0 дейін	0,5÷1,5	14,0÷17,0	2,0 дейін	2,5 дейін	0,10	0,06	2,0Cu дейін	≥600
15%Cr-Mo-LC	2,4÷2,8	1,0 дейін	0,5÷1,5	14,0÷18,0	0,5 дейін	1,0÷3,0	0,10	0,06	1,2Cu дейін	450÷600
BF182	2,5	1,0	0,5	15	-	0,5	0,05	0,05	-	HV 700
3B	3,0÷3,6	1,0 дейін	0,5÷1,5	14,0÷17,0	2,0 дейін	3,0 дейін	0,10	0,10	2,0Cu дейін	≥650
15%Cr-Mo-NC	2,8÷3,6	1,0 дейін	0,5÷1,5	14,0÷18,0	0,5 дейін	2,3÷3,5	0,10	0,06	1,2Cu дейін	550÷600
260CrMoNi20 21	2,3÷2,9	0,2÷0,8	0,5÷1,0	18,0÷22,0	0,8÷1,2	1,4÷2,0	-	-	Cu	380÷750
3C	1,8÷3,0	1,0	0,5÷1,0	17,0÷22,0	2,0 дейін	3,0 дейін	0,10	0,10	2,0Cu дейін	600
20%Cr-Mo-LC	2,0÷2,6	1,0 дейін	0,5÷1,5	18,0÷23,0	1,5 дейін	1,5 дейін	0,10	0,06	1,2Cu дейін	450÷600
20%Cr-Mo-NC	2,6÷3,2	1,0 дейін	0,5÷1,5	18,0÷23,0	1,5 дейін	1,5÷2,0	0,10	0,06	1,2Cu дейін	450÷600
Хромды марганецті										
ИЧ210Х12Г5	1,9÷2,3	0,4÷1,0	4,6÷5,6	11,0÷14,0	-	-	0,8	0,06	-	HRC 53÷60
ЧХ16М2	2,4÷3,6	0,5÷1,5	1,5÷2,5	13,0÷19,0	-	0,5÷2,0	0,10	0,05	1,0÷1,5Cu	490÷610
ИЧ300Х18Г3	2,7÷3,0	0,4÷0,8	2,0÷4,5	17,0÷21,0	-	-	0,1	0,06	0,05÷0,1Zr; 0,05÷0,1B	HRC 55÷61
ЧХ22	2,4÷3,6	0,2÷1,0	1,5÷2,5	19,0÷25,0	-	-	0,10	0,06	0,15÷0,35V; 0,15÷0,35Ti	330÷610

Me₇C₃ және Me₂₃C₆ карбидті тозуға төзімді ак шойындардың химиялық құрамы

Шойын маркалары	Элементтер құрамы, %										Қаттылық, HB
	C	Si	Mn	Cr	Ni	Mo	P		S	басқа	
							артық емес				
3D	2,0÷2,8	1,0	0,5÷1,5	22÷28	2,0 дейін	1,5 дейін	0,10	0,10	0,10	2,0Cu дейін	≥600
3E	2,8÷3,5	1,0	0,5÷1,5	22÷28	2,0 дейін	1,5 дейін	0,10	0,10	0,10	2,0Cu дейін	≥600
25%Cr	2,3÷3,0	1,0 дейін	0,5÷1,0	23÷28	1,5 дейін	1,5 дейін	0,10	0,10	0,06	1,2Cu дейін	450÷600
260Cr27	2,3÷2,9	0,5÷1,5	0,5÷1,5	24÷28	1,2 дейін	1,0 дейін	-	-	-	-	380÷750
300CrMo27 1	3,0÷3,5	0,2÷1,0	0,5÷1,0	23÷28	1,2 дейін	1,0÷2,0	-	-	-	-	380÷750
ИЧХ28Н2	2,5÷3,0	0,7÷1,4	0,5÷1,0	25÷30	1,5÷2,0	-	0,08	0,1	0,08	Cu	500÷550
ЧХ32	1,6÷3,2	1,5÷2,5	До 1,0	30÷34	-	-	0,10	0,08	0,08	0,1÷0,3Ti	245÷340
ЧХ28Д2	2,2÷3,0	0,5÷1,5	1,5÷2,5	25÷30	0,4÷0,8	-	0,10	0,08	0,08	1,5÷2,5Cu	390÷640
ИЧ170Х30Г3	1,7÷2,0	0,5÷0,9	2,8÷3,5	29÷32	-	-	0,1	0,06	0,06	0,05÷0,1Zr	HRC 42
ИЧ210Х30Г3	2,05÷2,35	0,5÷0,9	2,8÷3,5	30÷33	-	-	0,1	0,06	0,06	0,05÷0,1Zr	HRC 52

Тозуға төзімді ақ шойындардың механикалық қасиеттері

Шойын маркасы	σ_B	$\sigma_{изг}$	Шойын маркасы	σ_B	$\sigma_{изг}$
ЧХЗТ	200	400	300CrMo15 2 1	450÷1000	-
ЧН4Х2	200	400	ИЧ210Х12Г5	-	785
260NiCr4 2	320÷390	-	ЧХ16М2	170	490
330NiCr4 2	280÷350	-	ИЧ300Х18Г3	-	720
ЧГ7Х4	150	330	ЧХ22	290	540
W1	345	-	260Cr27	560÷960	-
W2	345	-	300CrMo27 1	450÷1000	-
ЧХ9Н5	350	700	ИЧХ28Н2	350	700
300CrNiSi9 5 2	500÷600	-	ЧХ32	390	690
W4	415	-	ЧХ28Д2	390	690
ЧХ16	350	700	ИЧ170Х30Г3	-	785
300CrMo15 3	450÷1000	-	ИЧ210Х30Г3	-	785

Тозуға төзімді ақ шойындардың физикалық қасиеті

Шойын маркасы	E, ГПа	Тығыздық ρ , кг/дм ³	20÷100°C аралығындағы жылулық кеңейу коэффициенті, $\alpha \cdot 10^{-6} \text{ K}^{-1}$	20÷100°C аралығындағы жылуөткізгішті λ , Вт/м·К
260NiCr4 2	169÷183	7,7	8÷9	14,0
330NiCr4 2	169÷183	7,7	8÷9	14,0
300CrNiSi9 5 2	169	7,7	14÷15	12,6÷15,0
300CrMo15 3	154÷190	7,7	11÷15	12,6÷15,0
260CrMo15 2 1	154÷190	7,7	11÷15	12,6÷15,0
260CrMo20 2 1	154÷190	7,7	11÷15	12,6÷15,0
260Cr27	154÷190	7,6	12÷15	12,6÷15,0
300CrMo27 1	154÷190	7,6	12÷15	12,6÷15,0

Ақ тозуы төзімді кейбір шойындардың физикалық қасиеттері 3.25 кестеде келтірілген. Жылулық кеңейу коэффициенті, серпімділік модулі және Me_3C карбидті шойынның жылуөткізгіштігі Me_7C_3 карбидті шойынға ақарағанда төмен болады.

Тозу төзімділігі және тотану төзімділігі. Тотану ортасында абразивті тозу кезінде бетті қабаттың беріксізденуі нәтижесінде тозу күрт күшейеді. Сондықтан бірауқытта тотануға төзімді шойында ғана тозу төзімділігі жоғары болады. Ақ хромды шойындар үшін бұл жағдай хром концентрациясы 12% кем емес кезде орындалады, сонда қортпа бейтарапты, қышқылды және тотыққан ортада хром тотығының қабыршағының түзілуі кезіндегі тотануға төзімді болады. Басқа материалдарға қарағанда тотану төзімділігі (30%Cr) жоғары шойынның бейтарапты ортада тозу төзімділігі бірқалыпты, ал абразивті-тотану ортасында – өте жоғары. ИЧ210Х30Г3 маркалы шойын абразивті-тотану ортасындағы барлық сынақта максималды тозу төзімді екендігі анықталды.

Сұр шойындарға қарағанда ақ шойындардың құйылу қасиеті нашар. Бірақта олардың сұйықты аққыштығы әдетегі қалыпта қабырғалар қалыңдығы $3\div 4$ мм және қабырға қалыңдығы $6\div 8$ мм құйылған дайындаманы алуға жеткілікті болады. Ақ шойындардың сызықты шөгуге көміртекті болаттың сызықты шөгуге қатысты жақын болады. Кремний хромды шойындардың сұйықты аққыштығын жақсартады. Құю қасиетінің кешені бойынша перлитті ақ шойындардың және нихард шойындар ең аз технологиялықты, олардан кейін Me_7C_3 карбидті шойындар қарастырылады. Эвтектикті шойынға қатысты әсіресе жақын Me_7C_3 және $Me_{23}C_6$ карбидті жоғары хромды шойындарда жарықшалардың түзілуіне ең аз бейімді шойындар саналады [20, 21].

3.10. Ванадийлі және Шарпи қағидасы қанағаттандырылатын кейбір басқа легіріленген шойындар

Фазалардың орналасуының толық инверсиялығын қажет ететін, Шарпи қағидасына сәйкес келетін ванадийлі шойындар, әсіресе ақ шойындардың ерекше сипаты, қоспалардың бір-біріне қатысты окшауланған түрде орналасуын құрайтын қатты құрылым, ал ең артық тұтқырлықты жалпақ матрицаны құрайды. Бұл ең үздік дәреже қортпалардың тозу төзімділігін және жоғары антифрикциялық қасиетін ғана емес, сонымен бірге беріктік, тұтқырлық, жылулы ауысу жағдайында төзімділік қамтамасыз етіледі. Фазаның орналасуының

осындай инверсиясы легірлеумен, легірлеу және термиялық өңдеу, пастикалық деформациялану, жоғары құрамды марагнецті эвтектикалық ақ шойындарды жоғары температуралы термиялық үйлестірумен орындалады. Беріктіктің максималды мәні шойынның микроқұрылымының (при 11÷12%V) толық инверсиялығына сәйкесті максималды қаттылық біршама ванадий (шамамен 9%) құрамының аз кезінде орындалады. Ұстау процесінде (5÷6 сағ) 1000÷1050°C кезінде карбидті қоспалар бір бірінен толығымен оқшауланады, бұл Шарпи қағидасына сәйкес құрлымының қалыптасуына әкеп соғады, сонымен бірге кокильде құйылатын шойындарда ең үздік нәтижелер алынады. Олардың созылмалығы, тұтқырлығы жоғары, соққы жүктемесі әсері кезінде пластикалық деформацияланады (иілу). Сонымен бірге бұл шойындардың қаттылығы жоғары (≈ 40 HRC) және абразивті тозу кедерділігі жақсы.

Ақ шойын ванадиймен 8÷12% мөлшерде легірленеді, термодинамикалық белсенділікті жоғарлататын көміртекпен ақ шойын элементтері қосымша легірлену есебінен 3,5÷4,5% дейін ванадий құрамы азайтылады. Кешенді-легірленген шойындағы ванадий титанмен ауыстырылады. Қасиеттері бойынша мұндай шойындар Mn-Cr-V-шойындарда өзгеше болмайды. Ванадийлі шойынның беріктігінің жоғарлауы оны никель және кремниймен легірлеу кезінде орындалады. Максималды беріктікке $\sim 2,5\%Si$ сәйкес келеді. Әрі қарай шойындағы кремний құрамының жоғарлауы біршама сынғыштықты және беріктіктің төмендеуіне әсер етеді. Қаттылық кремний концентрациясының жоғарлау шамасы бойынша сызықтықты жоғарлайды. Максималды беріктік $\sim 3,3\%Ni$ кезінде, максималды қаттылық – $\sim 4\%Ni$ кезінде орындалады. Көміртектің (2,2%) аз құрамы кезінде мыспен ($\sim 1,5\%$) және кремний ($\sim 1,5\%$), ванадиймен шойынды кешенді легірлеумен HB (390÷430) механикалық қасиетің жоғарғы көрсеткіштері алынады.

Аталған шойындардың үйкеліс жағдайындағы төзімділігі өте жоғары, ШХ15 маркалы болаттың төзімділігінен 2÷7 жоғары, шыңдалған және жасытылған, қаттылығы 61 HRC, іс жүзінде қаттылығы 66 HRC P18 жылдам кесу маркалы болаттың тозу төзімділігіне тең. Тозға төзімділік ерекше шамалы ақ шойынды марагнец, ванадий және көміртекпен кешенді легірлеу кезінде жоғарлайды, соның VC және Me_7C_3 нәтижесінде карбидтер шойынның мартенситті-аустенитті матрицалы болады. Тозатын бетте осындай құрылым кезінде соққысыз әсер ету кезінде абразивті бөлшектер жабысады,

жоғары бастапқы қаттылықпен (57÷65 HRC) жақсы тозуға төзімділік қамтамасыз етіледі. Мұндай шойын ұсақтау күрекшелері, жылдам тозатын жер қазатын машиналар бөлшектерін жасау үшін ұсынылады.

Кешенді-легіріленген ванадийлі ақ шойындар келесі көрсеткіштермен $\sigma_b \leq 100$ кгс/мм² және $\delta \leq 2,5\%$ сипатталады. Аустенитті күй температурасы кезінде оларда жоғары созылмалық қалыптасады, ол олардың пластикалық деформациялану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Соңғы қасиет, байқағанымыздай, қатты және жұмсақ фаза пішінінің өзара қолайлы орналасуында қалыптасады. Кейбір ванадийлі шойындардың химиялық құрамы 3.26 кестеде келтірілген.

Қалыпты сұр шойындарда Шарпи қағидасы, негізінде, сақталмайды: феррит эвтектикалық колония ортасында артық аустенитті дендриттердің өсті аймағында бөлінеді. Сұр шойынның ағару кезеңінің басында ледебуритті цементит қоспасы эвтектикалық аустенитті-графитті колония айналасында торлы не тармақ аралық дендритті құрылымда қабат түрінде орналасады. Сонымен бірге осындай қолайсыз құрылымдық құрамдастың орналасуын инверсиялау үшін қолданылатын құралдар белгілі. Мысал ретінде 1,6÷3,5%Al құрамды шойын қолданылады. Аустенит құрамындағы алюминийдің жоғары құрамды және дендриттер түрінде кристаллизацияланады. Сонымен бірге осы түрдегі қортпалардың жоғарғы тозу төзімділігін қамтамасыз ететін ферриті-перлитті құрылымды сипатты инвертирлеу түзіледі.

Цариймен осындай шойындарды микролегірлеу графитті түйіршіктердің жинақтылығын жоғарлатады және γ -фазаның сақталуына ықпал етеді, бұл құрғақ үйкеліс жағдайында Al-Ce-шойындардың жоғары тозу төзімділігін, жоғары механикалық қасиеттерін ($\sigma_b < 50$ кгс/мм²) және жоғары қақтану төзімділігін қамтамасыз етеді. Біршама жоғары қаттылыққа (285 НВ) қарамастан олар кесумен жақсы өңделеді, өйткені құрлымыдық қаттылық бойынша – қатты қоспа γ -фазалары жұмсақ матрицада күшті дефференцирленеді.

Шарпи қағидасына сәйкесті мысалды құрылым ретінде жартылай графиттелген ванадийлі шойындар қарастырылады, оларда көміртекті шамалы бөлігінде пластиналы не шар тәрізді графит болады, ал бір бөлігі ванадий карбидтерінде байланысады. Шикізатты күйде және ерекше осындай шар тәрізді графитті қортпалар жастылығынан кейін созылмалығы жоғары ($\delta_5 < 7,5\%$), қаттылығы төмен (250 НВ) және кесумен жақсы өңделеді. Олардың жасыту және жұмсартудан

3.26 кесте
Микроқұрылымы толық және жартылай инверсияланған шойындардың химиялық құрамы

Шойын түрі	C	Si	Mn	Cr	V	Cu	Ti
Ақ ванадийлі	1,7÷3,0	0,5÷2,5	0,7 дейін	0,1 дейін	3,0÷10,0	1,5 дейін	-
Пластиналы графитті жартылай ванадиймен графиттелген	3,3÷4,0	2,0÷3,3	0,5 дейін	0,05 дейін	1,5÷4,5	0,5÷1,2	-
Сондай, шар тәрізді графитті	3,5÷4,0	3,0÷4,2	0,5 дейін	0,05 дейін	1,5÷4,5	0,5÷1,2	-
Ақ аустенитті ванадиймен кешенді легірілген	2,7÷3,8	0,5÷1,5	7,5÷20,0	7,0÷12,0	3,0÷8,0	-	-
Ақ мартенситті-аустенитті ванадиймен кешенді легірілген ванадиймен кешенді легірілген	2,7÷3,8	0,5÷1,5	3,5÷5,0	7,0÷11,0	4,0÷8,0	-	-
Ақ титанмен кешенді легірілген	2,3÷2,8	0,6 дейін	0,5÷8,0	7,0÷12,0	-	-	1,5÷3,0
Ақ марганецті	1,7÷2,5	0,5÷1,5	15,0÷35,0	-	-	-	0,2÷0,5

3.27 кесте

Жоғары марганецті шойындардың механикалық қасиеті

Көміртек құрамы	σ_p , МПа	δ , %	КС, кДж/м ²	HRC
2,0÷2,2	450÷500	1÷2	200÷300	27÷30
2,3÷2,5	400÷450	1,5 дейін	100÷200	32÷37
2,6÷2,8	350÷400	1,0 дейін	100 дейін	38÷43

кейінгі қаттылығы 56÷60 HRC және тозу төзімділігі жоғары, олардың беріктігі 150 кгс/мм² жетеді.

Ванадийлі ақ шойындардың кесумен өңделуі қиындық тудырады, сондықтан аз көлемді механикалық ажарлаумен өңдеумен кұюдың дәл тәсілдерімен бөлшектерді жасауға болады.

Ванадийлі ақ шойындар ауыр пайдалану жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектерді жасау (кұрғақ үйкеліс, абарзивті орта, жоғары статистикалық және динамикалық жүктеме) үшін ұсынылады. Мұндай жағдайда ванадийлі шойындарды пайдалану экономикалық тұрғыдан тиімді екендігі анықталған.

Жоғары марганецті ақ шойындар. Кокильде құйылған (3.27 кесте) жоғары марганецті ақ шойындардың (2,0÷2,8 %С, 20÷35%Mn, 0,4÷1,0%Si) ерекшелігі олардың жоғары созылмалығы және соққы тұтқырлығы саналады. Осы шойындардың үлгілері 30° дейінгі соққы кезіндегі иілудің бүлінсуінсіз соққыны ұстайды.

Құйылған күйдегі жоғары марганецті шойындардың салыстырмалы ϵ тозу төзімділігі термиялық өңдеуден кейін (жақшада) келесі көрсеткіштермен сипатталады:

Сынау жағдайы:	ϵ
– бос абразивте	1,6 (2,1)
– электрлі корундті қабықша бойынша	1,5 (1,9)
– кремнийлі қабықшада	3,1 (4,1)

Жоғары марганецті термиялық өңделген ақ шойындар соққы жүктеме және тозу жағдайында жұмыс жасайтын бөлшектерге арналған 110Г13Л маркалы болат орнына қолдану ұсынылады, мысалы, ұсатқышты-ұсақтау жабдықтарының, экскаваторлар бөлшектері.

Деформацияланған ақ шойын. Ақ шойын құрамындағы күрт өзгерістер пластикалық деформациялану нәтижесінде алынады, бұл болаттың жоғары механикалық қасиеті және қаттылықты, тозуға төзімді ақ шойын қасиеттеріне жақын үйлескен, арзан материалды алуға мүмкіндік береді. Графитизациялануға қатысты бейімді емес ақ шойын ыстықтай деформацияланады. Деформациялану процесінде құйылған шойында сынғыштық және төмен беріктік түзіледі эвтектикалық карбидтер деформацияланады және ұсақталады, аустенитті түйіршік ұсақталады, шойын құрылымының ледебуритті қаңқасы толығымен бұзылады. Нәтижесінде ақ шойыннышамалы беріктенуі орындалады, оның созылмалығы және соққы тұтқырлығы

жоғарлайды. Шойынның металды негізін марганец, никель және молибден құрамымен реттеуге болады.

Келесі құрамды 1,7÷2,5%С, 0,9÷1,5%Cr, 0,4÷0,6%Nb немесе 0,5÷0,7%V, 0,1÷0,3%Mo және 0,03÷0,08%Ti деформацияланған ақ шойынның механикалық қасиетінің көрсеткіші: $\sigma_b = 890\div1100$ МПа, $\sigma_{0,2} = 620\div820$ МПа, $\delta = 1\div4$, КС = 50÷400 кДж/м², HRC 33÷42. Мұндай шойындарды тісті сүргілеу білдектерінің төсемдерін жасауға арналған термиялық өңделген 35Л және 40Х маркалы болаттармен бірге тозуға төзімділікті материалдар ретінде пайдалануға болады, бұл олардың жұмыс жасау мерзімін 8÷10 есе жоғарлатады. Деформацияланған шойындарды ыстықтай илектеу біліктерін жасау үшін қолдануға болады, бұл біліктер төзімділігін ~1,5 есе жоғарлатады [20, 21].

3.11. Ыстыққа төзімді шойындар

Қазіргі кезде машинажасау саласында әртүрлі пайдалану жағдайында құйма жұмысының сенімділігін және ұзақмерзімді жұмыс жасауын қамтамасыз ететін, жоғары берікті ғана емес, сонымен қатар бірқатар арнайы қасиетті материалдарды пайдалану қажеттілігі туындайды. сондықтан ерекше физикалық қасиетті жоғары легіріленген шойынды құймалар кеңінен қолданылады, мысалы, тотануға төзімділікті (26÷36%Cr), магнитті емес (12%Mn дейін, 2%Cu дейін). Сонымен бірге бұл шойындар сәйкесті болаттарға қарағанда арзан және жақсы құймалы қасиетті.

Легіріленген шойындар әдетте ыстыққа төзімді, ыстыққа берікті, тозуға төзімді, тотануға төзімді, магнитті емес қасиеттері бойынша жіктеледі, ал құрамы бойынша – хромды, никельді, кремнисті, алюминді, марганецті. сонымен бірге легірлеуші элемент шойынға біруақытта бірнеше арнайы қасиетті қалыптастырады.

Тотықты ортада қызу кезінде қалыпты төмен легіріленген шойын тотанады, графитизациялану нәтижесінде көлем жоғарлайды. Арнайы ыстыққа төзімді легіріленген шойындар тотықты газды ортада қызу кезінде шамалы тоығады және өседі. Ыстыққа төзімді шойындардың тотану нәтижесінде салмақ 0,5 г/м²·сағ жоғарлайды және 150 сағат пайдалану температурасы кезінде 0,2% артық емес жоғарлайды.

Легіріленген шойындардағы алюминий, кремний, никель, хром құрамының белгілі құрамы кезінде ыстық төзімділігі жоғарлайды. Алюминий, кремний, хром сияқты легірлеуші элементтер шойын бетінде тығыз темір, тотықтарының, шпинельдердің, сонымен

біретотықты тотанудан қорғаумен тотықтың түзілуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, олар қызу кезінде құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз етеді, шойынның өсуін төмендетеді.

Ыстыққа төзімді шойындарға пластиналы және шар тәрізді графитті хромды, кремнийлі, алюминді шойындар жатады. Жоғары никельді тотануға төзімді ыстыққа берікті шойындардың ыстық төзімділігі жоғары, бірақта ыстыққа төзімді шойын ретінде қолдану оның бағасының жоғары және никельдің тапшылығына қатысты шектеледі. Жоғары хромды ақ шойын және жоғары алюминді шойындардың ыстыққа төзімділігінің деңгейі өте жоғары, бірақта оларды пайдалану олардың өңделуінің нашарлығына, құймада жарықшаның түзілуіне қатысты бейімді және қабыршақ және кеуектілік түріндегі ақаулықтарға қатысты шектеледі. Белгілі жұмыс жасау жағдайында аз құрамды алюминді хромды, алюминді шойындар өте арзан және технологиялықты, экономика тұрғысынан құйылған бөлшектердің анықталған ұзақмерзімділік деңгейімен қамтамасыз етіледі.

Ыстыққа төзімділік әдетте екі көрсеткіштер: қақты төзімділік және өсу тұрақтылығы бойынша анықталады. Қақты төзімділік берілген температура кезінде белгілі ортада үлгінің сәйкесті шыдамдылықтан кейін салмақты әдіспен не корродирленген қабат тереңдігін тікелей өлшеумен анықталады. Үлгінің салыстырмалы өлшемдерінің өзгеруі бойынша анықталатын шойынның өсуі орындалады. Шойынның тозу төзімділігі гидроабразивті және әртүрлі абразивті ортада сынау кезінде, сонымен бірге сұйық үйкеліс және майлаумен үйкеліс кезінде үлгінің салыстырмалы салмағының өзгеруі бойынша анықталады. Әртүрлі қышқылда, сілтідегі және басқа зиянды сұйық ортадағы тоттану төзімділігі тоттану жылдамдығы $\text{г/м}^2\cdot\text{сағ}$ немесе в мм/жыл бойынша анықталады. Тікелей тотану тереңдігін анықтау әдісі үлгінің бетіндегі қақаты жою және сынауға дейінгі және кейінгі үлгі өлшемдерін өлшеумен орындалады.

Легірленген шойындарды сипаттауда атап өту қажет, олардың арнайы қасиеттері, конструкциялық шойындарға қарама-қарсы біріншіден, олардың құрылымымен анықталатын легірлеуші элементтер құрамы және құрылымымен анықталады.

Алюминді шойын. Арнайы қасиетті Fe-C-Al жүйелер қорпаларының арнайы фазалар түзілуі және графитизациялануға қатысты әртүрлі бейімділік нәтижесінде құрылымы әртүрлі болады. Алюминді шойын құрамында 0,6-1,5 ден 29-32%Al болады. Алюминді шойындардың кейбір маркалары біруақытта тотану төзімділігі, тозу

термиялық төзімділігі, беріктігі жоғары болады. Құрамындағы 14%Al артық шойындардың ыстыққа төзімділігі ең жоғары болады. Алюминий және көміртек құрамына қатысты тәуелділікте алюминді шойындар құрылымда графиттің түзілуінсіз, пластиналы графитпен кристаллизацияланады, ал шар тәрізді графитпен модифицирлеу кезінде оның физика-механикалық қасиеттерінің диапазоны біршама кеңейеді.

Шойын құрамында Al 5÷8% болған кезде оның құрылымы кейбір мөлшерлі графитті легіріленген ферритті болады. Құрамындағы Al 11÷17% болған қорпаларда графит болмайды, және олардың құрылымы феритті және γ -фазалы, жоғары қаттылығымен (360÷400 HV) ерекшеленеді. Құрамындағы Al 11÷17% қорптада феррит парамагнитенді, γ -фазалы ферромагнитенді болады. Осы шойынның царий не оның қоспаларымен модифицирленеді, бұл феррит түйіршіктерінің шекаралары бойынша орналасқан құрамдас γ -фазалар ферромагнитті құрылымның түзілуіне қатысты орындалады. сол кезде графитшар тәрізді пішінді болады. Кальций не оның қосындысымен 19÷25%Al құрамды шойын модифицирленгеннен кейін γ -фаза іс жүзінде түзілмейді, ал графитцприймен модифицирленген шойынмен салыстырғанда өте дұрыс шар тәрізді пішінді болады. Шойын құрамдындағы Al 26% артық кезде барлық көміртек Al4C3 карбид түріндегі байланыс түрінде болады, микроқаттылығы 960÷1000 HV.

Арнайы қасиетті өндірісте қолданылатын алюминді шойындар құрамы 3.28 кестеде келтірілген; оның негізгі қасиеті – ыстыққа төзімді және тозуға төзімді. Шойын құрамындағы Al 5÷8% кезінде ыстық төзімділік жеткілікті деңгейімен сипатталады және 800°C кезінде оның салмағы барлығы 0,4 г/м²-сағ жоғарлайды. Бірақта өте жоғары температура кезінде ыстық төзімділік біршама төмендейді, сондықтан осы құбылысты жою үшін шойын қосымша Si, Ni, Cr және Cu легіріленеді, сонымен бірге максималды қақ төзімділік 10,5% тең кремний және алюминий құрамының жиынтығы кезінде жоғарлайды. Шойын құрамындағы алюминий құрамының көбейуінде оның ыстық төзімділігі үздіксіз жоғарлайды, сонымен Al 14% кезінде шойын 1000°C кезінде 0,1 г/м²-сағ салмақта жоғарлауымен сипатталады. Бірақта, ыстық төзімділігі жақсы болуына қарамастан бұл шойын өзінің үлкен сынғыштығы және төмен механикалық қасиеті өңделуінің қанағаттанарлықсыздығына қатысты қолданылуы шектеулі. ЖЧЮ22Ш маркалы шойынның қақа төзімділігі және өсу тұрақтылығы бойынша

көрсеткіштері өте жоғары, ол іс жүзінде 1100°C дейінгі температурада тотықпайды. Оның жоғары ыстық төзімділігі бірқатар зиянды ортада. Оның ішінде пешті және күкіртті газдар және артық қызған булы ортада сақталады.

3.28 кесте

Жоғары легіріленген алюминді шойындардың химиялық құрамы, %

Шойын маркасы	C	Si	Al	Cr	Mn	P	S
ЖЧЮ2ХШ	3,0÷3,8	2,0÷3,0	1,0÷2,0	0,5÷1,2	0,8	0,1	0,03
ЖЧЮ6С5	1,8÷2,4	4,5÷6,0	5,5÷7,0	-	0,8	0,3	0,15
ЖЧЮ7Х2	2,5÷3,0	1,5÷3,0	5,0÷9,0	1,5÷3,0	1,0	0,3	0,12
ЖЧЮ22	1,6÷2,5	1,0÷2,0	19,0÷25,0	-	0,8	0,2	0,08
ЖЧЮ22Ш	1,6÷2,5	1,0÷2,0	19,0÷25,0	-	0,8	0,2	0,03
ЖЧЮ30	1,0÷1,2	До 0,5	29,0÷31,0	-	0,7	0,04	0,08

3.29 кесте

Кейбір алюминді шойындардың механикалық қасиеті

Шойын маркасы	σ_B , МПа	$\sigma_{изр}$, МПа	Қаттылық, НВ
ЧЮХШ	390	590	183÷356
ЧЮ605	120	240	236÷294
ЧЮ7Х2	120	170	254÷294
ЧЮ22Ш	290	490	235÷356
ЧЮ30	200	350	356÷536

Шар тәрізді графитті алюминді шойын балку температурасына дейін іс жүзінде жоғары ыстық төзімділікті сақтайды. 29÷31%Al құрамды шойынның (пирофераль деп аталады) ыстыққа төзімділігі және 1100°C кезінде де жоғары болады, шамамен 0,2 г/м²·сағ салмақ жоғарлайды, ал сонымен бірге жоғары температура кезінде оның тозу төзімділігі өте жақсы болады. Пироферальді өндірісте кеңінен қолдануға кедергі жасайтын негізгі себеп, оның бөлме температурасы кезінде өз бетімен ыдырауға қатысты бейімді қасиеті, бұл оның Al₄C₃ карбидті металды негіздің болуына қатысты орындалады, бөлмелі және төмен температура кезінде, әсіресе ылғал болған кезде тұрақсыз. Пироферальдің кемшіліктеріне жарықшаның түзілуіне жоғары бейімділік және қалыпты кесу инструментімен кесілмеуі жатады.

Пироферальға 0,3% дейінгі мөлшерде титанды, сонымен бірге Сг не FeCe араластырған кезде оның қасиеті жоғарлайды және қалыпты температура кезінде құрылымның тұрақтылығы жоғарлайды.

Алюминді шойынның механикалық қасиеттері 3.29 кестеде келтірілген. Құрамындағы Al 8% дейінгі шойындар магний не оның лигатурасымен, Al 19÷25% құрамды – құрамында мына элементтер бар царий, кальций не кешенді қоспалармен модифицирленеді. Атап өту керек, магниймен модифицирленген құрамындағы Al 5÷8% шойын үлкен сынғыштықпен сипатталады және осы себепті оны өндірісте қолдану шектелген. 11÷17% Al кезінде шойын құрамындағы кремнийдің 6% дейінгі мөлшері, Ca, Si, Mg және PЗМ құрамды кешенді қоспалармен оны модифицирлеуден кейін шар тәрізді графитті алуға мүмкіндік береді, бірақта бұл оның сынғыштығын төмендетпейді. Сонымен бірге 19÷25%Al құрамды алюминді шар тәрізді шойын 1000°C температура кезінде ұзақуақытты шыдамдылықтан кейін де жоғары беріктік сақталады.

Пластиналы графитті алюминді шойынның механикалық қасиеті төмен болады. Шар тәрізді графитті алюминді шойынның созылуы кезінде фосфор беріктігі төмендейді. Жоғары алюминді шойындар қаттылығы негізінен алюминий құрамы бойынша анықталады. Егер алюминий құрамы 19÷23%, көміртек құрамының 1% азайуы. Шамамен шойын қаттылығын 100 НВ жоғарлатады. Кремний құрамының жоғарлауы шамасы бойынша шойын қаттылығы жоғарлайды. Шар тәрізді графитті алюминді шойынның серпімділік модулі шамасы бойынша шар тәрізді графитті қалыпты шойынның серпімділік модуліне сәйкес және 680÷690°C дейін температура көтерілген кезде бірқалыпты төмендейді. 690÷730°C температура аралығында серпімділік модулінің күрт төмендеуі орындалады.

Алюминді шойынның сызықты кеңейу коэффициенті температура және алюминий құрамының көбейуімен жоғарлайды. Шар тәрізді алюминді шойынның сызықты кеңейу коэффициенті, пластиналы графитті шойынмен салыстырғанда біршама төмен болады. Алюминді шойынның жылу өткізгіштігі, сұр және жоғары берікті шойынға қарағанда қалыпты температура кезінде төмен болады. Температураның жоғарлауына қатысты алюминді шойынның жылу өткізгіштігі жоғарлайды, сонымен бірге легірленбеген шойындарда төмендейді. 950oC кезінде сұр және жоғары берікті шойындарға қарағанда алюминді шойынның жылу өткізгіштігі екі еседен артық жоғары болады.

Алюминді шойындардың қак төзімділігі балқу температурасына дейін жоғары болады. Пластиналы шойынның қак төзімділігі, шар тәрізді графитті шойындарға қарағанда бірнеше есе кем болады. Біраққа бұл айырмашылық маңызды емес.

19÷25%Al құрамды шойын өңделуді қанағаттандырумен сипатталады. Сонымен ірге көміртек құрамының жоғарлауымен ол жақсарады.

Шойын құрамында алюминий құрамының болуы балқыту процесін күрделіндіреді және сапалы құйманы алуды қиындатады. Сұйық шойындағы алюминий тотықтанады, газ сіңіреді, газды қылау, тотықты қабыршақ және қоспа түріндегі ақаулықтардың түзілуіне әсер етеді. Сондықтан қорту, пештен тыс өңдеу, құюдың технологиялық шаралар тәртібін сақтау қажет. Графитті құрылымды алюминді шойындардың өңделуі қанағаттандырыллықты; графитсіз шойын іс жүзінде кесумен өңделмейді. Алюминиймен легіріленген шойындар өндірісті не орташа тазалықты токты индукциялық пеште балқытылады; артық қыздыру температурасы 1550°C артық емес, басында шойын сутегімен қанықтырылады, бұлқұймада кеуектіліктің түзілуіне әсер етеді. Құрамында 27%Al бар шойындарда жоғары артық қызу температурасы жылдам ыдырайтын Al_4C_3 тұрпатты қоспаларының түзілуіне ықпал етеді. Индукциялық пеште балқыту кезінде алюминий күйігі 0,5÷3,0% құрайды.

Шойындағы көміртектің еруінің төмендеуі нәтижесінде қортпадан бөлінетін жоғары алюминий құрамы кезінде бөлінетін артық графит құймада кеуектіліктің түзілуіне ықпал етеді, сондықтан берілген алюминий құрамы кезінде тепе-теңдікке қатысты қортпа құрамындағы көміртектің құрамы жақын болу қажеттілігі ұсынылады. Ферроцариймен алминді шойынды модифицирлеу металды ағызу алдында тікелей пеште орындалады. шар тәрізді графитті алюминді шойын, шойынның 1350÷1490°C температурасы және 800°C дейінгі температура кезінде жеке балқыған алюминийді араластырумен алынады. Сонымен бірге модифицирленген қоспалар алюминийде еруі қажет.

Алюминийлі шойынды құймаларжақсы желдетілетін шикізатты және құрғақ қалыпта алынады. Үлкен бетті вертикалды не еңістіпен орналастыру қажет. Үлкен бөлшекті құйма кезінде қоспаларды қолдану қажет. Ірі бөлшектерді құю кезінде бейімді қоспаларды пайдалану қажет.

Фосфор құрамы 0,2 ден 0,06% дейін азайған кезде сұйықты аққыштық шамамен 2 есе төмендейді; алюминді шойында көміртектің құрамы 1% жоғарлаған кезде, басқа тең жағдай кезінде

сұйық аққыштық жоғарлайды және Al 5÷8% құрамы кезінде ол сұр шойынның сұйықты аққыштығынан айырмашылығы аз болады.

Осындай шойынның сызықты шөгу мәні 1,5÷1,8%, ал шар тәрізді графитті шойында Al 19÷25% кезінде ол 2÷2,6% жоғарлайды. Көміртек және кремний құрамының азайуында шойынды шойын шөкпесі жоғарлайды. Құю температурасы және шойын құрамына қатысты тәуелділікте өзгеретін шөкпелі қылау көлемі пластиналы графитті шойын үшін 2,6÷4,0%, шар тәрізді шойын үшін 4,2÷7,0% құрайды. Сонымен бірге пиррофераль қасиеті төмен болады.

Алюминді шойынды құймада түзілетін қалдықты кернеу келесі жасытумен төмендеуі мүмкін, сонымен бірге қысқамерзімді шыдамдылық >700÷750°C температура кезінде алюминді шойында кернеу шамалы релаксацияланады; сондықтан осы шойындағы кернеуді жою үшін жасыту температурасы 750°C кем емес болу керек.

3.30 кестеде алюминді шойынды қолдану аумағы келтірілген.

3.30 кесте

Жоғары легіріленген алюминді шойынды құймалардың пайдалану қасиеті және пайдалану аумағы

Шойын маркасы	Пайдалану қасиеті	Қолданыс аумағы
1	2	3
ЖЧЮ2ХШ	650°C дейінгі температура кезінде пешті газдарға және ауа атмосферасындағы ыстыққа төзімді, балқыған шынының әсеріне төзімді	Шынылы бұйымдарға арналған пресс-қалып, пешті жабдықтар бөлшектері, табақты таптау станының таза клеттерінің рольгантердің дөңгелекшелері
ЖЧЮ6С5	800°C дейінгі температура кезінде пешті газдар және ауа атмосферасындағы ыстық төзімді, күкіртті құрамды ортадағы төзімді; каяуға қарсы төзімді	Пешті арматура бөлшектері, агломерациялық машинаның оттықтары, күйдіру пештерінің бөлшектері
ЖЧЮ22	1000°C температура кезіндегі ауалы ортада ыстыққа төзімді, күкіртті құрамды ортада, су буында; қалыпты және жоғары температура	Қазандықтар арматурасының бөлшектері, булы қыздырғышты қазандықтардың дистанциялықты бөлшектер, күйдіру қолчедан

1	2	3
	кезіндегі тозу төзімділігі, балқыған шынының әсеріне қарсы тұрақты, магнитті емес; төмен және жоғары температура кезінде көптеген көміртек және күкірт қосындысына тұрақты, үлкен концентрациялы органикалық емес қышқылдағы тұрақты	ды және цементті пештердің қыздыру сақиналы пештер бөлшектері, агломерациялық машиналар оттығы, термиялық пештер бөлшектері, алюминді балқытуға арналған тиглдер, оттықты қаптау бөлшектері, шыны балқытатын пештердің бөлшектері және пресс-қалыптар
ЖЧЮ22Ш	ЖЧЮ22 шойын маркалары сияқты. Төмен және жоғары температура кезінде берікті жоғары. 1100°С дейінгі температурадағы ауалы ортада ыстыққа төзімді, ванадийлі тоттану жағдайына тұрақты	ЖЧЮ22 маркалы шойындар сияқты, бу қыздырғыштардың көлеңкелі қорғаныс бөлшектері
ЖЧЮ30	ЖЧЮ22 шойын маркалары сияқты. 1100°С дейінгі температура кезінде ауалы ортадағы ыстыққа төзімді. Кесумен өңделмейді, ылғалды ортада қалыпты температура кезінде өз бетімен ыдырауға бейімді.	Колчеданды күйдіру пешінің бөлшектері, термиялық пештер бөлшектері, алюминді балқытуға арналған тигель

Бірфазалы α -латундер қатты дәнекерлермен (күмісті, мысты – фосфорлы және т.б.) дәнекерленеді. $\alpha+\beta$ -латундердің дәнекерленуі жұмсақ дәнекереушілерге қарағанда қатты дәнекерлеушілерде біршама нашар болады. Латундерді басқа қатты дәнекерлеушілермен дәнекерлеу кезінде сәйкесті флюстерді қолдану керек.

Лаутнилердің дәнекерленуі мыспен салыстырғанда біршама нашар болады. Ойықты емес қосылыстарды жалғау үшін келесі дәнекерлеу түрлері қолданылады: көмірлі электродты доғалы, шығынды электродты доғалы, вольфрамды (шығынсыз) қорғанысты газды орталы (аргон, гелия) электродты, оттекті-ацитиленді дәнекерлеуіш электрлі түйіспелі дәнекерлеу (нүктелі, дөңгелекшелі, тігісті) және т.б. инертті газды ортада вольфрамды электродпен латундерді доғалы дәнекерлеу кезінде доғаның әсеріне кедергі жасаумен орындалуы қиын болады. Сондықтан үлкен жылдамдық кезінде орындау керек. Оттекті – ацитиленді дәнекерлеу кезінде жақсы нәтиже алынады. Жоғары құрамды мырыш кезіндегі латундер түйісумен дәнекерленуі қанағаттанарлықты орыдалады.

Лаутндер құрамындағы мырыш құрамының жоғары болуы оның булануына қатысты доғалы дәнекерлеуді қиындатады, сондықтан

қосымша материалдар құрамындағы мырыш мөлшері салыстырмалы аз болу керек. Латундерді құрамындағы Zn 15÷30% көмірлі электродпен дәнекерлеу $\text{Cu}+3\%\text{Si}$ қортпалы қосымша материалдар көмегімен орындалады [22].

4.5.7. Қолалар

Қолалар – бұл қосарлы және компоненті мысты қоспалар, ондағы негізгі легірілеуші элемент мырытан басқа әртүрлі металдар болады. Қолаларды латундермен салыстырғанда өте берікті, тоттану төзімділігі және қарсы фракциялы қасиеттері өте жоғары болады. Олардың теңіз суындағы, көптеген органикалық қышқылдардағы, көмірқышқылды ертінділердегі тоттану төзімділігі жеткілікті.

Химиялық құрамы бойынша ұолалар екі топқа бөлінеді: қалайылы, онда негізгі легірілеуші элемент қалайы, және қалайысыз: алюминді, бериллелді, марганецті, кремнийлі және т.б. Жоғары – және электркізгішті төмен легіріленген ұолалар ерекше топты түзейді: хромды, цирконийлі және т.б. қалайысыз қолалар өздерінің қасиеттері бойынша және кейбір қасиеттері бойынша қалайылы қолалардан артық болады, сондықтан олар машинажасау және өнеркәсіптің басқа салаларында кеңінен қолданылады.

Қолалар арматуралар, бұрамдық дөңгелектердің тәжін, төлкелер, бактар, жылуалмастырғыштар, аспаптардың серіппелі бөлшектерін, дәнекерлеу машиналарының электродтарын және басқа машина бөлшектерін және механизмдерді жасау үшін қолданылады.

Өндіріс технологиясы бойынша **деформацияланған және құйылған** қолаларға бөлінеді. Деформацияланған қолалар химиялық құрамы бойынша әртүрлі болады. Олардан жартылай дайын өнімді және бұйымдарды жасау кезінде әртүрлі қысыммен өңдеу тәсілдері (таптау, престеу, соғу, штамптау, созу) қолданылады.

Қалайылы қолалар – мысты қалайылы қортпалар. Құрылымы бойынша бірфазалы (α -ГЦК торлы мысты қалайылы қатты қалайы ертіндісі) және α - және δ -фазалы құрамды екіфазалы болады. Әдетте δ -фазалар құрамындағы 7÷9% артық қалайы болған кезде бөлінеді. Ол қоланың қаттылығы және сынғыштығын жоғарлатады. Қортпада электронды қосылыстар да түзіледі: β -фаза (Cu_3Zn); ε -фаза (Cu_3Sn); γ -фаза – химиялық қосылыс негізіндегі қатты ертінділер, олардың табиғаты анықталмаған; η – химиялық қосылыс (Cu_6Sn_5). Құрамындағы Sn 4÷5%

дейінгі қолалар деформациялану және жасытудан кейін полиэдрикалы құрамды болады және негізінен α -ұатты ертінді түрінде болады.

Қалайының үлкен құрамы кезінде қола құрамында тепе-теңдік күйінде α -қатты ертіндіде эвтектоид ($\alpha + \text{Cu}_{31}\text{Sn}_8$) болады. Беріктік шегі қалайы құрамының көбейуімен жоғарлайды. Қалайының жоғары концентрациясы кезінде құрылымында $\text{Cu}_{31}\text{Sn}_8$ сынғышты қосылысты шамалы эвтектоид мөлшерінің болуына қатысты, беріктік шегі күрт төмендейді. Қола құрамында Sn 4÷6% болған кезде салыстырмалы ұзару біршама жоғарлайды, эвтектоид түзілген кезде қатты тқмендейді.

Әдетте қалайылы қолалар Zn, Fe, P, Pb, Ni және басқа элементтермен легірленеді, ол қаттылық, беріктік, тозу төзімділігін жоғарлатады. Легірлеуші элементтердің әсер етуі әртүрлі болады. Мырыш қоланың технологиялық қасиеттерін жақсартады және қоланы арзандатады. Никель механикалық қасиетті, тоттану төзімділігін және құйма тыңыздығын жоғарлатады және ликвациялықты азайтады. Темір түйіршікті ұсақтайды, бірақта қоланың технологиялық қасиеттерін және тоттану кедергілігін төмендетеді. Қорғасын қоланың механикалық қасиеттерін төмендетеді, бірақта құйманың тығыздығын жоғарлатады, негізі – кесумен өңдеуді жеңілдетеді және ұарсы фракциялық қасиеттерін жақсартады. Қалайылы қолалардың құйылу қасиеттері жаұқсы және күрделі пішінді бөлшектерді кұю үшін қолданылады. Қалайылы қолалы құйманың кемшілігі оның мкрокеуектілігі жоғары болады. Қолалар, әсіресе, екіфазалы қолалардың қарсы фрикциялық қасиеті жоғары, сондықтан олар жиі қарсы фрикциялық бөлшектерді жасау үшін қолданылады.

Қалайылы – фосфорлы қолалар. БрОФ6,5-0,15, БрОФ6,5-0,4, БрОФ7-0,2 және БрОФ8-0,30 қасиеттері және химиялық құрамы бойынша бір біріне жақын, сондықтан олар бір қортпалар тобына жатқызылады. Бұл қолалар жоғары механикалық, тоттану және қарсы фрикциялық қасиетті болады. БрОФ6,5-0,15 қолалардың деформацияланудан кейін беріктігі және серпімділігі жоғары және аспаптарды серіппелі бөлшектерін жасау үшін қолданылады.

БРОФ6,5-0,4 қола негізінен целлюлозды-қағаз өндірісіне арналған торларды жасау үшін қолданылады. Осы мақсаттар үшін тозу төзімділігі бойынша ең үздік қоспалар саналады.

БрОФ7-0,2 қоланың қалыпты және жоғары температуралар кезіндегі механикалық қасиеттері жоғары болады. Ол престелген шыбықтар түрінде жасалады, өйткені қалайының жоғары құрамы қысыммен

өңдеуді қиындатады. Қолаланың тозу төзімділігі салқындай деформациялаумен жоғарлатылады.

БрОФ8-0,3 қолалар құрамындағы қалайы құрамы, БрОФ7-0,2 қоламен салыстырғанда үлкен мөлшерде болады және беріктік қасиеті және тозу төзімділігінің жиынтығы бойынша одан артық болады.

Қалайылы қолалар **деформацияланатын** және **құйылатын** болып бөлінеді. Деформацияланатын қолалар (БрОФ6,5-0,4, БрОЦ4-3, БрОЦС4-4-2,5) жасытылған (қатты) және жұмсартылған (жұмсақ) күйдегі таспа, шыбық түрінде жасалады. Бұл қолалар жиі серіппе және серіппелі бөлшектерді жасау үшін әртүрлі кндіріс салаларында қолданылады. Деформацияланған қалайылы қола құрылымы – α -қатты ертінді. Құйылған қолалармен салыстыру бойынша деформацияланған қолалар жоғары беріктілігі, тұтқырлығы, созылмалығы және қажу кедергілігімен сипатталады.

Алюминийлі қолалар қосарлы (мысалы, БрА5), болуы мүмкін және никель, марганец, темір және т.б. қосымша легіріленеді. Алюминийлі қола құрамындағы $Al_{11} \pm 12\%$ дейін болады. Көптеген жағдайда олар толық құқықты тапшы қалайылы қола және басқа қортпаларды ауыстырушы болып табылады. Алюминийлі қолалы қосарлы және қоспалы легіріленген Ni, Mn, Fe және т.б. элементтер жиі қолданылады. Алюминий құрамы 9% дейінгі қортпалар – бірфазалы және мыстағы алюминий α -қатты ертіндісінен құралады. α -фаза созылмалы, бірақта оның беріктігі шамалы. β -фаза $565^\circ C$ артық температура кезінде орындалады, созылмалы, Cu_3Al электронды қосылыс базасындағы қатты ертінді түрінде болады. Құрамдағы алюминий 9% құрылымда эвтектоид $\alpha + \gamma'$ ($\gamma' - Cu_{32}Al_9$ электронды қосылыс) түзіледі. $\alpha + \gamma'$ екіфазалы қортпалар жоғары берікті, бірақта оның созылмалығы шамалы төмен болады. Темір түйіршікті ұсақтайды және механикалық және қарсы фрикциялық қасиетті жоғарлатады. Никель ($500 \div 600^\circ C$) жоғары және төмен температура кезінде механикалық және тозу төзімділігін жақсартады. Алюминий қоланың физикалық қасиеттеріне шамалы әсер етеді. Алюминийдің құрамының жоғары болуына қатысты алюминийлі қола тығыздығы таза мыстан біршама төмен болады. Бұл жағдай әсіресе авиакосмостық техника және кемежасау саласында өндірісте кеңінен алюминийлі қоланы кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Тығыздықтың төмендеуі экономикалық қатынаста тиімді болады. Алюминийлі қола жақсы жылтырлайды және алюминийдің болмауына қатысты шағылысу қабілеттілігі жаұсы болады. Қола құрамында алюминий құрамының болуына байланысты жарық

толқынның (мыспен салыстыру бойынша) шағылысу спекторында максимумды өте қысқа толқын жағына ығысады. Қола құрамында алюминийдің шамалы мөлшерінің болуы таза мысқа қатысты сипатта болуына қатысты жоғары жылуөткізгіштігін күрт төмендеуге қатысты орындалады. Сонымен, Al ~10% құрамды өндірісті алюминийлі қоланың жылуөткізгіштігі (таза мысқа арналған 390 Вт/м·К орнына) орташа 75 Вт/м·К құрайды. Бірақта бұл төмендеу алюминийлі қоланың (мысалы, техникада төмен температурада) кейбір қолданыс аумағын кеңейтуге әсер етеді.

Температураға қатысты тәуелділікте алюминийлі қоланың жылуөткізгіштігін өзгеруі ерекше қызығушылық тудырады. Сонымен қатар таза мыс үшін жоғары температура кезінде жылуөткізгіштік шамалы төмендейді, алюминийлі қола, сонымен бірге мысты негізді көптеген басқа қорғалар үшін жоғары температуралы жылуөткізгіштіктің жоғарлауы тән болады.

Осыған ұқсас алюминийлі қоланың жылуөткізгіштігі және электрөткізгіштігі өзгереді; алюминий құрамының жоғарлауына байланысты ол төмендейді, сонымен бірге электрөткізгіштіктің төмендеуі температуралы электрөткізгіштік коэффициентінің азайуымен орындалады. Басқа элементтермен легірілген және біріншіден марганец және никельмен легірілеуэлектрөткізгіштіктің күрт төмендеуіне әкеп соғады. Сонымен, мысалы, марганецті қорғалардың электрлі кедергілігі жоғары және осыған қатысты олар арнайы техникада қолданылады.

Алюминийлі қоланың механикалық және техникалық қасиеті жоғары, теңіз және тропикалық атмосферадағы тоттану кедергілігі жақсы. Бірфазалы қолалардың тереңді штамптау кезіндегі созылмалығы жоғары болады. Екіфазалы ұлалар ыстықтай деформацияланады не пішінді құю түрінде қолданылады. Алюминийлі қоланың құймалы ұсасиеті, қалайылы қоланың құймалы қасиеттеріне қарағанда төмен, бірақта олар құйманың жоғары тығыздығын қамтамасыз етеді.

Кремнийлі қолалар (БрКМц3-1) беріктігі және созылмалығы жақсы болады. Олар магнитті емес, аязға төзімді. Кремниймен (3,5% дейін) мысты легірілеу кезінде беріктік және созылмалық жоғарлайды. Никель және марганец кремнийлі қоланың механикалық және тоттану қасиеттерін жақсартады. Бұл қолалар қысыммен, кесумен жеңіл өңделеді және дәнекерленеді. Жоғары механикалық қасиетті, серпімді және тоттану төзімділігі жоғары болуына қатысты олар 250°C дейінгі температура, сонымен бірге зиянлы ортада (тұзшы, теңіз суы) жұмыс

жасайтын радиожабдықтар және серіппелер және аспаптардың серіппелі бөлшектерін жасау үшін қолданылады.

Мыстағы кремнийдің еру шегі: 5,3%, 852°C перитектикалық тепе-теңдік температура кезінде жеткілікті жоғары болады. Температураның төмендеуімен ол төмендейді және 20°C кезінде шамамен 3,5% құрайды. Кремнийлі қолаға 3% артық емес Si қос қола кеңінен қолданылады. Кремнийлі қола арасында никель және марганецпен қосымша легіріленген қолалар кеңінен қолданылады. Осы элементтерді қосумен кремнийлі қоланың механикалық және тоттану қасиеті жақсарады.

Кремнийлі марагнецті қоладағы БрКМц3-1 марганец қоспасы (1,0÷1,5%Mn) іс жүзінде толығымен α -қатты ертінді түрінде болады, сондықтан осы қортпадан жасалған жартылай дайын өнімдер беріктендіретін термиялық өңдеумен өңделмейді. Никель кремниймен бірге Ni₂Si қосылысты түзейді, оның еруі температураның төмендеуімен күрт төмендейді. БрКН1-3 қола термиялық беріктендірілетін қортпалардың қатарына жатады. Беріктену 850°C шыңдалудан кейін ескіру (1 сағат ішінде 450°C) кезінде орындалады.

БрКМц3-1 және БрКН1-3 кремнийлі қоланың серіппелігі және қарсы фрикциялық қасиеті жоғары, тоттану төзімділігі жақсы болумен ерекшеленеді. Олар технологиялықты: ыстықтай және салқындай күйде қысыммен жақсы өңделеді, қола және болатпен жақсы дәнекерленеді, қатты және жұмсақ дәнекерлеулермен жеңіл дәнекерленеді.

БрКМц3-1 қолалы жартылай дайын өнім шыбық, сым, жолақ, табақ және әртүрлі өлшемді таспалар түрінде аспапжасау, химиялық және жалпы машинажасау, теңізді кемежасау салалары үшін серіппе және серіппелі бөлшектер, металды тор, қарсы фрикциялық бөлшектер және т.б. бөлшектерді жасау үшін қолданылады.

Бериллийлі қолалардың (БрБ2) механикалық (оның ішінде серпімділікті) қасиеті жоғары, тоттануға ұарсы төзімді және электрлі және жылуөткізгіштігі қанағаттанарлықты, жаұсы дәнекерленеді. Дисперсиялық қатудан кейін кесумен өңдеу қиындық тудырмайды. Ве 2÷2,5% құрамды қортпалардың қасиеті оңтайлы. Олар беріктік қасиеті, серпімділік шегі және релаксациялану төзімділігі, электрлі және жылуөткізгіштігі жоғары болумен ерекшеленеді. Олар магнитті емес, сокқы кезінде ұшқын болмайды, технологиялықты (жақсы штампталады). Бериллийлі қолалар сылқынды сынғыштықты қатысы бейімділігі аз және -00÷+250°C темпратура аралығында жұмыс

жасай алады. Кемшілігі: бағасы жоғары және тапшы, сонымен қатар ол зиянды. Бұл қортпалар дисперсиялық қатыру әдісімен термиялық өңдеумен беріктендірілетін қортпалар қатарына жатады. 760÷780°C дейін қолаларды қыздыру кезінде біртекті α -ертінді түзіледі, ол қалыпты температура кезінде сумен жылдам салқындату нәтижесінде сақталады. Шыңдалғаннан кейін қоланың беріктігі аз, созылмалығы жоғары шыңдаудан кейін ескіру кезінде беріктенуге қабілетті, сонымен бірге шыңдалған күйде пластикалық деформацияланады.

Бериллийлі қолалы серпімді элементтердің температуралық тұрақтылығы мысты негізді басқа қортпалармен салыстырған кезде шамалы жоғары, электрөткізгіштігі мыстың электрөткізгіштігіне қатысты 25÷30% құрайды.

Бериллийлі қоланы легірлеу оның қасиетін жақсартуға бағытталған. Легірлеуші элементтер ретінде N, Co және Ti қолданылады. Бериллийлі қола жиі 0,1÷0,25% титанмен (БрБНТ1,9; БрБНТ1,7) легірленеді. Бұл элементтер үздікті ыдырауды жояды және үздіксіз ыдырауды қиындатады. Бериллийлі қолаларқасиетін жақсарту үшін қосымша шамалы кобальт, никель және темірмен легірленеді.

Бериллийлі қола ескіру кезіндегі бөлінетін қатты ертіндіге қатысты дисперсті бөлшектердің қатты дислокациялықты тежелуіне қатысты пластикалық деформациялану кедергілігінің жоғары болуымен ерекшеленеді, сондықтан олардың серпімділікті шегі жоғары болады. Осы кедергіліктің жоғарлауына байланысты берілген кернеу кезіндегі микропластикалық деформациялану азайады және кернеудегі релаксациялану да төмендейді. Осының барлығы негізгі сипаттама серіппелі элементтердің қасиетін анықтайтын қортпалардың релаксациялану төзімділігінің жоғарлауына әсер етеді.

Бериллийлі қолада ескіру және шыңдалу аралығындағы пластикалық деформациялану қолданылатын төмен температуралы механикалық өңдеу (ТТМӨ) орындалады. Бұл жағдайда шыңдалған қортпаның деформациялану жағдайы жоғары серіппімділік сипаттамасын алу және ескіру кезінде қатты ертіндінің барлық көлемі бойынша бірқалыпты ыдырауды қамтамасыз етеді.

Бериллийлі қола шетелдік дамыған елдердің өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Олардан плиталар, табақтар, таспалар, ыстықтай престелген шыбықтар, дәнекерленген және тігіссіз құбырлар, престелген профилдер және басқада жартылай дайын өнімдер жасалады.

Уақытша кедергілігінің мәні, аққыштық және серпімділік шегі жоғары бериллийлі қоланың тоттану кедергілігі жақсы және

дәнекерленеді, кесумен өңделеді. Бериллийлі қола мамбран, серіппе, серіппелі түйісу, жауапты қолданысты серпімді элементтер, электронды техникада және т.б. тозумен (жартылай автоматтандырылған жұдырықтар) жұмыс жасайтын бөлшектерді жасау үшін қолданылады.

Қорғасынды қолалар. Ұрғасын іс жүзінде сұйық мыста ерімейді. Сондықтан қатудан кейінгі қорғалар мыс және қорғасын қоспаларынан құралады. Қоланың мұндай құрылымы жоғары қарсы фрикциялық қасиетті қамтамасыз етеді. Бұл жоғары қысым және үлкен жылдамдықта жұмыс жасайтын сырғанау подшипниктерінің төсемдерін жасау үшін БрС30 қолалар қолданылады. Қалайылы қолалармен салыстырғанда қорғасынды қолалардың жылуөткізгіштігі 4 есе үлкен болады, сондықтан оларда үйкеліс кезінде түзілетін жылуды жақсы бөлінеді. Меаникалық қасиетінің жоғары болмауына қатысты БрС30 болатты таспалар (кұбырларда) жұқа қабатты дәнекерленеді. Бұл қолалар тығыздығы бойынша ликвациялануға (мыс тығыздығының мәні 8,94 және қорғасын тығыздығының 11,34 г/см³ мәнінің әртүрлігіне, сонымен бірге кристаллизацияланудың аралығына қатысты) бейімді. Қорғасынды қолалар жиі никель және қалайымен легіріленеді, мыста ериді, механикалық және тоттану қасиеті жоғарлайды.

Марганецті қолалар. Марагнецті қолалар ұрамындағы марганец 20% дейін болады, барлық температуралар кезінде қатты күйде бірфазалы болады. Марганец мыстың қайта кристаллизациялану температурасын (150÷200°C) жоғарлатады және ыстыққа берікті сипаттамасын жақсартады.

БрМц5 қола өндірісте кеңінен қолданылады. Ол ыстықтай және салқиндай күйде қысыммен жақсы өңделеді, тоттану төзімділігі жоғары, жоғары температура кезінде жоғары қасиеттерді сақтайды.

Хромды қолалар (БрХ0,5) механикалық қасиеті, электр және жылу өткізгіштігі жоғары, жоғары температура (450÷500°C) кезінде ұайта кристаллизацияланады. Қола құрамында 0,4÷1,0%Cr; 0,2%Ag болады. Күміс қоланың механикалық қасиетін және қайта кристаллизациялану температурасын жоғарлатады. Қолалар суда (~950°C) шыңдалумен және 6 сағат ішінде 400°C кезінде келесі ескірумен беріктенеді

Цирконийлі қолалар. Мысқа жақынды жылу және электр-өткізгіштігі және ыстыққа төзімділігі (оның ішінде жылжу кедергілігі) жоғары болады. Қолалар құрамында 0,1÷0,8%Zr (БрЦр0,2÷БрЦр0,7) болады. Олар кешенді өңдеумен: шыңдаумен (~920°C) келесі салқиндай пластикалық деформацияланумен (деформациялану дәрежесі

75% дейін) және ескірумен (~450°C, 1 сағ.) беріктенеді. Ескіру кезінде α -қатты ертіндіден беріктенген Cu_3Zr фаза бөлінеді [1, 10, 22].

4.5.8. Қоланы термиялық өңдеу

Қоланы термиялық өңдеудің негізгі түрлері: гомогенизациялау, аралықты және соңғы жасыту саналады. Осы операциялардың негізгі мақсаты – қысыммен өңдеуді жеңілдету және созылмалықты жоғарлату саналады. Қалайылы қолалар гомогенизациялықты жасытуды орындауды қажет ететін жалғыз қортпалар саналады. Cu-Sn қортпалар жүйелерінде кристаллизацияланудың үлкен аралығына қатысты сұйық және қатты фазалар құрамы бір бірінен өзгеше болады, бұл дендритті ликвацияның орындалуына әсер етеді. Кесектерді келесі ыстықтай қысыммен өңдеуде пластикалық деформациялану бірқалыпты кристаллизацияланбауға қатысты түзелген қалайылы қолалардағы қатты ертіндінің химиялық біртекті еместігін толық жоюға мүмкіндік бермеді. Қалайылы қоланы гомогенизациялаумен жасыту нәтижесінде құрылымның біртектілігі жоғарлайды, бірқалыпты емес интерметаллидті фазалар қатты ертіндіде ериді, кесектегі кристаллиттер қимасы бойынша химиялық құрам теңеседі. Сондықтан гомогенизациялықты жасыту – қалайылы қолалы сапалы деформацияланған жартылай дайын өнімдерді алуға қатысты негізгі шарттардың бірі саналады.

Сонымен, мысалы, алдын ала гомогенизациялаумен жасытылған деформацияланудан кейін БрОФ7-0,2 шыбықтардың салыстырмалы ұзындығы 18 мм ұзарды, жасытылмаған шабақтар қасиетімен салыстыру бойынша кейбір беріктік және қаттылықты 3÷3,5 есе жоғарлатуға мүмкіндік туды. Қалайылы қолалы кесектерді гомогенизациялықты жасыту 700÷750°C кезінде кейін жылдам салқындаумен орындалады. Жасыту температурасы және уақыты ликвациялану салдарын жоюға жеткілікті болу керек. Салқындай қысыммен өңдеу кезіндегі аралықты жасыту 500÷650°C орындалады. Сонымен бірге толығымен қалайылы қолалардың салқындай пластикалық деформациялану әсерінен түзілетін қақтама толығымен жойылады [22].

4.5.9. Мысты – никельді қортпалар

Мысты – никельді қортпалар техникада кеңінен қолданылады. Никельмен мысты легірлеу оның механикалық қасиетін, тоттану

төзімділігін, электркедергілікті және термoeлектрлі сипаттаманы біршама жоғарлатады.

Мельхиор (МНЖМц30-1-1; МН19) – мыс негізіндегі қосарлы және өте күрделі қортпа. Негізгі легірлеуші элемент – никель, мыс беріктігін шамалы жоғарлатады. Мельхиорлардың электрлі кедергілігі жоғары, жылуөткізгіштігі аз болады. Қортпаларға тән ерекшелік олардың әртүрлі зиянды ортада (теңіз суында, органикалық қышқылдарда, тұздар ертіндісі және т.б.) тоттану төзімділігінің жоғары болуы саналады. Сонымен, 30%Ni мысты никельді қортпалардың 10 не 20%Ni не латундермен салыстырғанда кернеу астындағы шытынаумен тоттануға өте төзімді болады. Мельхиорға қосылған шамалы марганец және темір қоспасы оның төзімділігін жылдам қозғалысты теңіз суының ағысында жоғарлатады. Бір фазалы құрылымды мельхиорлар ыстықтай және салқынды пластикалық деформациялану кезінде қысыммен жақсы өңделуге қабілетті.

Нейзильбер (МНЦ15-20; МНСЧ16-29-1,8). Нейзильбер түріндегі үш еселі Cu-Ni-Zn жүйелі қортпалар құрамындағы Ni 5÷35% және Zn 13÷45% болады. Мыстағы үш еселі никель және мырышты қатты ертінділер 15% Ni және 20%Zn (МНЦ15-20) кеңінен қолданылады.

Мельхиормен салыстырғандағы нейзильбер қортпаларының беріктігінің жоғарлауы мысты-никельді қатты мырышты ертіндімен қосымша легірлеумен орындалады. Қортпаларда ыстықтай және салқынды пластикалық деформациялану жеңіл орындалады. Нейзильберті бұйымдардың тоттану төзімділігі (тұзды ертінді және органикалық қышқылды ортадағы төзімділігі жеткілікті) жоғары және әдемі күмісті түсті болады. Нейзильбердің кесумен өңделуін жақсарту мақсатында шамалы мөлшерде қорғасын (2% дейін) қосылады. Мұндай ұорғасынды құрамды нейзильбер (МНСЧ16-29-1,8), сағат механиздері және т.б. ұсак бөлшектерді жасау үшін қолданылады. Қорғасын құрамының болмауына қатысты бұл қортпалар ыстықтай тапталады, сондықтан табакты жартылай дайын өнімді кесектерді алу үшін салқынды күйде өңделеді.

Куниальдер – бұл қортпалар үш еселі Cu-Ni-Al негізінде алынған. Никельді мысты қортпалардың механикалық қасиетін жоғарлату шамалы алюминий қоспасымен оларды легірлеу арқылы орындалады. Өндірісте куниаль түріндегі қортпалардың екі әртүрі: куниаль А (МНА13-3) және куниаль Б (МНА6-1,5) қолданылады. Қортпалардың механикалық және серпімділік қасиеттері, сонымен тоттану төзімділіктері жоғары. Салқынды сынғыштыққа бейім емес. Куниальдер

ыстық күйде қысыммен өңделеді. Осы қортпаларды термиялық өңдеу арқылы беріктендіруге болады. Беріктенудің шамалы тиімділігі ескіру алдында шыңдаудан кейін жасытумен (ТТӨӨ) орындалады. Сонымен, мысалы, алдын ала ыстықтай және салқиндай күйде тапталған қоспалар беріктігінің шегі, 900°C шыңдаудан кейін 250÷350 МПа тең. Әрі қарай шыңдалған үлгілерді салқиндай деформациялау (қаусыру – 25%) келесі 550°C кезінде ескірумен, 5÷10% ұзару кезінде 800÷900 МПа дейін беріктіктің жоғарлауына әсер етеді [22].

4.6. Никель және оның негізіндегі қортпалар

4.6.1. Никельдің физика-химиялық қасиеттері

Никель – аллотропикалық өзгеріске ұшырамайтын, ГЦК торлы ферромагнитті металл. $T_{\text{пл}} = 1453^{\circ}\text{C}$. Кюри нүктесі 358°C . Никель – берік және созылмалы металл, Fe, Cu, Al, Ti негізіндегі және т.б. металды негізді, сонымен қатар, никельді қортпалар негізі ретінде қортпаларды легірлеуші элемент ретінде кеңінен қолданылады. Никельдің атмосфералық жағдайда тоттану кедергілігі жақсы болады. Оның балқуының жоғарғы температурасы және қалыпты серпімділігінің жоғарғы модулі оның негізінде ыстыққа төзімді қортпаларды не оның құрамы жоғары қортпаларды алуға әсер етеді. Никель негізіндегі арнайы ферромагнитті ұасиетті қортпалар, кте аз температуралы коэффициентті созылмалы модульдер және сызықты кейейу коэффициенті қортпалар қолданылады, сонымен бұл осы қортпалардың ферромагнитті қасиеттерінің әсері саналады.

Таза никель электрлі вакуумды техникада қолданылады, өйткені оның буларының серпімділігі аз және ол жоғары вакуум кезінде буланбайды. Никельдің термоионды эмиссиясы жоғары болады.

Радишамдары және шырақ бөлшектері 2,3÷3,3% не 4,6÷5,4%Mn мөлшерлі марганецпен легірленген никельдерден жасалады. Марганец қортпалардың мүжілу төзімділігін жоғарлатады, газсыздандуды жеңілдетеді. Сондықтан марганецпен легірленген никельден тығызды таспа және сымдар жасалады [1].

4.6.2. Никельді негізді қортпалар

Никель және оның қортпалары соғылады, престеледі жоғары температура кезінде тапталады, сондықтан қызылды сынғыштықты

түзейтін ондағы күкірт мөлшері шамалы болу керек. Күкірт Ni_3S_2 қосылысын түзейді, ол никельмен бірге $644^{\circ}C$ кезінде балқитын жеңіл балқитын $Ni+Ni_3S_2$ эвтектиканы түзейді. никельді қортпалардағы қызылды снғыштықты жою үшін шамалы мөлшерлі магний қосылады, ол никельге қарағанда күкіртпен жақын туыстас және балқуы қте киын сульфидтерді түзейді.

Мысалы, сулы тұзды ертінділі және сілтілі, булы, органикалық қосылысты зиянды ортада жұмыс жасау үшін **монель** (28%Ni; 2,5%Fe; 1,5%Mn) қортпалары қолданылады. Ол тек ғана тоттануға қарсы төзімді ғана емес, сонымен бірге беріктігі және созылмалығы жоғары болады. Қату кезінде онда орындалатын дендритті ликвациялану, ыстықтай және салқындай қысыммен өңдеуден кейін жасыту кезінде толық жойылады. Полиэдритті құрылымды монель химиялық машинажасау саласында қолданылады.

Дендритті құрылымды монель температураның жоғарлауымен сызықты магнитті индукцияны жоятын қортпа ретінде аспапжасау саласында қолданылады. Мұндай қортпалар **калмаллды** қортпалар деп аталады.

Никельді негізді электртехникалық қортпалар толығымен 1 бөлімнің «Ерекше физикалық қасиетті қортпалар» атты тарауында толығымен сипатталған [1].

4.7. Сырғана подшипниктеріне арналған подшипникті қортпалар

4.7.1. Жалпы мәліметтер

Подшипникті қортпалар деп подшипниктер төсемдері жасалатын қортпалар аталады. Осы мақсатта шойын, қола, және Pb, Sn, Zn не Al негізіндегі жеңіл балқитын **баббиттер** деп аталатын қортпалар қолданылады.

Төсемді материалдарының қасиеттері мынандай болады:

- 1) болатты беттегі үйкеліс коэффициенті үлкен емес болу керек;
- 2) екі үйкелісетін беттердің тозуы аз болу керек;
- 3) бұл материал жеткілікті меншікті қысымға шыдамды болу керек.

Бірінші және екінші талаптар, егер білік және төсем беті майлау қабыршағымен бөлінген жағдайда орындалады. Егер төсем құрылымы біртекті емес және жұмсау негізді және қатты қоспалардан құралған

жағдайда, онда ұзақ уақытты емес жұмыс жасау кезінде төсем бетінде микробедерлік түзіледі, қатты қоспалар бөлінеді, төсем және білік арасында кеңестік түзіледі онда майлау (Шарпи қағидасы) ұсталады.

Қалайылы және қорғасынды қортпалардың құрылымы осыған ұқсасты болады. Бірақта осындай қортпалар өзінің төмен беріктігіне қатысты үлкен қысымға шыдамайды, ал балқудың төмен температурасына қатысты артық қызу салыстырмалы шамалы болады.

Сондықтан шойынды, қолалы төсемдер баббитті қортпалардан жасалады.

Шойынды төсемдер сұр перлитті шойыннан (АЧЦ-1, АЧЦ02) жасалады. Бұл төсемдерге арналған ең арзан материал; ол шамалы меншікті қысымды ұстайды, бірақта өте үлкен үйкеліс коэффициентіне қатысты шойынды төсемдерді жылдам жүрісті берілістерде қолдануға болмайды.

Қолалы төсемдер қалайылы және қорғасынды қолалардан жасалады. Қоланың құрылымының біртекті болмауына қатысты (қалайылы қолада α -қатты ертінді жұмсау негізді, ал эвтектоид $\alpha+\beta$ -қатты қоспалы) майлау төсем бетінде жақсы ұсталады. Сонымен қоланың жоғары беріктігіне қатысты, бұл материал ауыр жұмыс жасау (меншікті қысым үлкен, айналу тазалығы жоғары) жағдайында жауапты подшипниктерді жасау үшін қолданылады.

Қте жұмсақ жеңіл балқитын подшипникті қортпаларды пайдалану кезінде білік мойнының тозуы азайады. Баббиттердің (осы қортпаны тапқан ағылшын инженері Баббиттің атымен аталады) болатпен үйкеліс коэффициенті аз және майлауды жақсы ұстайды.

Қарсы фрикциялықтылық – бұл материалдың сырғанаумен аз үйкеліс коэффициентін және үйкелістегі шығының аз болуын қамтамасыз етуі. Қарсы фрикциялықтылықты қортпалар:

- қаттылығы жеткілікті, бірақта сол кезде біліктің қатты тозуына әсер етпейді;
- жергілікті кернеулер (созылмалы) әсерімен салыстырмалы деформациялануы жеңіл болады;
- бетте майлау материалдары ұсталады;
- подшипник және білік арасындағы үйкеліс коэффициенті аз болады.

Осы қортпалардың балку температурасы жоғары емес, сонымен бірге ол тоттануға қатысты төзімді және жылуөткізгіштігі жақсы болады.

Осы талаптарды қамтамасыз ету үшін қарсы фракциялы қортпалардың құрылымы гетерогенді, жұмсақ және созылмалы негізді және өте қатты бөлшекті қоспалардан құралады [2, 10].

4.7.2. Қалайылы және қорғасынды баббиттер

Қалайылы және қорғасынды баббиттер былайша: Б83, Б88, БН (никельмен), Б16 (16%Sn), БС6 таңбалаынады. Қалайылы баббиттер кемелі дизельдержің трубиналы подшипниктерінде, турбосораптарда, турбокомпрессорлар, электрлі және т.б. ауыр жүктелемелі машиналарда қолданылады. Б83, Б88 – көп компонентті қортпалар, олардың негізі ретінде Sn-Sb (83%Sn-Sb) жүйесі қолданылады. 4.1 суретте осы баббиттердің микроқұрылымының суреті келтірілген.


Қортпаның жұмсақ негізі – α -қалайыдағы сурьманың қатты ертіндісі саналады, ал қатты кристаллдар β -фаза, ол SnSb химиялық қосылыс негізіндегі қатты ертінді түрінде болады.

Sn және Sb тығыздығы бойынша ерекшеленеді, сондықтан осы металдардың қортпалары шамалы ликвациялануға қатысты бейімді. Осы ақаулықтың алдын алу үшін баббитке мыс қосылады. Ол қалайымен Cu_3Sn химиялық қосылысты түзейді, кристаллдар баббитте қатты қоспаларды түзейді, қосымша төсемдердің тозу төзімділігін жоғарлатады.

Қорғасынды баббиттер аз жүктелген подшипниктерде қолданылады. Б16, БН, БС6 қорғасынды – қалайылы баббиттер құрылымы α -қатты ертінділі – Sn, Sb және Cu қорғасынды (жұмсақ құрамдас) және қатты бөлшекті β -фазыалы (SnSb), Cu_3Sn және Cu_2Sb болады. Эвтектика 13%Sb және 87%Pb құралады, сондықтан заэвтектикалықтан кейінгі қортпалар (16÷18%Sb) жақсы болады. Жұмсақ негізді эвтектика ($\alpha+\beta$), ал қатты қоспалы –сурьма кристаллдары саналады.

Ni, Cd, As баббиттердің қарсы фракциялығын және механикалық қасиетін жоғарлатады. Ni α -ертіндіні беріктендіреді. Cd және As (БН қортпалар) AsCd қосылысын түзейді, ол SnSb (β -фазалары) қосылысының түзілуіне негіз болады.

Sb қоспалы Pb қортпалар және шамалы қоспалы мыстар (БС) кеңінен қолданылады, оның құрылымы эвтетикалы (Pb- дағы Sb түріндегі қатты ертінді) + β (Sb дағы Pb түріндегі қатты ертінді), бастапқы β кристаллдар және қатты құрамдас рқлін атқаратын Cu_2Sb қосылысынан құралады.



4.1 сурет. Баббиттер құрылымы: а – Б83; б – Б16; в – БКА

Теміржлды көлікте кальцийлі баббиттер (вагондар подшипниктері, тепловозды қозғалтқышты иінді біліктер подшипниктері және т.б.) кеңінен қолданылады. БК қортпалар (4.1, сурет) Pb-Ca-Na жүйесіне жатады. Жұмсақ құрамдас баббиттер α -фазалы (Pb-дағы Na и Ca қатты ертінді), ал қатты құрамдас – Pb_3Ca кристалдар. Натрий α -ертіндінің қаттылығын жоғарлатады.

Беріктігі ($\sigma_b = 60 \div 120$ МПа) үлкен емес баббиттер, тек ғана берікті болатты (шойынды) не қоалалы корпусты подшипниктерде ғана қолданылады. Автомобильді қозғалтқыштардың жұқақабырғалы подшипникті төсемдері үздіксіз құю желісінде алынған биметалды таспалардан штампталады. Үлкен диаметрлі подшипник жеке станционарлы не центробежді тәсілмен, сонымен бірге ұысыммен құю тәсілімен құйылады.

Қарсы фракциялықты қасиеттің жоғарлауы және қажалумен бүліну кедергілігінің жоғары болуын жаңа триметалды подшипниктермен қамтамасыз етіледі, олар болатты негізді, аралықты кеуекті мысты-никельді не металды керамикалық қабатты және қорғасынды қортпалы, бетті қабатының қалыңдығы 0,1 мм артық емес жұмысшы бетті түзейді және аралықты қабатты кеуектілікті толтырады. Триметалдар автомобильді машинажасау (ЗИЛ, ГАЗ) саласында кеңінен қолданылады [2].

4.7.3. Мырышты қарсы фракциялы қортпалар

ЦАМ10-5, ЦАМ9,5-1,5 мырышты қарсы фракциялы қортпалар маркаларының құрамында Al және Cu басқа $0,03 \div 0,06\%$ Mg болады.

Құйылған түрдегі қортпалар монометалды төсемдер, төлкелер және т.б. үшін қолданылады. ЦАМ10-5 қортпа болатты корпусты биметалды бұйымдарды құю үшін қолданылады.

Деформацияланған түрдегі ЦАМ9,5-1,5 қортпа таптау және төсемдерді келесі штамптау әдісімен болатты және алюминийлі қортпалы биметалды жолақты алу үшін қолданылады.

Бұл қоспалар 1200С температура кезінде жеткілікті беріктік ($\sigma_b = 250\div 400$ МПа) және жоғары қарсы фракциялық қасиет әсеріне қатысты 100°С артық емес температура кезінде қолданылатын үйкеліс тораптарына арналған қола орнына қолданылады. Өте жоғары температура кезінде қортпалар жұмсарады және білікке жабысады [22].

4.7.4. Алюминийлі қарсы фрикциялы (подшипникті) қортпалар

Алюминийлі қарсы фрикциялықты (подшипникті) қортпалар маркалары АО3-1, АО9-2, АО20-1, АН-2,5. Қортпалардың негізгі компоненттері Sn, Cu, Ni, Si, алюминиймен гетерогенді құрылым түзейді.

Қортпада қаншалықты Sn көп болса, соншалықты оның қарсы фракциялық қасиеті жоғары, бірақта құйылған қортпалардағы Sn құрамы 10÷12% артық болмау керек, өйткені жоғары температура кезінде қажалу кедергілігі және тозу төзімділігін қалайылы құрамдас тұрпатты тордың түзілуін төмендетеді. Деформацияланған қортпаларда қалайылы құрамдас жеке ішкі түйіршікті қоспа түрінде орналасады, бұл Sn құрамын жоғарлатуға және қортпаның қарсы фракциялық қасиетін шамалы жақсартады.

АО3-1 және АО9-2 қортпалар қалыңдығы 10 мм артық емес монометалды төсем және төлкелерді құю үшін қолданылады.

АО20-1 және АН-2,5 қортпалар таптау әдісімен төсемді келесі штамптаумен болатты биметалды таспаны алу үшін қолданылады. АН-2,5 қортпалы подшипниктерді құюмен де жасауға болады. Ауыр жүктемелі жылдамдықты подшипниктер жұмыс жасаған кезде осы қортпалардың жұмысшы бетіне Sn не қалыңдығы 0,02÷0,03 мм басқа жұмсақ металл қабаты жағылады.


Mg, Si, Ti, Mn, Sn құрамды АММгК-1 қортпалар әзірленген. Осы қортпаларды подшипниктер үшін алюминийлі қортпалар орнына қолдану 0,007÷0,01 үйкеліс коэффициентін, тозу төзімділігін 1,5÷2,0 есе, кетікке қарсы төзімділікті 2 есе жоғарлатады [1, 2, 10].

5 БӨЛІМ. КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТАЛДЫ ЕМЕС КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

5.1. Металды матрицалы композициялық материалдар

5.1.1. Жалпы мәліметтер

Композициялық материалдар негізгі металда ерімейтін (дисперсиялық-беріктенген материалдар) жоғары берікті талқыштармен (талшықты материалдар) не жұқа дисперсті балқуы қиын бөлшектермен беріктенген металды матрицадан (полимерлі, керамикалық және т.б. Al, Mg, Ni және олардың қортпалары) құралады. Металды матрица талқыштарды (дисперсті-беріктенген материалдар) дисперсті бөлшектер біртұтас біріктіреді. Талшық (дисперсті бөлшектер) және байлам (марица), қандай да бір композицияны құрайды, сондықтан **композициялық материалдар** деп аталады (5.1-сурет).



5.1-сурет. Композициялық материалдардың құрылымы (а) және үздіксіз талқыштармен (б) армилену сұлбасы: 1 – түйіріікті (дисперсиялы- берікті) материал; 2 – дискретті талшықты композициялық материал; 3 – үздіксіз талшықты композициялық материалдар; 4 – талшықтың үздіксіз төселуі; 5 – талшықтың екіөлшемді төселуі; 6, 7 – талшықтың көлемді төселуі

Композициялық материалдар дәстүрлі конструкциялық материалдардан бірқатар кешенді қасиеттерімен ерекшеленеді, бұл оны жаңа конструкцияларды әзірлеу және жетілдіру үшін кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Композициялық материалдар үшін келесі белгілер жиынтығы тән:

- материалдардың құрамы, пішіні және компоненттердің таралуы алдын ала белгілі болады;
- материалдар шекарасында бөлінген әртүрлі химиялық құрамды екі және одан артық компоненттерден құралады;
- материалдар қасиеті оның әрбір компонентіне қатысты анықталады, олардың құрамы материалда жеткілікті болады;
- материалға компоненттер қасиеттеріне қатысты жақсы, жеке алынған қасиеттер тән болады;
- материал макроқөлемде біртекті және микроқөлемде біртекті емес болады.
- материал табиғатта кездеспейді, ол адам жасаған өнім саналады.

Композициялық материалдардың компоненті геометриялық белгілері бойынша әртүрлі болады. Компонент барлық көлемі бойынша үздіксіз, матрица (металдар және оның қоспалары, органикалық және органикалық емес полимерлер, керамикалық, көміртекті және т.б.) саналады. Матрица қасиеті композицияның жасалуының технологиялық процестерінің параметрлері және оның пайдалану сипаттамасымен анықталады: тығыздық, меншікті беріктік, жұмысшы температура, қажалумен бұліну кедергілігі және зиянды ортаның әсері. Компонент үздікті, композициялық материалдар көлемінде, армируші және беріктендіруші болып бөлінген. Армируші (беріктендіруші) компоненттер матрицада бірқалыпты таралған. Олардың беріктігі, қаттылығы, модульді серпімділігі жоғары және осы көрсеткіштер бойынша шамалы матрицадан артық болады.

Толтырғыш геометриясы бойынша композициялық материалдар үш топқа бөлінеді:

- нөлдік-өлшемді толтырғыштармен, олардың өлшемдері үш өлшеуде бірдей тәртіпті болады;
- бірөлшемді толтырғышты, оның бір өлшемі екі басқа өлшемнен артық болады;
- екіөлшемді толтырғышты, оның өлшемі үшіншіден біршама ратық болады.

Толтырғыштардың орналасу сұлбасы бойынша композициялық материалдар үш топқа бөлінеді:

- бірөсті (сызықты) толтырғыштар, матрицада бір біріне параллелді талшық, жіп, жіп тәрізді кристалдар түрінде орналасқан;
- екіөсті (жазықты) матрицада параллелді жазықтықта армируші толтырғыш талшық, жіп тәрізді кристалдар маты, фольга түрінде орналасқан;

- үшөсті (көлемді) армирлеуші толтырғыштың орналасуымен және оның орналасуында артық бағыт болмайды [1, 2, 10].

5.1.2. Талшықты композициялық материалдар

Талшықты толтырғышты материалдар (беріктендіргішті) армирлеуші әсерлі механизм бойынша **дискретті**, онда диаметрге қатысты талшық ұзындығының қатынасы $l/d \sim 10^3$, және **үздіксіз талқышты** онда $l/d = \infty$ болып бөлінеді. Матрицада дискретті талшық ретсіз орналасады. Талшық диаметріне қатысты ұзындық қаншалықты үлкен болса, соншалықты беріктену дәрежесі жоғары болады.

Композициялық материалдардың бір бөлігі қабатты құрылымды болады, онда әрбір қабатпараллелді үздіксіз талшықтардың үлкен санымен (әрбір қабатты басқа үздіксіз талшықпен армирлеуге болады) армирленген.

Композициялық материалдар әдеттегі қортпалардан уақытша кедергілікті және төзімділік шегі (50÷100%), қаттылық коэффициентінің жоғарғы мәнімен және жарықшаның түзілуіне қатысты төмен бейімділікпен ерекшеленеді.

Композициялық (талшықты) материалдардың беріктігі талшықтар қасиетімен анықталады; матрица негізінен армирленуші элементтер арасында негізінен кернеуді қайта тарауы керек. Сондықтан талшық беріктігі және модуль серпімділігі, матрицаның беріетігі және модуль серпімділігінен біршама үлкен болу керек.

Металды негізді композициялық материалдардың беріктігі және ыстықты беріктігі жоғары, бірақта өте аз созылмалы болады. Бірақта талшық матрицада түзілетін жарықшаның таралу жылдамдығын азайтады, және іс жүзінде толығымен кездейсоқ сынғышты бүлінудің болмауына кедергі жасайды. Бірөсті талшықты композициялық материалдардың ерекшеліктері талшық бойындағы және көлденең механикалық қасиеттерінің анизотропиялықтылығы және шоғырланған кернеуге қатысты аз сезімталды болады.

Матрица және талшықжасалу және пайдалану кезінде өзара әрекеттеспеуі (өзара диффузиялану болмау керек) керек, өйткені олардың өзара әрекетесуі композициялық материалдардың беріктігінің төмендеуіне әкеп соғады.

Алманийлі, магнийлі және титанды қортпалардың балқуы қиын бор, кремний карбиді, титан дибориді және алюминий тотығымен үздіксіз армирленуі біршама ыстық төзімділікті жоғарлатады

(5.1-кесте). Композициялық материалдардың ерекшелігі, температураның жоғарлаған уақытта беріксіздендіру жылдамдығы аз болады.

Бір не екіөлшемді армирлендіретін композициялық материалдардың негізгі кемшілігіне көлденең үзілу және қабат аралық ығысуындағы кедергіліктің төмен болуы жатады. Бұл кемшілік көлемді армирлендірілген материалдарда кезеспейді [1, 10].

5.1-кесте

Композициялық материалдарды беріктендіретін материалдар

Нені беріктендіреді	Қалай беріктендіреді
алюминий, магний және оның қортпалары	борлы және көміртекті талшықтармен, сонымен бірге балкуы қиын, беріктігі және серпімділік модулі жоғары қосылысты талшықтармен (карбидтер, нитридтер, боридтер және тотықтар). Жиі жоғары берікті болатты сымдар талшықтары ретінде қолданылады
титан және оның қортпалары	молибденді сымды, и сапфирлі талшықты, кремний карбиді және титан боридімен
никельді қортпалардың ыстық төзімділігін жоғарлатуға арналған	вольфрамды не молибденді сыммен армирлеу қолданылады

5.1.3. Дисперсті – беріктенген композициялық материалдар

Талшықты композициялық материалдардан дисперсті-беріктенген композициялық материалдардың ерекшелігі мынадай, композициялық материалдағы негізгі элемент жүктеме түсетін матрица саналады, ал дисперсті бөлшектер ондағы шоғырлану қозғалысын тежейді. Жоғары беріктік 10÷500 нм бөлшек өлшемі кезінде олардың арасындағы орташа арақшықтық 100÷500 нм және матрицадағы олардың бірқалыпты таралуында орындалады.

Ерімейтін матрицалы материалда беріктендіру фазасы ретінде тұрақты қиын балқитын қосылысты (торий тотығы, гафний, иттрий, күрделі тотықтар қосылысы және өте сирек кездесетін металдар) пайдалану материалдың $0,9 \div 0,95 T_{пл}$ дейінгі жоғары беріктігін сақтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты бұл материалдар ыстыққа төзімді материалдар ретінде қолданылады.

Алюминийлі негізді қортпалар – ЖАҰ (жентектелген алюминий ұнтағы) алюминий және дисперсті Al_2O_3 қабыршағынан құралады. Al_2O_3 бөлшектері шоғырлану қозғалысын тиімді тежейді және соның нәтижесінде қортпа беріктігі жоғарлайды. Беріктік ұзақтығы бойынша олар деформацияланатын алюминий қортпаларынан артық болады.

Никельді дисперсті-берікті материалдардың (ВДУ-1: никель, торий екітотығымен беріктенген; ВДУ-2: никель, гафний екітотығымен беріктенген) болашағы зор. Бұл қортпалардың ыстыққа беріктігі жоғары. Дисперсті-беріктенген композициялық материалдар, талшықты, температураның жоғарлауымен бүлінуге қатысты тұрақты және осы температура кезінде шыдамдылығы ұзақ болады.

Композициялық материалдарды қолдану аумағы шектемлеген. Олар ұшақтардың жоғары жүктемелі бөлшектері (қаптау, лонжерондар, нервюр, аспаптар беті және т.б.) үшін авиация саласында, қозғалтқыштарда (компрессор және турбина қалақшалары және т.б.), қатты қызатын күшті аппараттар конструкциясының тораптары үшін ғарыштық техникада (), қатты элементтер, аспаптар беттері үшін автомобильжасау саласында шанақты, рессорлар, рама, шанақтар беттері, бамперлер және т.б. жеңілдету үшін, тау-кен өндірісінде (бұрғылау инструменті, комбайн бөлшектері және т.б. азаматтық құрылыста және халықшаруашлығының көптеген салаларында қолданылады [1, 10].

5.2. Металды емес материалдар

5.2.1. Металды емес материалдар жайлы жалпы мәліметтер

Металды емес материалдарға органикалық және органикалық емес полимерлі материалдар: әртүрлі түрлі пластикалық массалар, металды емес негізді композициялық материалдар, акучук және резиналар, желімдер, герметика, лакты-бояу жабындары, сонымен бірге графит, шыны, керамика жатады. Олардың беріктік, қаттылық және аз тығыздық кезіндегі майысқақтығы, жарықты мөлдірлігі, химиялық тұрақтылығы, диэлектрлі қасиеті, бұл материалдарды жиі басқа материалдармен ауыстыруды қажет етпейді. Сонымен қатар атап өту қажет, олар технологиялық және қолдануда тиімді. Бұл материалдар әртүрлі машинажасау саласында кеңінен қолданылады.

Металды емес материалдар тегі бойынша табиғи, жасанды және синтетикалық болып бөлінеді. **Табиғи** органикалық материалдарға,

табиғиғ каучук, ағаш, шайыр (янтарь, канифоль) мата, жүн, зығыр және т.б. жатады. Органикалық емес табиғиғ материалдарға графит, асбест, слюда және кейбір тау кен жыныстары жатады. **Жасанды** органикалық материалдар табиғиғ полимерлі өнімдерден (вискозды талшықтар, целлофан, күрделі және қарапайым эфирлер, целлюлоза) алынады. **Синтетикалық** материалдар қарапайым төмен молекулалы қосылыстардан алынады. Жасанды және синтетикалық материалдардан дайын өнім және соңғы бұйымның берілген қасиеттерін алу мақсатында бастапқы заттардың қасиеттерін жобалауға және үйлестіруге болады. Нәтижесінде синтетикалық және металды емес материалдар табиғиғ материалдар орнына кеңінен қолданылады.

Соңғы уақытта конструкциялық материалдар ретінде металды емес материалдар, негізінен, синтетикалық полимерлі материалдар қолданылады. Полимерлердің негізгі ерекшелігі мынандай, олардың металдарға тән емес бірқатар қасиеттері бар және металды конструкциялық материалдарға қатысты жақсы қосымша материал ретінде қолданылады не олардың орнына толығымен қолданылады [1, 10].

5.2.2. Полимерлер жіктемесі

Полимерлер – макромолекулалы заттар, бірдей атомдар тобын құрайтын, қайталанатын көпсанды элементарлы тізбектерден құралады. Полимерлер молекуласында үлкен атомдар санынан құралған негізгі тізбек анықталады. Негізгі тізбектің атомдарыберік химиялық ковалентті байланыспен байланысқан, оның энергиясы 330÷360 кДж/моль құрайды. Шеткі тізбектердің ұзындығы біршама аз болады.

Полимерлер құрамы бойынша бөлінеді:

- **органикалық** – осындай тізбектердің негізгі молекулалық тізбегі тек ғана, химиялық төзімділігі, беріктігі және майысқақтығы жоғары көміртекті атомдардан (шайыр, каучук) құралған;
- **органикалық емес** – бұл қосылыстар құрамында көміртекті қаңқа болмайды. Мұндай материалдардың негізін кремний тотығы, алюминий, магний, кальций және т.б. (силикатты шыны, керамика, слюда, асбест, графит) материалдар құрайды. Бұл материалдар тығыздығы өте жоғары, ұзақ жылу төзімділігі жоғары болумен ерекшеленеді. Бірақта шыны және керамика сынғышты, динамикалық жүктемелерді көтермейді.

Полимерлер микромолекулаларының пішіні бойынша бөлінеді:

– **сызықты** – спиральды тізбекті бұралған және ирек тәрізді ұзын. Сызықты микромолекулалар ұзындығы оның көлденең қимасынан бірнеше мың есе үлкен. Сондықтан осындай макромолекулаларға иілгіштік тән, ол бірнеше тізбектен ($10 \div 20$) құралатын қатты участкелер-сигменттермен шектеледі. Мұндай макромолекулалардың негізгі тізбек бойындағы беріктігі жоғары, өзара әлсіз байланысқан және материалдың жоғары созылмалығын қамтамасыз етеді. Қыздырумен жұмсартылады, салқындаудан кейін – полимер қатып (полиамид, поли-этилен) қалады;

– **тармақталған** – шеті тармақталған, бұл макромолекулалардың бір-біріне жақындауын қиындатады және молекулалар арасындағы өзара әрекеттесуді төмендетеді, бұл дегеніміз, оның тығыз орналуына кедегі жасайды дегенді білдіреді. Осындай пішінді макромолекулалы полимерлердің беріктігі аз, балкуы және қопсуы жоғары болады. Молекула аралықты өзара әрекеттесудің табиғаты физикалық тұрғыдан орындалады. Мұндай байланыстың энергиясы $5 \div 40$ кДж/моль жетеді;

– **сатылы** – макромолекулалар тігілген пішінді, олар өте берік, ерімейді және балқымайтын полимерлерден құралады, осы полимерлер қыздыру кезінде жұмсарады және ертіндіде ісінуге бейімді болады. Сатылы полимерлердің жылу төзімділігі, қаттылығы жоғары, стандартты органикалық ертінділерде ерімейді;

– **кеңестікті (торлы)** – макромолекулалары үшөлшемді тігілген полимерлер көлденең бағытта берікті химиялық байланысты, соның нәтижесінде әртүрлі қоюлықты торлы құрылым түзіледі. Сирек торлы (торлы) полимерлер еру және балку қасиеттерін жоғалтады, олар серпімді (жұмсақ резиналар) болады. Қою торлы полимерлер (кеңестікті) қатты, жоғары жылу өткізгіштігімен, ерімейтін қасиеттерімен ерекшеленеді. Кеңестікті полимерлер негізінде, сыртқы әрекетке төзімділігі жоғары, жұмсармайтын және ісінбейтін металды емес конструкциялық материалдар жасалады;

Полимерлердің макромолекулалары иілгішті, бұл дегеніміз, бір-біріне салыстырмалы олардың жеке учаткелері жылжуға бейімді болады. Полимерлердің иілгіштігі мынандай қасиеттерге тән: он жүзді пайызға жететін қайтарымды жоғары майысқақтықты деформациялануға, сырғымалылыққа тән болады. Майысқақтылық резиналар және каучуктерде нақты байқалады;

Полимерлер полярлығы бойынша бөлінеді:

- **полярылы** – мұндай полимерлерде полярылы байланыс топтары (Cl, -F, -OH), не оның құрылымындағы симметриялы еместік болады. Полярылықтылық полимерлерге қаттылықты, жылу төзімділікті қасиетті береді, бірақта оның аяз төзімділігі төмен болады;
- **полярылы емес** – қызметі топтар симметриялы орналасқан және атомдардың өрістендірілмеген байланыс сәттері өзара толықтырылады. Полярылы емес полимерлер (көмірсутегі негізіндегі) жоғары сапалы, жоғары тазалықты диэлектрлі, олардың аяз төзімділігі өте жақсы болады.

Полимерлердің полярылығын диэлектрлі өткізгіштік (ϵ) шамасы бойынша анықтауға болады. Полярылы емес полимерлер фторопласт және полиэтилен, $\epsilon = 2,1$ тең, полярылы полимерлерде – органикалық шыны, капронда – $\epsilon \geq 3,5$ тең.

Фаза күйі бойынша полимерлер бөлінеді:

- **сынғышты** – макромолекулалар тізбегінің байламы түрінде болады. Байлам көп санды молекулалар қатарынан құралады, олар бірінен кейін бірі орналасқан. Байлам көрші элементтер құрылымына салыстырмалы қозғалуға бейімді. Сонымен бірге сынғышты полимерлер глобулдарға оралған молекулалардан да түзілуі мүмкін. Амфорлы полимердің глобулярлы құрылымы, глобул шекаралары бойынша сынғышты бүлінуге байланысты оның механикалық сипаттамасы жоғары болмайды. Температура әсер еткен кезде глобулалар сызықты түзілімге тізілуі мүмін, бұл полимердің механикалық қасиетін жоғарлатуға әсер етеді;

- **кристалды** – осы полимерлердің макромолекулаларының құрылымы ретті және жеткілікті иілгішті болады. Иілгішті байлам бірнеше рет 180о бұрылу кезінде таспаға жиналады, ол пластина түзілумен бір-біріне жалпақ жағымен жалғанады. Осындай бірнеше пластиналардың төселуі кристалдардың түзілуіне әсер етеді. Кристалдар полимердегі үлкен қаттылықты, сонымен бірге жылу төзімділіктің түзілуіне әсер етеді. Өсетін кристалға қатысты полимердің кристаллизациялануы кезінде бірден жеке атомдар не молекулалар қосылмайды, бүтін макромолекулалар тізбегі қосылады. Полимердің кристаллизациялану жылдамдығы металдың кристаллизациялану жылдамдығынан төмен болады. Полимерлер кристаллизацияланған кезде реттелген өте күрделі (байламдар, пластиналар, талшықтар) молекулалар түзіледі. Полимердің кристалды участкесі реттелмеген – сынғышты полимер участкесімен кезектесіп орналасады.

Қызуға қатысты полимерлер бөлінеді:

– **термопластикалықты** – қыздыру кезінде жұмсарады, балқиды, салқындату кезінде қатады. Осы полимерлерде қыздыру және салқындату кезінде ешқандай химиялық қайтарымды өзгерістер орындалмайды. Осындай полимерлердің макромолекулаларының құрылымы сызықты не тармақталған болады;

– **термореактивті** – түзілудің бірінші кезеңінде сызықты құрылымды болады және қыздыру кезінде жұмсарады, химиялық реакция барысында қатады (кеңестікті құрылым түзіледі) және әрі қарай қатты күйде қалады. Термореактивті полимерлер қыздыру кезінде қайтарылымайтын химиялық өзгеріске ұшырайды, соның нәтижесінде олар қатады, әртүрлі ортада еру және пішінін өзгерту қабілетін жояды. Полимердің қатқан күйі **термотұрақтылық** деп аталады.

Полимерлер үш физикалық күйде болады: шыны тәрізді, зоғары майысқақты, және тұтқырлықты аққышты. **Шыны тәрізді** күй – қатты, сынғышты, молекулалық тізбек құрамына кіретін атомдар тепеңдік жағдайы қасында тербелісті қозғалады. Тізбектер қозғалысы және макромолекулалардың жылжуы орындалмайды.

Жоғары майысқақтық жоғары полимерерге ғана тән қасиет, материалдың үлкен жүктеме кезінде (тізбектер тербеледі және макромолекулада иілу қабілеті түзіледі) үлкен қайтарымды пішін өзгерту қабілеттілігімен сипатталады. **Тұтқырлықты аққышты** күй сұйық күйге ұқсайды, бірақта одан үлкен тұтқырлықтылықпен (барлық макромолекулалар қозғалмалы) ерекшеленеді. Температураның өзгеруіне байланысты сызықты не тармақталған полимерлер бір физикалық күйден басқа физикалық күйге ауысуы мүмкін [1, 10].

5.2.3. Полимерлер қасиеттері

Полимерлер құрылысының ерекшелігі олардың физика-механикалық және химиялық қасиеттеріне үлкен әсер етеді. Үлкен молекуларлық салмаққа қатысты олар газ тәрізді күйге өте алмайды. Қыздыру кезінде төмен тұтқырлы сұйық түзіледі, ерімейді, термотұрақты. Молекулалық салмақтың жоғарлауымен еру азайады. Полимерлердің механикалық қасиеті (созылмалылық, беріктік) оның құрылымына, физикалық күйіне, температура және т.б. тәуелді болады.

Бағдарламалы беріктендіру. Кристалды және шыны тәрізді күйдегі полимерлер бағдарламалы болады. Процесс жоғары майыс-

қакты және тұтқырлықты аққышты күйдегі полимерлердің баяу созылу кезінде орындалады. Макромолекулалар күшті өріске бағдарланады, бағдарсызбен салыстырғанда реттелген құрылымды болады. Бағдарлау процесінде молекула аралықты өзара әрекеттесу жоғарлайды, бұл бағдарлау бағытында $2\div 5$ есе үзілу кезінде беріктіктің жоғарлауына, перпендикулярлы бағытта беріктік азайады және бастапқы материал беріктігінің $30\div 50\%$ құрайды. Бірөсті бағдарлау бағытында серпімділік модулі шамамен 2 есе жоғарлайды. Жоғары беріктік жеткілікті серпімділікпен үйлеседі, бұл тек ғана жоғары полимерлерге ғана тән болады.

Бағдарлы сынғышты және кристалды полимерлердің кейбір қасиеттері бірдей, бірақта ол фазалық күймен ерекшеленеді, сондықтан уақыт аралығында кристалды полимерлердің құрылымы жақсарады, сынғышты бағдарлы полимерлер әрі қарай жиі бағдарсызданады (әсіресе қыздыру кезінде).

Релаксациялық қасиеттері. Полимерлердің механикалық қасиеттері берілген жүктеменің жылдамдығы және әсер ету уақытына қатысты болады. Бұл макромолекуланың ерекше құрылымына байланысты орындалады. берілген кернеудің әсерімен тізбектердің түзілуі және бұралуы (олардың конформациясы өзгереді) орындалады. өйткені макромолекула, байлам және басқа молекула астындағы құрылымдар қозғалады. Осының барлығы белгілі уақытты және тепе-теңдікті (**релаксация**) орнатуды қажет етеді, бірден (10^{-4} секундтан бірнеше тәулікке дейін және айлар) орындалмайды. Іс жүзінде статистикалық жағдайда тұрақты жүктелу кезінде салыстырмалы ұзару және жылжымалық өзгермеген кезде кернеу релаксациясының мәні маңызды болады. Барлық полимерлерге жүктелу жылдамдығының жоғарлауымен беріктік шегінің жоғарлауы тән болады. Сол кезде серпімді емес деформациялану әсері азайады не жоғарлайды. Металдар сияқты полимерлі материалдардың статистикалық және динамикалық кедергілікті; кернеу не температура қаншалықты жоғары болса, соншалықты ұзақмерзімділік аз болады. Температуралы-уақтыша беріктік тәуелділік полимерлі материалдарда, металдарға қарғанда қатты байқалады, олардың қасиеттерін анықтау кезінде оның мәні маңызды болады.

Полимерлердің ескіруі – пайдалану және сақтау кезінде материалда дамушы күрделі химиялық және физикалық процестер нәтижесінде орындалатын өздігінен қайтарымсыз маңызды техникалық сипаттамаларды. Ескіру көпесе деформациялану кезінде жылдам

орындалады; ескіруге ылғал аз әсер етеді. Ескіру себептеріне жарық, жылу, оттегі, озон және т.б. механикалық емес факторлар жатады, сондықтан ескіру жарықты, жылулық, озонды, және атмосфералы болады.

Атмосфералық ескіру әртүрлі климатты жағдайда бірнеше жылдар жағдайында орындалады. жылулық ескіру полимердің балку (ыдырау) температурасынан төмен 50°C температура кезінде орындалады.

Сынау ұзақтығы бастапқыға қатысты 50% негізгі көрсеткішті азайтуға арналған қажетті уақытпен анықталады.

Ескіру мәні полимерді құрылымдайтын және құрылымсыздандырумен, бос радикалдардың (ниондар сирек) түзілуімен орындалатын күрделі тізбекті реакция ретінде қарастырылады. Егер құрылымсыздандырылған жағдайда полимер жұмсарады, ұшпалы зат (мысалы табиғи каучук) бөлінеді, ал құрылымдау кезінде қаттылық, сынғыштық жоғарлайды, майысқақтылықтың төмендеуі байқалады. Жоғары температура кезінде (200÷500°C және артық) органикалық полимерлер термиялық ыдырайды; үлгінің барлық көлемінде булануға қабілетті молекулалар түзіледі.

Полярлы орынбасарлы (фторполимерлер) полимерлердің жылулық полимеризациялануы жоғары, полимерлер термиялық құрылымсыздануға қатысты тұрақты болады. Кремний органикалық қосылыстар озонға қатысты төзімді. Тропикалық атмосферада тұрақты полимерлер, полиамидті талшықтар, табиғи және синтетикалық каучук, вискоза, мақталы-қағазды талшықтар тұрақсыз болады.

Полимерлі материалдардың ескіруін тежеу үшін тұрақтандырығыштар, антиоксиданттар (аминдер, фенолдар және т.б.) қосылады. Тұрақтандырылған материалдарды ұзақ уақыт пайдалану шамалы ұзарады. Күйемен тұрақтандырылған полиэтиленнің сынғыштығының басталу мерзімі 5 жылдан артық, поливинилхлоридті құбырлар 10÷25 жыл жұмыс жасайды.

Радиациялық төзімділік. Полимерлерде иондалатын сәулелену әсерінен ионизациялану және қозуы, ол химиялық байланыстың үзілуімен және бос радикалдардың түзілуімен орындалады. полимерлердің радиациялық төзімділігі сәулелерді сіңіру мөлшерімен анықталады. Шеткі топты (полистирол) бензолды сақиналы полимерлер радиацияға қатысты ең тұрақты полимерлер саналады, сонымен СБН6-тобының құрылымы энергетикалық деңгейінің саны үлкен, соның әсерінен энергияны сіңіру барлық молекула бойынша жылдам шашырайды, химиялық реакция болмайды. Радиациялық төзімділікті

жоғарлату үшін полимерге антирадтар (хош иісті аминдер, энергияны энергияның шашырау тиімділігін беретін фенолдар) қосылады.

Полимерлердің вакуумды төзімділігі. Вакуум полимерлі материалдарға әртүрлі әсер етеді. Олардың қасиетінің төмендеуі материалдан әртүрлі (пластификаторлар, тұрақтандырғыштар) қоспалардың бөлінуі және құрылымсыздандыратын процестердің орындалуына байланысты. Көмірсутекті каучуктер негізінде резиналар үшін жинақты қалдықты деформациялану және кернеудің релаксациялануы жылдамдатылады, бұл жұмыс жасау қабілеттілігін төмендетеді.

Вакуум төзімділікті анықтау газ өткізгіштік, газдың бөлінуі және конструкциялық вакуумдықтың сақталу уақыты бойынша анықталады. **Газөткізгіштік** – тығыздағыш (мембрандар, диафрагмалар, герметикалық төсемдер) арқылы бу не газ ағыстарын анықтайтын техникалық сипаттама.

Газөткізгіштікке полимер құрамы, құрылымы, температура, сонымен бірге газ табиғаты әсер етеді: әсіресе сутегі және оттегіне қарағанда азот үшін ол аз болады. Газөткізгіштік полярлы сызықты полимерлерде аз, иілгішті макромолекулалар (каучук) болған кезде ол жоғарлайды. Пластификаторлар енгізілген кезде газөткізгіштік жоғарлайды, ал минералды толықтырғыштар оны азайтады.

Абляция – бұл ыстық газды ағыстың әсері кезінде материалдың салмағының шығынымен орындалатын материалдың бүлінуі. Абляциялану процесінде механикалық күш. Жылу және зиянды ортаның ағысты жиынтығы әсер етеді. Абляциялық төзімділік материалдың механикалық, термиялық, термоқышқылды құрылымсыздануына қатысты материал төзімділігімен анықталады. Сызықты құрылымды полимерлі негізді материалдардың төзімділігі төмен болады. Абляциялану температурасы 900°C артық емес. Сатылы не торлы құрылымды термиялық төзімді негізді материалдардың абляциялануға қатысты төзімділігі жоғары болады. Оларда құрылымдау және көміртексіздендіру (карбонизациялау) процестері орындалады. абляциялану температурасы 3000°C жетуі мүмкін. абляциялық төзімділікті жоғарлату үшін армирлеуші толықтырғыштар қосылады. Сонымен шынылы талшықтар балқытылады, сол кезде көп мөлшерлі шығын жұмсалады. Металдардың жылу төзімділігіне қарағанда пластиктердің жылуөткізгіштігі бірнеше жүз есе аз болады, сондықтан қысқамерзімді жоғары температура әсер еткен кезде материалдың ішкі қабаты 200÷350°C дейін қызады және механикалық беріктілік сақталады.

Адгезия – түйісетін (ілінісу беріктігі) әртекті денелердің жабысуы. Адгезия молекула аралықты өзара әрекеттесуге шартталған. Адгезияға қатысты полимерлер қабілеттілігі, оларды қабыршақ түзеуші материалдар ретінде (желімдер, герметикалар, қаптамалар), сонымен бірге толықтырылған және армиленген полимерлі материалдарды алу кезінде пайдалануға негізделген. Адгезиялық қоысысты жасау үшін материалдардың бірі пластикалықты, аққышты (адгезді), ал екіншісі қатты (субстрат) болуы мүмкін. бетті адгезді субстратпен сулаудың мәні маңызды болады.

Адгезия мөлшері қосылыстың бүлінуінің меншікті күшімен анықталады, ол адгезиялық беріктік деп аталады. Адгезиялық беріктікті жоғарлату үшін, адгез полярлы иілгішті макромолекулярлы болу керек. Қосылыс беріктігіне температура, уақыт, қысым әсер етеді [1, 10].

5.3. Пластикалық массалар

5.3.1. Жалпы мәліметтер

Пластмассалар (пластиктер) полимерлер негізіндегі органикалық материалдар түрінде болады, қыздыру кезінде жұмсаруға қабілетті және қысым астында белгілі тұрақты пішінді қабылдайды. Пластмасса негізі жоғары молекулалық қосылыс. Қарапайым пластмассалар бір химиялық полимерлерден құралады. Күрделі пластмассалар құрамында полимерлерден басқа қоспалар – **полимерлі заттар** болады, олар **байланыстушы** ретінде қолданылады. пластмассаны құрайтын:

- 40÷70% мөлшеріндегі **толықтырғыштар** (ағаш ұны, маталар, қағаз, көмір шаңы, талшықты заттар және т.б.) механикалық қасиетті, қаттылықты жоғарлату, әртүрлі ортада беріктікті, қаттылықты, төзімділікті жоғарлату, дайын өнімді арзандату, фрикциялық, қарсы фрикциялық қасиеттерді қалыптастыру үшін қосылады;
- **пластификаторлар** 10÷20% мөлшерлі (эфирлер, стеарин, олеин қышқылы) өңдеуді жеңілдету, майысқақтылықты, созылмалықты қалыптасыру үшін енгізіледі;
- **тұрақтандырғыштар** ұзақмерзімділікті жоғарлату үшін;
- кеуектүзеушілер;
- **қатқылдандырғыштар** (кейібр металдардың тотығы, уротропин және т.б.) бірнеше пайыз мөлшерінде қатыру үшін енгізіледі,

бұл дегеніміз, молекула аралықты байланысты жасау және жалпы молекулалық торға қатырғыш солекуласын орналастыру; пластмассаның көптеген қасиеттеріне әсер етеді;

- **майлаушы заттар** бұйымды өндіру және пайдалану кезінде жабдықтарға пластмассаның жабысып қалуын болдырмау үшін қолданылады;
- **бояғыштар** (минералды пигменттер, органикалық қышқылдардың спиртті ертінділері) пластмасса белгілі бояу түсіне боялады және оның өзіндік құны арзандат

Пластмассаның мөлшерінің өзгеруімен оның әртүрлі қасиеттері өзгереді.

Пластмасса ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- тығыздығы аз ($1 \div 2 \text{ т/м}^3$);
- жылуөткізгіштігі төмен ($0,1 \div 0,3 \text{ Вт/м}\cdot\text{К}$);
- болаттарға қарағанда $[(15 \div 100) \cdot 10^{-6} \text{ }^\circ\text{C}^{-1}]$ шамалы жылу кеңеуі $10 \div 30$ есе үлкен;
- электроқшаулау қасиеті жақсы;
- химиялық төзімділігі жоғары;
- фрикциялық және қарсы фрикциялық қасиетті;
- технологиялық қасиеттері жақсы.

Күшті пластиктердің беріктігі болат беріктігіне сәйкес және жоғары.

Пластмассалардың кемшілігі жылу төзімділігі шамалы, модулі серпімділігі және металдар және қортпалармен салыстырғандағы соққы тұтқырлығы төмен, ал кейбір пластмассалар – ескіруге бейімді [1, 10].

5.3.2 Пластмассалар жіктемесі

Толықтырғыш түрлері бойынша пластмассалар бөлінеді:

- ұнтақты (карболитті);
- газ тәрізді толықтырғышты (пенопласт, поропласт);
- талшықты толықтырғышты (талшық-жіпті);
- шынылы толықтырғышты (шынылы талшық жіпті);
- асбесті толықтырғышты (асбесті талшығы жіпті);
- қабатты толықтырғышты (гетинакс, текстолит, ағашқабатты пла-стик).

Қайтарымды қыздыруға қатысты байланыстырушы полимердің реакциясы бойынша:

- **терморективті** – жылулық өңдеуден кейінгі терморективті полимерлер (шайыр) негізінде – қату – термотұрақты күйге өтеді. Терморекативті пластмассалар сынғыштығымен ерекшеленеді, шөуі үлкен $10\div 15\%$ және оның құрамында толықтырғыштар болады;
- **термопластикалықты** – қыздыру кезінде жұмсаратын термопластиктер негізіндегі полимерлер және салқындатудан кейін қатады. Осы таза полимерлер не пластификаторлы полимерлер композициялы, қарсы ескіргішті болады. Термопластар төмен $1\div 3\%$ шөгуімен ерекшеленеді. Оларға аз сынғыштық, үлкен серпімділік және бағдарлауға қатысты қабілеттілік тән болады.

Пластмассаны қолдану бойынша келесі топтарға бөлуге болады:

- конструкциялықты – күшті бөлшектер және конструкцияларға, күшті емес бөлшектерге (оптикалық, мөлдір, химиялық төзімді, қосымша) арналған;
- төсемді, тығыздағышты;
- фрикциялық және қарсы фрикциялықты;
- электроқшаулы;
- жылуоқшаулы;
- от, май, қышқылдың әсер етуіне қатысты төзімді;
- қаптау-безендіргішті;
- қосымша.

Бір пластик бірнеше топқа тән қасиеттерге ие болады. Мысалы, текстолит, біруақытта конструкциялы, электроқшаулы және төсемді материал ретінде қолданылуы мүмкін [1, 10].

5.3.3. Термопластикалық пластмассалар

Термопластикалық пластмассалар негізін сызықты тармақталған құрылымды полимерлер құрайды, кейде құрамында пластификаторлар болады. Пластификаторлар $60\div 70^\circ\text{C}$ артық емес температура кезінде жұмыс жасауға қабілетті, өйткені осы температурадан жоғары температура кезінде физика-механикалық қасиеттер күрт төмендейді. Кейбір жылутөзімді пластмассалар $150\div 200^\circ\text{C}$ кезінде жұмыс жасай алады, ал қатты тізбекті және циклді құрылымды термотөзімді пластмассалар $400\div 600^\circ\text{C}$ дейін тұрақты болады. Термопластардың беріктік шегі $10\div 100$ МПа, серпімділік модулі – $(1,8\div 3,5)\cdot 10^3$ МПа. Термопластардың ұзақ уақытты статистикалық жүктелуімәжбүрлі-майысу деформациялануының пайда болуына әсер етеді және оның

беріктігін төмендетеді. деформациялану жылдамдығының жоғарлауымен мәжбүрлі-майысқақты деформациялану болмайды және қатты және сынғышты бүліну түзіледі.

1. **Полиэтилен** полярлы емес. Оны төмен және жоғары қысым кезінде түссіз этилен газын полимеризациялаумен алады. 100°C дейінгі температура кезінде пайдаланылады, аязда ол -70°C төмен температура кезінде сынғышты болады. Суға төзімді, диэлектрлік қасиеті жақсы, қышқылдарға, сілтілерге төзімді. Полиэтиленді қабыршақтардың газөткізгіштігі жақсы, бірақта су буының сіңуі өте жаман болады. Иондаушы сәулелендіру әсерінен полиэтилен қатады: үлкен беріктікке және жылу төзімділікті болады. Кемшілігі: ескіруге бейімді. Тоттануға төзімді бөлшектерді (құбыр, төсемдер, шлангтер), жоғары тазалықты қондырғылар бөлшектерін жасау, сымдар кабелдерінің қорғанысты қаптамасын оқшаулау, өнімдерді орау үшін қолданылады,

2. **Полистирол** полярлы. Бұл сынғышты, қатты, мөлдір полимер, сызықты құрылымды болады. Диэлектрлік қасиеттері жақсы, механикалық беріктігі қанағаттанарлықты, жұмысшы температурасы (100°C дейін) жоғары емес, сілтіге, минералды және органикалық қышқылдарға, майға химиялық төзімді болады. 200°C температура кезінде ыдырайды, стирол түзіледі. Қысым астында құю әдісімен табақтар және бөлшектерді, аз жүктелетін бөлшектерді және жоғары тазалықты оқшаулағыштарды жасау үшін қолданылады. кемшілігі: төмен температура кезінде сынғышты, бетті жарықшаның бірқалыпты түзілуіне бейімді.

3. **Полипропилен** бұл жоғары физика-механикалық қасиетті, зиянды емес қатты материал. Полиэтиленге қарағанда созылу кезіндегі беріктігі ы, соққы тұтқырлығы жоғары. Жүктелусіз максималды пайдалану температурасы 150°C . Кемшілігі: аяз төзімділігі төмен (-30°C дейін). Ол токарлы, фрезерлі, бұрғылау станоктарында механикалық өңделуі жеңіл орындалады. құбыр, пленка, синтетикалық талшық, пенпластарды жасау үшін қолданылады. полипропиленді пленкалардың мөлдірлігі, жылу төзімділігі жоғары, газ – және бу өткізгіштігі төмен болады.

4. **Фторопласт-4** полярлы емес, сынғышты-кристалды құрылымды. Ұзақ пайдаланудағы температуралық шек 250°C шектеледі. Ол салыстырмалы жұмсақ, өйткені сынғышты фаза жоғары майысатын күйде болады. Зиянды ортаның әсеріне: тұзды, күкіртті, плавикті, азотты қышқылды, арақтар, сілтілер, күкірсутегіне өте жоғары тұрақты. Ол сілтілі металдар балқымаларының, сонымен

бірге жоғары температура кезіндегі фтор және фторлы хлор әсерінен бүлінеді, үйкеліс коэффициенті төмен (0,04), балқу температурасына (327°C) тәуелді емес. Жанбайды және сумен және басқа сұйықтармен суланбайды. -269°C дейін сынғышты емес. 80°C төмен температура кезінде иілгіштігін сақтайды. Кемшілігі: жоғары температура кезінде фтордың бөлінуіне қатысты зиянды, салқындысынғышты және созылмалықтың болмауына қатысты қайта өңдеу қиын. Мембрана, құбыр, айналдырғыш, сораптар, тығыздаушы төсемдер, сиффондар, манжет, металдардағы қарсы фракциялық қаптамаларды, сонымен бірге электррадиотехникалық бөлшектерді жасау үшін қолданылады. термопластардың физика-механикалық қасиеттері 5.2-кестеде келтірілген.

5. Фторопласт-3 полярлы, сызықты сынғышты кристалды ақ түсті полимер. Полимердің кристалдылығы салқындау жағдайына қатысты болады. Фторопласт-3 жоғары дәрежелі кристалды (баяу салқындау кезінде) жоғары тығыздықты, қаттылықты болады. төмен дәрежелі кристалды полимер созылмалы болады. Фторопласт-3 жұмысшы температурасының диапазоны: 105 ден 70°C дейін болады. 300°C жоғры қыздыру зиянды газ тәрізді фтордың түзілуімен оны құрылымсыздандырады. Престеу, ұсыым астында құю және т.б. әдістермен бұйымды ұайта өңдеу жеңіл болады. Химиялық төзімділігі бойынша біршама фторопласт-4 артық болады. Фторопласт-3 төмен тазалықты диэлектр ретінде ол құбыр, шлангтер, клапандар, сораптар, қорғанысты металды қаптамаларды және т.б. жасау үшін қолданылады.

6. Полиметилметакрилат (органикалық шыны) – бұл күрделі акрилді эфирлер және метакрилді қышқылды негізді мөлдір, сынғышты түссіз полярлы термопласт. Бұл материал минералды шыныға қарағанда (1180 кг/м³) 2 есе жеңіл, атмосфералық төзімділігі жоғары, оптикалы мөлдір (жарық мөлдірлігі 92%), 75% ультракүлгін сәулені өткізеді. Механикалық беріктігі жоғары, -60°C дейін сынғыштық болмайды, диэлектрлі қсиеті жақсы және табиғи жағдайда ескіруге ұатысты төзімді. 80°C дейін қыздыру кезінде жұмсара бастайды, ал 105÷150°C кезінде созылмалы болады, бұл одан әртүрлі бқлшектерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Органикалық шыны араласқан қышқыл және сілтілердің, көмірсутекті отын және майлау материалдарының әрекетіне қатысты төзімді. Кесшілігі: бетті қаттылығы жоғары емес. Пайдалануға арналған органикалық шынының жарамдылығын анықтайтын шарттар тек ғана олардың

беріктігі емес, сонымен бірге күміс деп аталатын материалды бетті және ішінде пайда болатын жарықшақтар да саналады. Бұл ақаулық шынының мөлдірлігін және беріктігін төмендетеді. «күміс» түзілу себебі төмен жылутөзімділікке және жоғары кеңейу коэффициентіне байланысты түзілетін ішкі кернеу саналады. Органикалық шынының термотөзімділігі және соққы тұтқырлығының жоғарлауы бағдарлаумен орындалады, сол кезде бірнеше рет соққы тұтқырлығы және «күмістенуге» қатысты төзімді; оның басқа полимерлермен полимеризациялануы және көпқабатты шыны (триплекстер) пайдаланылады.

Өндірісте қалыңдығы $0,8\div 24$ мм табақ түрінде өндіріледі. Жарықтандыру аппараттарын, ұшақтар және автомобильдер шыныларын, білдектердің қорғанысты қалқандарын, сағат өндірісінде қолданылатын шыныларды жасау үшін, жарықтехникалық бөлшектерді, оптикалық линза және т.б. жасау үшін қолданылады.

7. Поливинилхлорид (ПВХ) – бұл сызықты сынғышты полярлы полимер. Көптеген ортада төзімді: суда, сілтіде, араласқан қышқылды майларда, бензинде. 70°C қатысты жағын температура кезінде жұмсарады. ПВХ винипласт және пластикат түрінде қолданылады. **Винипласт** – бұл пластифицирленбеген қатты поливинилхлорид, мөлдір емес қатты зат түрінде болады; табақтар, құбырлар, қаптамалар және дәнекерлеу шыбықтары түрінде жасалады. Механикалық жақсы өңделеді, жеңіл дәнекерленеді, әртүрлі желімдермен желімделінеді, салқындайқыштыққа қатысты бейімді, тіліктерге сезімталды, төмен температура және төмен жылутөзімділік кезінде сынғыштығымен ерекшеленеді. Қабыршақты винопласт тоттануға қарсы қаптама ретінде – химиялық аппаратураларды футерлеу, сымдарды оқшаулау және басқа мақсаттарда қолданылады. Жұмыс жасау мерзімі басқа металды емес тоттану материалдары – текстолит, фаолитке қарағанда $2\div 3$ есе жоғары болады. Кемшілігі: төмен ұзақты берікті және жүктеме астында ($60\div 70^{\circ}\text{C}$ артық емес) жұмысшы температурасы төмен, сызықты кеңейу коэффициенті үлкен, төмен температура кезінде сынғышты. Конструкциялық материал ретінде түсті металдар орынан қолданылады. Сонымен бірге дәрі-дәрмекті және тамақ өнімдерін орау, кітап және папкалар қаптамасы, электртехникалық мақсаттарда, желдеткішті ауажолдарын жасау кезінде қолданылады. Кейбір полярлы термопластардың физика – механикалық қасиеттері 5.3.кестеде келтірілген.

Пластикат қабыршақ, түйіршік, таспа не түтікше түрінде жасалады. Ол ескіруге қатысты жақсы төзімділікпен, жоғары майысқақ-

тылықпен және аяз төзімділікпен, өте төмен электроқшаулау қасиеттерімен ерекшеленеді. 70°C дейінгі температура кезінде бұл төзімділік 1000 сағаттан артық болады. Қабыршақты пластикат майысқақты, ылғалөткізгішті, жанбайды, бензин және әртүрлі майлардың қарсы әрекетіне төзімді болады. оның аяз төзімділігі -15 ден -50°C дейінгі шекте, өте төмен температура кезінде ол сынғышты болады. 160÷195°C жұмсару температурасы. Кабелдер, аккумуляторлы бактарды оқшаулау, құбырларды жасау, тығыздағышты төсемдер және т.б. бұйымдар үшін кеңінен қолданылады.

8. **Полиамидтер** – кристаллизацияланатын полярлы полимерлер. Соққы жүктемесі кезінде жоғары беріктік, жақсы майысқақтық, жақсы қарсы фрикциялық қасиеттермен ерекшеленеді. Үйкеліс коэффициенті ($f < 0,05$) төмен, ол тек ғана фторпластан төмен болады, бірақта олар өте жоғары тозу төзімділігіне ие, тербелісті сіңіруге қабілетті,, соққыға берікті, тропикалық жағдайда тұрақты болады. қазіргі уақытта өте көптеген мөлшерлі полиамидтер синтезделген, бірақта өндірісте кеңінен қолданылатындары **капрон**, **лавсан** және **нейлон**. Сонымен бірге полиамидтер жоғары меншікті берікті жоғры тоттануға төзімді, электроқшаулау және қарсы фрикциялық қасиетті үйлесімді болады. олардан тістегергіштер, бұранда, гайка, подшипниктер, подшипниктерге қатысты төсемдер, төлкелер, муфталар, есу бұрандаларының күрекшелері, электроқшаулар, медициналық инструменттер жасалады, қарсы фрикциялық металдар қаптамасы ретінде де қолданылады. Кемшілігі: аяз төзімділігі төмен,, су сіңіруге қатысты күрт тәуелді, 100oC артық температура кезінде берітік күрт төмендейді, қайта өңдеу кезінде тоттығу әсерінен ескіруге бейімді.

9. **Полиуретаны**. Кислород в молекулярной цепи сообщает этому полимеру гибкость, эластичность. Ему присуща высокая атмосферостойкость и морозостойкость (от -60 до -70°C). Верхний температурный предел составляет 120÷170°C. Свойства полиуретанов близки к свойствам полиамидов. Из полиуретана вырабатывают пленочные материалы и волокна, которые малогигроскопичны и химически стойки.

10. **Полиэтилентерефталат** – күрделі кристалды полярлы полиэфир, **лавсан**, шетелде – **майлар**, **терилен** атауымен өндіріледі. 80°C артық қыздыру кезіде кристаллизациялана бастайды. Негізгі тізбектегі оттегінің болуына қатысты аяз төзімділігі (-70°C) жақсы. Бензолды сақина жылутөзімділікті жоғарлатады (балку температурасы 255÷275°C). Диэлектрлі және салыстырмалы жоғары химиялық төзімді,

Полярлы емес термопласттардың физика-механикалық қасиеттері

Материал	Тығыздык, кг/м ³	Жұмысшы температура, °С		Беріктік шегі, МПа			Салыстырмалы ұзару, %	Соққы тұтқырлығы, кДж/м ²	Ток газалғы кезіндегі диэлектрлі өткізгіштік 10 ⁶ Пц	Меншікті кедерлік, Ом*М	Электрлі беріктік, МВ/м
		max	min	$\sigma_{раст}$	$\sigma_{сж}$	$\sigma_{изг}$					
Полиэтилен: - ПЭВД - ПЭНД	913÷329	105÷108	-40, -70 және төмен	10÷17	12	12÷17	50÷ 600	Сын- байды	2,2÷2,3	10 ¹⁸	45÷60
	949÷953	120÷125	-70 және төмен	18÷35	20÷36	20÷38	250÷ 1000	Сондай	2,1÷2,4	10 ¹⁸	45÷60
Полипропилен	900	150	-15	25÷40	11	-	200÷ 800	33÷80	2,2	1017÷ 1018	28÷40
Полистирол	1050÷ 1080	90	-20	37÷48	90÷ 100	65÷105	1÷4	10÷22	2,5÷2,7	1016÷ 1018	20÷25
Фторопласт-4	1900÷ 2200	250	-269	15÷35	10÷12	14÷18	250÷ 500	100	1,9÷2,2	1019	35÷40

Полярлы е термопласттардың физика-механикалық касиеттері

Материал	Тығыздық, кг/м ³	Жұмысшы темпе- ратура, °С		Беріктік шегі, МПа			Салыстырмалы ұзару, %	Соқы түткір- лығы, кДж/м ²	Серпінділік модулі, МПа	Каттылық НВ	Сызықты көңейу коэф-ті $\alpha \cdot 10^6, ^\circ\text{C}^{-1}$	Жылуеткі- згіштік коэф-ті, Вт/м·К
		max	min	$\sigma_{\text{раст}}$	$\sigma_{\text{сж}}$	$\sigma_{\text{нғ}}$						
Фторопласт-3	2090±	125	-195	30±	-	60±	20±	20±	-	100±	6	0,2± 0,4
	2160			45		80						
Орг. шыны	1200	60	60	63±	100±	90±	8±	2900±	10±	10±	-	0,17± 0,19
	1400	65± 80	-10± -40	40± 120	80± 160	40± 120	5± 100	70± 80	2600± 3000	10± 160	-	-
Полиамиды	1100±	60±	-20±	38±	-	35±	80±	1200±	74±	74±	2±14	-
	1140	110	-60	60	-	70	125	1500	150	150	-	-
Поликарбонат, дифлон	1200	130± 140	-100± -135	70	-	24± 120	150	-	80± 160	80± 160	2,5±6	0,2
	1200	155± 250	-100	55± 120	105± 145	100± 125	15± 20	120	1650	-	-	0,2
Пентапласт	1400	150	20	80±	-	-	5±	12±	-	-	5±8	0,24
	1140± 1400	130	-40± -60	20± 55	85± 95	60± 85	10± 40	24± 140	-	110± 140	8	0,3
Полиметилм-такрилат	1200	60	-60	63±	-	90±	8±	8±	-	-	-	-
	2090± 2160	65	-10	40± 60	-	80± 120	50± 100	50± 100	-	-	-	-

Термореактивті пластмассалардың физика-механикалық қасиеттері

Материал	Тығыздық, кг/м ³	Ұзақ жасалатын температура, °С	Беріктік шегі, МПа			Салыстырмалы ұзару, %	Соққы түтқырлығы, кДж/м ²	Серпінділік модулі, МПа	Каттылық НВ, МПа
			$\sigma_{раст}$	$\sigma_{сж}$	$\sigma_{изг}$				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Ұнтақты:									
- ағашты ұнды резольды шайыр	1400	100÷ 110	30	50÷150	60	0,3÷0,7	5	6300÷ 8000	300÷ 400
- ұсақталған кварцті резольді шайыр	1700÷1850		28		45	0,6	3		300÷ 500
- кремний органикалық шайыр минералды толықтырғышты	160÷1800		25÷30		-	-	6÷12		300÷ 500
Талшықты:									
- талшықжіп	1350÷1450	110	30÷60	80÷150	50÷80	1÷3	9÷10,4	8500	250÷ 270
- асботалшықжіп	1950	200	-	110	70	4÷3	20	18000	300
- шыны талшық	1700÷1900	280	80÷500	130	120÷250	1÷3	25÷150	-	-
Қабатты:									
- гетинакс	1300÷1400	150	80÷100	160÷290	80÷100	1÷3	12÷25	10000	-

5.4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
- текстолит	1400	125	65÷100	120÷150	120÷160	1÷3	30	5000÷ 10000	-
- асботекстолит	1600	190	55	-	-	-	20÷25	20000	186÷ 300
- ДСП	1350	140÷ 200	180÷300	100÷180	140÷280	-	80÷90	18000÷ 30000	-
- шыны текстолит	1600÷1900	200÷ 300	250÷600	210÷260	150÷420	-	50÷200	18850÷ 30000	-
- СВММ	1800÷2000	200	350÷1000	350÷450	500÷700	-	180÷500	35000	-

5.5 кесте

Сәтінді тоқылған толықтырғышты шынытекстолиттердің кейбір физика-механикалық қасиеттері

Материал	Байланыстырушы заттар	Тығыздық, кг/м ³ ,	Созылу кезіндегі беріктік, МПа	Серпінділік модулі, МПа	Соқылықтың, кДж/м ² ,	Диэлектрлік өткізгіштік І	Пайдалану температурасы, °С
КАСТ-В	Фенолформальдегидті шайыр	1,5÷1,8	300÷500	18000÷ 25000	60÷90	3,8÷8,0	200
ВФТ-С	Сондай	1,7÷8,0	450÷550	22000	90÷125	4,25÷4,5	200
СК-9ФА	Кремний органикалық шайыр	1,8÷1,9	150÷350	18000÷ 25000	105	3,8÷7,0	250
Ст-911-1А	Эпоксидті шайыр	1,65÷1,75	400÷600	21000	480	4,25÷4,5	200

тропикалық ауа-райы жағдайына тұрақты. Одан тістегергіштер, кронштейн, аркандар, қайыстар, маталар, пленалар, талшықтар және т.б. жасалады.

11. **Поликарбонат** – күрделі полярлы кристалды көмір қышқылды полиэфир **дифлон** деген атаумен өндіріледі. Балку кезінде және келесі салқындауда онда сынғышты құрылымды қалыптастыруға болады. мұндай материал шыны тәрізді және мөлдір болады. Поликарбонаттарға иілімділік және біруақытта беріктік және қаттылық тән болады. материалдың үзілуі кезінде беріктік бойынша винипластка қатысты жақын және жоғары берікті тұтқырлықпен ерекшеленеді, ол салқынсынғышты емес. Ұзақты қыздыру кезінде, жұмсару температурасына дейін, үлгілер өзінің өлшемдерін сақтайды және төмен температура кезінде майысқақ болады. Поликарбонат тұз, сілті ертінділеріне химиялық тұрақты; жарықты жылу вакуумды ескіруге және жылу соққысына шыдамды, тропикалық тұрақты, бірақта ионизлеуші сәулеленудің әрекетіне қатысты төзімділігі шектеулі болады. Поликарбонаттан тістегергіштер, подшипниктер, автобөлшектер, радиобөлшектер және т.б. жасалады, криогенді техникада сұйық газды ортада жұмыс жасауға арналған. Иілгішті, берік қабыршақ түрінде қолданылады.

12. **Полиарилаттар** – күрделі полярлы гетертізбекті полиэфирлер. Оларға жоғары термиялық төзімділік және аяз төзімділік (-100°C дейін), жаақсы беріктік көрсеткіштері және қарсы фракциялық қасиеттер (эстеран) тән. Полиарилаттар радиациялықты және химиялық төзімді, техника қолданылмайтын терең вакуумде жұмыс жасайтын подшипниктерді жасау үшін қолданылады.

13. **Пентапласт** – хлорланған полярлы қарапайым полиэфир, баяу кристаллизацияланатын полимерлерге жатады. Майлау материалдарына өте төзімді, бұрғылау жабдықтарында нығыздағыш ретінде қолданылады. Поливинилхлоридпен салыстырғанда қызуға қатысты төзімді. Пенопласт беріктігі винипласт беріктігіне жақын, бірақта ол 180°C температураны ұсатйды және жақсы қалыптасады, салқынаққышты емес, қажалуға қатысты төзімді, электроқшаулау қасиеті, су төзімділігі қанағаттанарлықты. Химиялық төзімділігі бойынша фторопласт және винипласт аралығындағы аралықты жағдайды алады. Пентапластан құбыр, клапан, қабыршақ, және металдардағы қорғанысты қаптама, сорапты бөлшектер дәлді аспаптар жасалады.

14. **Полиформальдегид** – қарапайым полярлы сызықты полиэфир. Кристалдығы жоғары (75%) және өте тығызды кристалдардың

орамы мынандай үйлесімдікті, қаттылық, жоғары берікті тұтқырлық және серпімділікті береді. Қолданылатын температуралық аралық -40 ден 130°C дейін, ол суға төзімді, минералды майларға және бензинге қатысты төзімді. Тісті беріліс, тістегергіш, подшипниктер, клапандар, автомобильдер бөлшектері, конвейерлер және т.б. жасау үшін қолданылады.

15. Термотөзімді пластиктер. Олардың пайдалану температурасы 400°C дейін болады. Осы полимерлерде фениленді тізбектер иілгішті тізбектермен кезектеседі, сол кезде жаңа қатты тізбекті полимерлер тобы пайда болады, оларға тұрақты гетероциклдер енгізіледі. Циклді құрылымның тұрақтылығы 600°C дейін және артық. Оларға жатады:

– **хош иісті полиамид (фенилон)** – сызықты гетеріізбекті полимер, кристалдануға бейімді, ол ұзақ уақыт жұмыс жасау температурасы 250÷260°C (балқу температурасы 430°C), сұйық азот температурасы кезінде аяз төзімді, радиация және химиялық төзімділікке қатысты төзімділігі жоғары. Капронмен салыстыру бойынша қажу кедергілігі жоғары және тқзуға төзімді. Одан подшипниктер, екіпінді қондырғылардың нығыздағыш бөлшектері, тісті дөңгелек, электрберілісті бөлшектер, қабыршақ, талшық, қағаз (номекс) жасалады;

– **арилокс-полифениленоксид** – қарапым хош иісті полиэфир, аморфен, кристалдануы қиын, термиялық тұрақтылығы бойынша фенилон тұрақтылығы жоғары. Оны ұзаө уақыт 130÷150°C дейінгі температура кезінде қолдануға болады, химиялық төзімді, су сіңіргіштігі төмен, физика-механикалық сипаттамалары жақсы: $\sigma_p = 60\div84$; $\sigma_{сж} = 105\div115$, $\sigma_{изг} = 100\div125$ МПа; $\varepsilon = 20\div100\%$; $a = 40\div140$ кДж/м². Одан жабдықтар бөлшектері, оталық инструменттер, жоғары тазалықты қондырғылардағы оқшаулау жасалады;

– **полисульфон** – қарапайым хош иісті полиэфир, кристалдануы қиын полимер. Термиялық тұрақты, химиялық төзімді, беріктік қасиеттері бойынша полифениленоксидке қатысты жақын болады. Полисульфон қабыршақ, құйылған бұйымдар және -100 ден 175°C дейінгі (инертті атмосферада 400°C дейін) температура кезінде падалануға арналған қаптама түрінде қолданылады. Олан автомобильдер бөлшектері, білдектер, тұрмыстық машиналар, электртехникалық бұйымдар, баспахана қысқышына арналған металдандырылған матрицалар жасалады;

– **полиимидтер** – хош иісті гетерциклді полимерлер. Құрылымына тәуелді полиимидтер термопластикалы және терморективті болады. іс

жүзінде сызықты полиимидтер кеңінен қолданылады. Полиимидтердің механикалық ($\sigma_p = 90\div 130$, $\sigma_{сж} = 200\div 240$, $\sigma_{изг} = 180\div 230$ МПа, $\varepsilon = 4\div 20\%$, $a = 60\div 120$ кДж/м²) және электроқшаулау қасиеттері жоғары, жұмысшы температурасының диапазоны (-200 ден 300°C дейін) кең, радиацияға қатысты төзімді, жоғары температура кезінде терең вакуумда ұзақ жұмыс жасайды, жылжымалықты кедергілігі жақсы, қажалуға төзімді, үйкеліс коэффициенті төмен болады. полиимидтер негізінде лавсаннан кем емес берікті қабыршақтар алынады. Полиимидтер ертінділер, май, әлсіз қышқыл және негіздердің әрекетіне қатысты төзімді; су буы және қайнаған су ұзақ әсер еткен кезде бүлінеді конструкциялық, қарсы фрикциялық және электроқшаулау қолданысына арналған бұйымдарды жасау үшін қолданылады;

– **полибензимидазолдар** – хош иісті, гетерциклді түссіз полимерлер. Бірақта тізбектегі түйісен жүйелердің түсі қара түсті. Кристалды және сынғышты құрылымды, термопластикалы және терморективті болуы мүмкін. Термотөзімділігі жоғары (ауадағы ыдырау температурасы 300÷600°C), берікті көрсеткіштері жақсы, диэлектрлі қасиеттері жоғары болады. талшықтар отқа төзімді және термиялық төзімді болады. полибензимидазолдар негізіндегі композициялар абляциялық термоқорғанысты материалдар ретінде қолданылуы мүмкін. Қабыршақ, талшық, арнацы костюмдерге арналған маталар, ретінде қолданылады, одан подшипниктер, тістегергіштер жасалады, пластиктерді армирлеуге арналған баланыстырушы ретінде қолданылады.

16. Толықтырғышты термопласттар. Армирлеуші толықтырғыштар ретінде шыны талшық, асбест, органикалық талшық және маталар қолданылады. Талшықты толықтырғыштар полимерде күш түсетін қағқаны түзейді және осымен материалдар беріктенеді. Өндірістік көлемде ұсақ шабылған шыны талшықты толықтырғышты полиамидтер және поликарбонаттар қолданылады. Толықтырылмаған полимерлермен салыстыру бойынша шыныталшықтардың беріктігі ($\sigma_b = 90\div 149$, $\sigma_{сж} = 110\div 140$, $\sigma_{изг} = 150\div 220$ МПа) және жылутөзімділігі, қажалу кедергілігі және тозутөзімділігі жоғары, жылжығыштығы шамалы. Жұмысшы температура аралығы -60 ден 180°C дейін болады.

Синтетикалық талшық түріндегі (пропиленді талшық, капрон, лавсан, виол) толықтырғышты термопласт озықты материал саналады. мұндай талшықтардың байланыстырушы химиялық табиғаты жақын және беріктенуі (талшық және байланыстырушы бірге жұмыс жасады)

жоғары. Талшықты термопластардың жылжығыштығы шамамен 5 есе төмендейді, ұзақты беріктік он есе жоғарлайды.

Қабатты термопластар құрамында матаны толықтырушы ретінде әртүрлі талшықтар болады. жоғары берікті пластмассаны алу үшін полиамидтер, армирленген шыны маталар қолданылады. Капрон (П-6), армирленген шынымата, оның механикалық қасиеті жоғары: $\sigma_B = 400 \div 430$, $\sigma_{сж} = 280 \div 300$, $\sigma_{изг} = 450 \div 500$ МПа, $a = 250 \div 300$ кДж/м² және 220°C дейін жұмыс жасайды. Талшықты термопластардан подшипниктер, тісті берілістер, құбырлар, бұранда, зиянды ортаға арналған сыйымдылықтар және т.б. жасалады [1, 10].

5.3.4. Термореактивті пластмассалар

Термореактивті пластмассалар термореактивті шайыр негізінде жасалады, байланыстырушы заттар: фенолформальдегидті, аминокальдегидті, эпоксидті, полиимидті, кремний органикалықты, қанықпаған полиэфирлер саналады. пластмасса осы шайырлар негізінде термопластардан жоғары жылутөзімділігі, оларды пайдаланудағы температуралық аралықтағы физика-механикалық қасиетті тұратылықпен ерекшеленеді, жылжымағыштыққа қатысты бейімді емес, беріктігі жоғары, жоғары температура кезінде жұмыс жасауға қабілетті. Шайыр толықтырғыштың жеке қабаты ретінде желімделеді, өйткені элементарлы талшық олармен бірге біруақытта жүктемені қабылдайды, сондықтан байланыстырушы зат қатқаннан кейін материал қабатталған кезде үзілуде жеткілікті берікті болу керек. Жоғары адгезиялықты қамтамасыз ету үшін байланыстырушы полярлы болу керек. Қажетті, байланыстырушы және толықтырушы сызықты кеңейудің температуралық коэффициенттері шамалары бойынша жақын болады.

1. **Ұнтақты толықтырғышты пластмассалар.** Толықтырғыштар ретінде органикалық (ағашты ұн) және минералды (ұсақталған кварц, асбест, слюда, графит және т.б. ұнтақтар қолданылады. Дайын бұйымдар тікелей не 15÷185°C кезінде құюмен престеумен алынады. Ұнақты пластмассалар қасиеттері (пресс-ұнтақ) изотроптылығымен, механикалық беріктігінің жоғары еместігімен және төмен соққы тұтқырлығымен сипатталады, электроқшаулау көрсеткіштері қанағаттанарлықты. Пресс-ұнтақ маркасы әріп және цифр жиынтығынан құралады. К әрпімен «композиция» деген сөз белгіленеді. Одан кейінгі сан – байланыстырушы шайыр нөмері (мар-

касы), ал цифр белгілі толықтырғышқа сәйкес болады. Сонымен 1 цифрі, толықтырғыш целлюлоза екенін білдіреді, 2 – ағаш ұны, 3 – слюдті ұн, 4 – плавикті шпат, 5 – ұсақталған кварц, 6 – асбест. Марка К-220-21 белгіленеді, бұл пресс-ұнтақ №220 резольды шайыр негізінде жасалғанын және толықтырғыш: ағаш ұны және целлюлозалар екенін білдіреді. Жасау үшін қолданылады:

- жаңа әзірленген шайыр негізіндегі жалпы қолданысты аз жүктелген бөлшектер, шамалы механикалық жүктеме жағдайында жұмыс жасады, жоғары кернеулі ток әсері 10 кВ артық емес және температура 60°C жоғары емес;
- резольды шайыр негізіндегі электртехникалық қолданысты бөлшектер, 200°C артық емес температура кезінде 20 кВ артық емес кернеулі ток әсерін ұстайды;
- су және жылу төзімділігі жоғары, соққыға берікті, химиялық төзімді, қисықты төзімді бөлшектерді

Минералды толықтырғыштар пластмассада сулы, химиялық төзімділікті, жоғары электроқшаулау қасиеттерін, тропикалық климатқа қатысты тұрақтылықты қалыптастырады. Эпоксидті шайыр негізіндегі композициялар машинажасау саласында әртүрлі инструменталды құралдарды, соңу және қалыптау штамптарын, білдектер корпустарын, жинау және тексеру құрылғыларын, құю моделдерін, кофирлер және т.б. қондырғыларды жасау үшін қолданылады. Олар тозған бөлшектер және құймаларды қалпына келтіру үшін қолданылады.

2. Талшықты толықтырғышты пластмассалар. Салыстырмалы жоғары емес физика-механикалық қасиетті. Талшықты толықтырғыштарды пайдалану беріктікті жоғарлатуға мүмкіндік береді. Талшықты толықтырғыштар ретінде әдетте ұзын талшықты асбестер, мақталы целлюлоза, шынылы талшық қолданылады.

Фенолформальдегидті біланыстырушы сіңірілген мақталы целлюлозды толықтырғышты пресс-материалдар талшықжіп деп аталады. Ұнақты пресс-материалдармен салыстыру бойынша олардың соққы тұтқырлығы біршама жоғары болады. Талшықжіптерілу және бұралумен (қолсаптар, тіркулер, фланцтер, бағыттаушы төлкелер, шкивтер, маховиктер және т.б.) жұмыс жасайтын жалпы техникалық қолданысты бөлшектерді жасау үшін қолданылады.

Толықтырғышты асботалшықжіптер байланыстырушы – фенолформальдегидті шайырлы асбет саналады. Асботалшықжіптердің фрикциялық (тежеу) қасиеттері жақсы және жылутөзімділігі жоғары (200°C жоғары), қышқылды ортаға қатысты тұрақты, бірақта су

ткзiмдiлiгi және диeлектрлi қасиеттерi бойынша пресс-ұнтақтан төмен, салыстырмалы жоғары еместi берiктi және аққыштығы аз, сондықтан олардан жұқақабырғалы бұйымдарды жасау қиындық тудыртады. Тежеу қондырғылары ретiнде қолданылады.

Синтетикалық шайыр шынылы талшықпен толықтырылған кезде **шыныталшықжiпi** алынады, оның меншiктi берiктiгi жоғары, бұл дегенiмiз, тығыздыққа қатысты жатқызылған берiктiк саналады, тербелiстi және белгiауыспалы жүктемелер, тоттануы, микро-организмдердiң әсерiне қатысты кедергiлiгi жақсы. Бағдарланбаған шыныталшықжiптер құрамында толықтырғыш ретiнде қысқа талшықтар болады. материал изотропты жоғары механикалық сипаттамалы; күштi электртехникалық бөлшектердi, машинажасау бөлшектерiн (реттығын, сораптар нығыздағыштары және т.б.) жасау үшiн қолданылады. **Бағдарланған шыныталшықжiптер** құрамында толықтырғыш ретiнде жеке иiру бағдарлы орналасқан ұзын талшықтар болады және мұқият байланыстырушымен желiмделiнедi; бұл өте жоғары шыныпластик берiктiгiн қмтмасыз етедi. Шыныталшықжiптер -60 ден 200°C дейiнгi температура кезiнде, сонымен бiрге тропикалық жағдайда жұмыс жасайды, үлкен инерциялық жүктемелердi ұстайды. Екi жыл iшiндегi ескiру коэффициентi 0,5÷0,7. Терморекативтi пласт-массалардың физика-механикалық қасиеттерi 5.4-кестеде келтрiлген.

3. Қабатты пластмассалар күштi конструкциялық жәнеөңдеушi материалдар саналады. табакты толықтырғыштар, қабатпен төселген, пластикте анизотроптылықты қалыптасырады, құрылымы қабатты. Радио және электртехникада, машинажасау, химиялық өндiрiсте, құрылыс салаларында кеңiнен қолданылады.

Гетинакс модифицирленген фенольды, анилиноформальдегидтi және карбамидтi шайыр және әртүрлi қағаз сорттары негiзiнде жасалады. Қолданысы бойынша электртехникалық және безедiрушi болып бөлiнедi. 120÷140°C температура кезiнде қолданылады. Гетинакс май және минералды майларға қарсы төзiмдi, сiрке, тұз қышқылына әлсiз сезiмталды, бiрақта қатты қышқылдар және ыстықты сiлтiлер әрекетiне олар төзiмсiз. Электр және радиотехника, әсiресе радио-қабылдағыштар және теледизорлар үшiн баспа сұлбаларын, ұшақтың, темiржол вагондарын, кеме каюталарын, жолаушылар кабиналарын қаптау үшiн, құрылыс саласында қолданылады.

Текстолит (байланыстырушы – терморекативту шайыр, толықтырғыш – мақтақағазды маталар) тербелiстi жүктемелердi сiңiру қабiлетi шамалы, шыңдалуға қарсы кедергiлiгi жақсы. Қолданысқа қатысты

тестолиттер конструкциялық, электртехникалық, графиттелген, иілгішті төсемді болып бөлінеді. Тестолит конструкциялық материал ретінде подшипниктерді, тістегергіштерді, төсемді сақиналарды, тісті дөңгелектерді жасау үшін, илектеу стандартында, центробежді сораптарда, турбиналарда және т.б. қолданылады. Падалану температурасы 60 ден +80÷90°С дейін болады.

Ағашты-қабаты пластиктер (АҚП) фенол және-крезольно-формальдегидті шайыр сңіген, және табақ не плита түрінде престелген жұқа табақты ағаш шпонынан құралады. Қарсы фрикциялық қасиеті жақсы, кейбір жағдайда олар жоғары қалайылы қола, баббит, тестолит орына қолданылады. АҚП химиялық төзімділігі, қалыпты ағашпен салыстырғанда өте жоғары емес. АҚП жылутөзімділігі 140°С жетеді. Олардың кемшілігіне, судың сіңуіне қатысты ісінуі жатады. АҚП конструкциялық және қарсы фрикциялық материал ретінде кемежасау, теміржол көлігі, машинажасау саласында және электртехникалық өнеркәсіпте қолданылады; олардан тістегергіш, подшипник төсемдері, төлкелер, автомобильді және теміржол вагондарының, қайықтар, тігін машиналарының бөлшектері жасалады.

Асботекстолит – бұл қабаты, кіріспелі спирт ертіндісі сңген және ыстықтай престелген асбестті маталы пластиктер. Құрамының 38÷43% байланыстырушы, қалған – асбесті мата. Жылутөзімділігі жоғары, диэлектрлі көрсеткіші басқа қабаты пластиктермен салыстырғанда төмен. Конструкциялықты, фрикциялы және термооқшаушау материалы саналады. Кремний органикалық байланыстырушы (300°С) материалдардың жылутөзімділігі өте жоғары, алмеханикалық беріктігі фенолды асбопластиктерден жоғары болады. Асботекстолит 1÷4 сағат ішінде 250÷500°С температураға шыдайды және қысқамерзімді 3000°С және артық болады. Олар тежеу қондырғыларын (майлаусыз үйкеліс коэффициенті 0,3÷0,38), майлау майымен (0,05÷0,07), төсемдер, трубогенераторлар бөлшектерін, фрикциялық дискілерді, ротациялық бензосораптардың күрекшелерін және төмен және жоғары температура кезінде жұмыс жасайтын әртүрлі қондырғыларды жасау үшін қолданылады.

Шынытекстолиттерде толықтырғыш ретінде шынылы мата қолданылады. жоғары механикалық беріктіктің аз тығыздықпен үйлесімділігі, жақсы жылутөзімділікті шынытекстолиттер техника, металдардың көптеген салаларында кеңінен қолданылоады. Олар білдекте жақсы өңделеді. Олар конструкциялық материал ретінде ұшақжасау, зымыранды техника, радиотехника салаларында,

